**Қылмыспен күресуде ғылыми-техникалық әдістер мен құралдарды тиімді пайдалану туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1993 жылғы 31 мамыр N 210. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 21 қарашада тіркелді. Тіркеу N 23. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Ішкі істер мекемелері криминалистік-сараптау бөлімшелерінің қылмыс пен күресуде криминалистикалық әдістер мен құралдарды толық пайдалану мәні мен жауапкершілігін арттыру және қылмыс істерін тергеуде сенімді, ғылыми тиянақты дәлелдердің негізін даярлау мақсатында, бұйырамын:

1. Мыналар бекітілсін:

1.1. Ішкі істер мекемелері криминалистикалық-сараптау бөлімшелерінің жұмысы жайлы Нұсқау.

1.2. Ішкі істер мекемелері криминалистикалық-сараптау бөлімшелерінің криминалистикалық сараптаулары мен зерттеулерін жүргізу жөніндегі Ереже.

1.3. ІІМ, ІІББ, ІІБ, ТІІБ-ның анықтау ақпарат қорлары мен криминалистикалық есептерін ұйымдастыру және жүргізу туралы Нұсқау.

1.4. Сарапшылардан емтихан алу мен оларға криминалистикалық сараптауды жеке-дара жүргізу куәлігін беретін мамандық-сараптау комиссиясы туралы Ереже.

1.5. Қылмыспен күресуде ғылыми-техникалық құралдар мен әдістерді (ҒТКӘ) меңгеруде және қолдануда басшылар құрамына шұғыл-іс қызметкерлеріне, тергеушілерге деген мамандық Талап.

2. Облыстар мен транспорттағы ІІБ, Алматы қаласы ІІББ, Ленин қаласы ІІБ-і бастықтарына:

2.1. Ішкі істер мекемелерінің шұғыл-басқарушы құрамы мен тергеушілері осы бұйрықты және оның қосымшаларын оқып-білетін болсын. Істердің шын мәнін есептей отырып, осы бұйрықтың талаптарын орындаудың, ұйымдастырушылық және практикалық шаралары зерттеліп іске асырылсын;

2.2. Криминалистикалық құралдар мен әдістердің шұғыл қызмет және тергеу жұмысында қолданылу қорытындысы жарты жылда кемінде бір рет шұғыл-іс жиналыстарында қаралып тұрсын. ІІБ-нің тергеу мен шұғыл-істер қызметінің бірінші басшыларын тыңдап тұру әдетке айналсын. Кемшіліктер мен оларды тудыратын себептер жан-жақты талдансын, оларды болдырмау шаралары

қолданылсын;

2.3. Қылмыс істерін тергеудегі криминалистикалық-сараптау бөлімшелердің негізгі міндеті - қылмыскерлерден қалған іздер мен заттай айғақтарды түгелдей іздеп тауып алу, сапалы зерттеу, ғылыми дәлелді айғақтардың негізін қалап шұғыл-іздестіру шаралары мен тергеу әрекеттерін криминалистикалық техника жағынан толық қамтамасыз ету болып табылады;

2.4. Қалауджел ІІБ-і бастықтарының қолда бар криминалистикалық техниканы тиімді пайдалану жауапкершілігі арттырылсын. Криминалистикалық-сараптау бөлімшелері мамандарының қылмыс іздерін іздеп-табу, орнықтыру, қылмыскерлерді іздестіру, айқындай істерінде шұғыл-қызмет-тергеу топтарына қосылуы қамтамасыз етілсін;

2.5. Ғылыми-техникалық құралдар мен әдістерді практикалық-үйлесімді қолдану бағытында тергеу мен шұғыл-істер қызметкерлерін және сарапшыларды қызметке дайындау жүйесінде, мамандық талаптар шеңберінде, үздіксіз оқыту ұйымдастырылып, ол іске асырылсын. Оқытуға оқу орындарының профессорлар мен мұғалімдер құрамы, басқа министерстволар мен ведомстволардың тәжірибелі мамандары, ІІМ-ІІБ-ның басқарушы құрамы тартылсын. Әр-бір қызметкердің техникалық дайындық деңгейі, оның қызметте жылжыуы мен кезекті атақ аларында ескеріліп, аттестациясында көрсетілсін;

2.6. Криминалистикалық сараптаулардың, зерттеулердің және ашылмаған қылмыс орындарынан тауып алынған іздер мен заттай айғақтар картотекаларының, коллекцияларының жәрдемі мен қылмыс жасаушыларды анықтауда сарапшылардың, тергеушілердің және шұғыл-іс қызметкерінің күш-жігері жұмылдырылсын.

Қылмыстарды ашу бағытында мамандандырылған бөлімшелер құрылған жағдайда, олардың құрамына сарапшылардың тиісті мамандары енгізілсін;

2.7. Криминалистикалық-сараптау бөлімшелері, олардың бекітілген штаттық сан құрамына сәйкес, жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін сан құрамы немесе ІІБ, ТІІБ-сы штаттарын қайта бөлу есебінен кадрлармен нығайтылсын;

2.8. Криминалистикалық-сараптау бөлімшелері қызметкерлерінің, олардың өздерінің міндетті істерінен бөлек жұмыстарға пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

2.9. ІІББ, ІІБ, ТІІБ-сы криминалистикалы-сараптау бөлімшелері бастықтарына криминалистикалық сараптаудың барлық түрлерінің әдістемелерін меңгеру мақсатында сарапшылардың дайындығын 1994 жылға дейін аяқтау міндеті жүктелсін.

3. Криминалистикалық-сараптау басқармасына:

3.1. Криминалистикалық-сараптау бөлімшелердің іс-әрекетін бақылау тиімділігін көтеру шаралары, сол мақсатта компьютер техникасын пайдалану,

1993 жылдың аяғына дейін жүзеге асырылсын;

3.2. Ішкі істер мекемелері криминалистикалық-сараптау бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жайлы осы бұйрықтың талаптарының орындалуы ІІБ, ТІІБ-да оқтын-оқтын тексеріліп тұрсын;

3.3. Қылмыспен күресуде ғылыми-техникалық әдістер мен құралдарды пайдаланудың жайы сәтсіз қалыптасқан жерлерде, қажеттігіне қарай, сол ІІБ, ТІІБ-ның бастықтарының есебі ІІМ-нің басшысында тыңдалып тұрсын;

3.4. Негізгі бағыттағы жұмыстардан жоғарғы көрсеткіштерге жеткен, жарамды тәжірибелі ІІББ, ІІБ, ТІІБ-ның криминалистикалық-сараптау бөлімдері кем дегенде екі жылда бір рет анықталып, сол жерлерде криминалистикалық-сараптау бөлімшелерінің басшыларының тәжірибе алмасу жұмысы ұйымдастырылсын.

Аса күрделі және қайталанған сараптаулар тағайындалған кезде жоғарғы мамандығы бар сарапшылардың, сондай-ақ толық аймақтық криминалистикалық-сараптау бөлімшелерінің тізімі (тергеу мен шұғыл-іс аппараттары үшін) жыл сайын Қазақстан Республикасы ІІМ-нің " Тергеу-криминалистикалық бюллетенінде" жарияланып тұрсын;

3.5. 1993-1994 жылдары ІІБ, ТІІБ-ның барлық криминалистикалық-сараптау бөлімдері лабораториялық жабдықтармен қамтамасыз етілсін ( хроматографтармен, спектрлық талдау аппаратурасымен, микроскоптармен, тағы басқа техникамен; ПЭВМ негізінде дактилоскопиялық жүйелермен; компьютерлермен және портреттік ұқсастырудың тиісті бағдарламаларымен, " Видеотека"; видеоаппаратураның жаңа үлгілерімен; фото және іздеу техникасымен).

4. ТББ (А.В.Орлик ж.) ҚІББ (Н.М.Дейхин ж.), ЭҚКББ (Р.А.Ибраимов ж.) ҰҚЖКББ (А.М.Бейсенов ж.) әр қызмет орны бойынша қылмыстарды ашу, анықтау, тергеуде криминалистикалық әдістер мен құралдардың қолданылуына бақылау қойылсын. Осы мәселе кем дегенде жарты жылда бір рет шұғыл-істер жиналысында тыңдалсын.

5. КООБ (Т.С.Ермағамбетов ж.), АЖМ (Э.О.Басаров ж.), КСБ (Г.И.Поврезнюк ж.) 1993 оқу жылынан бастап, тергеушілер даярлаудың лимитінен жыл сайын, сарапшы-криминалистер дайындау үшін 30 адамнан құралған тыңдаушылар тобы бөлініп тұрсын. Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 1993 жылғы N 39 бұйрығына тиісті қосымша енгізілсін. 1993 жылы АЖМ-нің криминалистика және соттық-сараптау кафедрасының жанынан криминалистикалық-сараптау лабораториясы құрылсын. Онда криминалистикалық және арнаулы зерттеулердің кейбір түрлері бойынша сарапшылар даярланып, қайта даярланып, сараптауды жеке-дара жүргізу құқы-куәлігі берілетін болсын.

6. Қазақстан Республикасы ішкі істер мекемелерінде қолданылып жүрген

ССРО ІІМ-нің мына бұйрықтары күшін жойсын:
- "Ішкі істер мекемелері криминалистикалық-сараптау бөлімшелерінің қызметіндегі тиімділікті арттыру туралы" 1989 жылдың 30 қарашасындағы N 300 ;
- "ССРО ішкі істер мекемелері криминалистикалық бөлімшелерінде сараптауды жүргізу Ережесін бекіту туралы" 1970 жылдың 6 наурызындағы N 65 ;
- "ССРО ІІМ ОКЛ-да жалған құжаттардың картотекасын құру жөнінде" 1972 жылдың 10 шілдесіндегі N 198.

Қазақ ССР ІІМ-нің "мамандық-сараптау комиссиясын құру туралы" 1990 жылғы 12 желтоқсандағы N 297 бұйрығы күшін жойды деп саналсын.

7. ІІМ, ІІББ, ТІІБ, қалауджел ішкі істер мекемелерінің шұғыл-істер, тергеу, сараптау бөлімшелерінің және алдын-ала тергеу мекемелерінің қызметкер құрамдары бұйрықты оқып-білсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауға алу Қазақстан Республикасы ІІМ КСБ-сы мен осыған мүдделі қызмет орындарында жүктелсін.

Министрдің м.а.
милиция полковнигі

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің
1993 жылғы 31 мамырдағы
N 210 бұйрығына сәйкес

**Ішкі істер мекемелері криминалистикалық-сараптау бөлімшелерінің жұмыстары жайлы**
**Нұсқау**

## I. Жұмысты ұйымдастырудың негіздері

### 1.1. Жалпы ереже

1.1.1. Криминалистикалық-сараптау орындары - басқармалар, бөлімдер, бөлімшелер, топтар, лабораториялар - ішкі істер министерствосының, облыстардағы, қалалардағы, транспорттағы, сондай-ақ кіші қалалардағы, аудандардағы, желілердегі<*> ішкі істер мекемелерінің <**> жеке-дара құрылым бөлшектері болып саналады.

Ескерту. <*> Әрі қарай "қалауджел" деп оқылады.

Ескерту. <**> Бұдан былай қалалық, аудандық ішкі істер мекемелері мен транспорттағы ішкі істер мекемелері "ішкі істер бөлімдері" деп аталады (егер басқаша атау ерекше берілмесе).

1.1.2. ІІМ, ІІБ, ТІІБ-сы криминалистикалық-сараптау бөлімшелерінің сан-құрамын (штатын) ішкі істер министрі, ал қалауджел ішкі істер мекемелерінің сан-құрамы - ІІБ, ТІІБ-ның бастығы бекітеді.

1.1.3. Криминалистикалық-сараптау бөлімшелер өз жұмысында Қазақстан

Республикасының заңдарын, ІІМ-нің мөлшері актыларын және осы Нұсқауды басшылыққа алады.

1.1.4. ІІБ, ТІІБ, қалауджел ішкі істер бөлімдері криминалистикалық-сараптау орындарында ұйымдастыру-әдістемелік басшылықты Қазақстан Республикасы ІІМ-ның криминалистикалық сараптау басқармасы <***> жүргізеді.

Ескерту. <***> Әрі қарай текст бойынша "негізгі бөлім".

1.1.5. ІІМ-нің белгілеген зонаға енетін ішкі істер мекемелерінің тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етеді.

Негізгі бөлімдер, қызмет атқару үшін бекітілген зонадағы ішкі істер мекемелері лабораторияларында жинақты пайдалануға қажетті талдау аппаратурасының болмауына байланысты, сараптаулардың ең күрделі және жаңа түрлерін толық пішінде жүргізеді, сонымен қатар өздері құрамына енетін ІІБ-сы үшін заттарды, материалдарды, бұйымдарды сараптаудың және зерттеудің барлық түрлерін жасайды.

1.1.6. Ішкі істер мекемелерінің ауданаралық бірлескен криминалистикалық-сараптау бөлімшелері бірнеше ішкі істер бөлімдерінің тапсырмаларын орындайды. Олардың қызмет атқару зонасын ІІБ-сы белгілейді.

1.1.7. ІІМ, ІІБ, ТІІБ-сы криминалистикалық-сараптау орындарының іс-әрекеті, олардың қызметкерлерінің немесе құрамды бөлшектемелерінің, сараптауды түрге бөліп мамандандыру жолымен құрылады. Әр бөлімшелерде сарапшылардың мамандандырылуы, олардың бірін-бірі алмастыра алатындай жағдайда жүргізіледі.

### 1.2. Негізгі міндеттер

1.2.1. Ішкі істер мекемелерінің тергеу және шұғыл-іздеу орындарының тапсырулары бойынша іздерді, айғақ-дәлелдерді іздеп-табу, бекіту, іске тіркеу және зерттеу үшін криминалистік құралдар мен әдістерді қолдану.

1.2.2. Ішкі істер мекемелері тергеу және шұғыл-іздеу орындарының жұмысына криминалистикалық құралдар мен әдістерді сіңдіру, оларды қылмыстың алдын-алу, оны айқындау, ашу және тергеуде белсенді пайдалану қамтамасыз ету.

### 1.3. Негізгі қызметтері

1.3.1. Қылмыс істері бойынша криминалистикалық сараптаулар жүргізу, сондай-ақ ішкі істер мекемелерінің тексеріс материалдары бойынша зерттеулер жасау.

1.3.2. Криминалистикалық-сараптау бөлімшелері қызметкерлерінің тергеу ісіне және іздеу шараларына маман ретінде қатысу.

1.3.3. Криминалистикалық мәліметтік және шұғыл-іздеу картотекалары мен коллекцияларын жүргізу, басқа бөлімшелер мен бірге қылмыстарды ашу бағытында оларды пайдаланудың белсенділігін арттырудың шараларын өңдеп,

жүзеге асыру.

1.3.4. Қылмыстарды жасауға мүмкіндік туғызатын жағдайларды анықтау, сараптау практикасының материалдарын талдау және криминалистикалық-сараптау бөлімшелер қызметінің басқада үлгілерінің негізінде оларды жою ұсыныстарын жасау.

1.3.5. Тергеу және шұғыл-іздеу орындарымен бірге криминалистикалық құралдар мен әдістердің қолдану практикасына талдау жүргізу, осы жұмыстың ұйымдастырылуы мен сапасын жетілдіру үшін практикалық шараларды өңдеу мен іске асыру.

1.3.6. ІІБ, ТІІБ, ішкі істер бөлімдерінің тергеу және шұғыл-іздеу бөлімшелеріне криминалистикалық құралдар мен әдістерді қолдануды ұйымдастыруда практикалық және әдістеме көмегін көрсету, олардың қызметкерлерін қылмыспен күресудегі криминалистикалық-сараптау бөлімшелерінің мүмкіндіктері жайлы мәліметтер мен қамтамасыз ету.

1.3.7. Қылмыстардың алдын-алу, оларды анықтау, ашу және тергеуде криминалистикалық әдістер мен құралдарды пайдалануды ұйымдастырудағы алдыңғы тәжірибені қорыту, тарату және сіңіру.

1.3.8. Криминалистикалық-сараптау бөлімдеріндегі криминалистикалық техниканы пайдалану, метрология және жөндеу жайлы шараларды ұйымдастыру және іске асыру; ІІМ, ІІБ, ТІІБ-сы ішкі істер бөлімдеріне техниканы пайдаланудың тиімділігін арттыру жайлы ұсыныстар енгізу; Қазақстан Республикасы ІІМ-і бекіткен техниканың тиемелді табелдерін жасауға қатысу.

1.3.9. Ішкі істер мекемелерінің қызметкерлерін іздер мен заттай дәлелдемелерді іздеп-табу, бекіту, іске қосу тәсілдері мен әдістерін, сонымен қабат оларды, қылмыстарды ашу, тергеу мүмкіншіліктеріне пайдалауды үйретуге қатысу.

1.3.10. Қолда бар криминалистикалық техниканы жетілдіру, өзгерту мақсатында рационалдық және өнер тапқыштық жұмыстарын жүргізу.

1.3.11. Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық бағытта қамтудың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

**1.4. Жұмыстарды жоспарлау**

1.4.1. Криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің жұмыстары Қазақстан Республикасы ІІМ-нің белгілеген жолымен жоспарланады.

1.4.2. Криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің жұмыс жоспарлары мына бағыттағы қызметтерді қамтиды:

1.4.2.1. Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық жағынан қамтуды ұйымдастыру; қылмыспен күресте криминалистикалық әдістер мен құралдарды пайдаланудың және қылмыстың жеке түрлерінің алдын-алу, оларды ашу, тергеу нәтижесін зерттеу; оқиға болған жерлерді қарау ісіндегі және

сараптау мен зерттеуге материалдар дайындаудағы жетіспеушіліктерді анықтау; басқа мекемелермен қарым-қатынастағы алдыңғы тәжірибені қорыту және тарту; әдістеме ұсыныстарын, бағыт-хаттарын, шолуларын, мөлшерлеу құжаттарын дайындау.

1.4.2.2. Бөлімдердің қызметін ұйымдастыруды жетілдіру: мамандардың кәсіби шеберлігін көрсету және жұмыстың даму үлгісін ұйымдастыруды үгіттеу мақсатындағы іскерлік қорытынды жиналыстар, семинарлар; кадрлармен жұмыс істеу мәселелерін (таңдау, орналастыру, жоғарлатуға кадр қорын құру) дайындау .

1.4.2.3. Мөлшерлеу құжаттарының орындалуын бақылау: ішкі істер мекемелерін тексеруге, бақылау тексерісіне қатысу, оларға практикалық жәрдем көрсету; криминалистикалық сараптау бөлімдері басшыларының есептерін тыңдау; ІІМ, ІІБ, ТІІБ-сы басшыларына қылмыспен күресте криминалистикалық әдістер мен құралдарды пайдалануды жетілдіру жайлы ұсыныстар дайындау.

1.4.2.4. Техникалық жасақтауды жетілдіру: криминалистикалық техникаға деген сұранымды зерттеу, белгіленген тәртіп бойынша оны алудың сұранысын дайындау орындарына жіберу; іздер мен заттай айғақтарды іздеп-табудағы, орнықтырудағы, іске тіркеудегі және зерттеудегі жаңа және қолда бар криминалистикалық әдістер мен құралдарды сіңістіру, жетілдіру; криминалистикалық картотекалар мен коллекциялардың жұмысын ұйымдастыру және техникалық жағынан қамтамасыз ету; криминалистикалық құралдардың техникалық (регламенттік) күтімі мен жөнделуін жақсарту; кино-фотоматериалдардағы тағы басқа бұйымдарды пайдаланудан түскен қымбат металдарды жинап Мемлекет қорына өткізу.

1.4.2.5. Криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің жоспарларына шұғыл-істер ерекшеліктеріне және басқа әділ жағдайларға байланысты қызметтің басқа бағыты да ескерілуі мүмкін.

1.4.2.6. Криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін жоспарлау.

1.4.3. Жоспарлардың жобасын өңдегенде мыналар ескеріледі:

1.4.3.1. Қазақстан Республикасы ІІМ, ІІБ, ТІІБ, ішкі істер бөлімдерінің бұйрықтары мен сілтемелерінің талаптары.

1.4.3.2. Қылмыстың деңгейі мен құрылымы, қылмыстың жеке түрлерін ашу мен тергеу жұмысының барысы, нақтылы криминалистикалық әдістер мен құралдардың қолданылуындағы кемшіліктер.

1.4.3.3. Қылмыспен күрестегі криминалистикалық әдістер мен құралдарды пайдалануды қамтамасыз етудің ұйымдастыру қалі, бұрынғы жоспарлардағы шаралардың орындалу барысы.

1.4.3.4. Криминалистикалық-сараптау орындарының оған жүктелген міндеттері мен қызметтеріне сәйкес жұмыс қорытындысы.

**1.5. Криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің ішкі істер мекемелерінің басқа қызмет орындарымен қарым-қатынастарының негізгі үлгілері**

1.5.1. Қылмыспен күресудегі криминалистикалық әдістер мен құралдарды тиімді пайдаланудың ұйымдастырушылық шараларын бірге жасау.

1.5.2. Айқын емес жағдайларда істелген қылмыстарды ашу мен тергеуде криминалистикалық-сараптау бөлімдері қызметкерлерінің криминалистикалық әдістер мен құралдарды пайдалана отырып алдын-алу шараларға, тергеу қимылдарына, пікір (версия) ұсыну мен тексеруіне қатысу.

1.5.3. Нақтылы, сондай-ақ қылмыстарды жекелеген түрлерін ашудағы сарапшылардың тергеу шұғыл-істер топтарындағы жұмысы.

1.5.4. Қылмыс жасалған жерлерінен іздер мен заттай айғақтар тауып алынса да, ашылмай қалған қылмыстардың іс материалдарын зерттеу, оларды мақсатты бағытта пайдаланудың шараларын қолға алу.

1.5.5. Шұғыл-іздестіру шараларында ғылыми-техникалық әдістер мен құралдарды кең пайдалану үшін мамандарды қатыстыру.

1.5.6. Жұмысқа ғылымның жетістіктері мен алдыңғы тәжірибені енгізу мақсатында шолулар, мәліметтер және әдістеме материалдарын дайындау.

**1.6. Өзге министерстволар мен ведомстволардың мамандарын, КСБ-ның штаттан тыс қызметкерлерінің көмегін пайдалану**

1.6.1. Криминалистикалық-сараптау бөлімдері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үстінде басқа министерстволар мен ведомстволардың ғылыми-зерттеу, сараптау тағы басқа ұйымдарының, кәсіпорындарының, мекемелерінің көмегіне мына мақсаттарға сүйене алады:

1.6.1.1. Сараптау мен зерттеу жүргізгенде, аппаратура мен аспаптарды пайдаланғанда, мамандарды келісім-шартпен кеңес алуға тарту.

1.6.1.2. Келісім-шарт бойынша, криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің қызметкерлерін жаңа аппаратураны және заттай айғақтарды зерттеу әдістемесін меңгерту үшін мерзімді сынақтан (стажировкадан) өткізу.

1.6.1.3. Заттай айғақтарды іздеп-табу, бекіту, зерттеу тәсілдерін жаңа криминалистикалық әдістерді жетілдіру және өңдеу.

1.6.2. Өзге министерстволар мен ведомстволар тартылған мамандардың еңбегі белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы ІІМ-нің сметасының тиісті бабынан өтеледі.

1.6.3. Криминалистикалық-сараптау бөлімдер штаттан тыс қызметкерлердің көмегін белгіленген тәртіп бойынша пайдаланады. Штаттан тыс қызметкерлер бірлесіп істеудің мына түрлеріне тартылуы мүмкін:

1.6.3.1. Тергеу қимылдарына маман ретінде.
1.6.3.2. Сараптауларды жүргізуге.
1.6.3.3. Заттай айғақтарды зерттеуде криминалистикалық әдістер мен құралдарды жетілдіру мен өңдеуге.
1.6.3.4. Лаборатория жабдықтарын, криминалистикалық техниканы, ішкі істер мекемелерінің криминалистикалық-сараптау бөлімшелеріндегі басқа аппаратураларды жөндеу мен жөнге келтіру.
1.6.3.5. Видеофото жұмыстарын орындауға.
1.6.4. Штаттан тыс қызметке таңдау, жұмысқа алу, оның жұмысын ұйымдастыру белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

## 2. Криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің қызметкерлерінің тергеу қимылдарына маман ретінде қатысуы. Сараптауларды жүргізу

### 2.1. Криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің қызметкерлерін тергеу қимылдарына қатысуға тарту

2.1.1. Криминалистикалық-сараптау орындарының қызметкерлері тергеу қимылдарын жүргізу істеріне, әдетте, тергеушінің немесе тергеу орнының бастығының анықтауы мен, криминалистикалық әдістер мен құралдарды қолдануға білгір маман қажет болған жағдайда қатыстырылады.

Ескерту:

ІІМ, ІІБ, ТІІБ-сы криминалистикалық-сараптау орындарының сарапшылары тікелей оқиға болған жерлерді қарау мен тергеу қимылдарына қатысып жүргендіктен және сараптаулар (зерттеулер) жүргізгендіктен, басқару аппаратының сан-есебіне қосылмайды.

2.1.2. Криминалистикалық-сараптау орындарының қызметкерлерін оқиғалы жерлерді қарауға уақтылы қатыстыру үшін ІІМ, ІІБ, ТІІБ және ішкі істер бөлімдерінің күзетші бөлшектерінің жанындағы тергеу-шұғыл-іс топтарының құрамында олардың күзетшілігі ұйымдастырылады.

2.1.3. Криминалистикалық-сараптау орындарының қызметкерлерінің күзетшілік тәртібін олардың саны мен шұғыл-істер жағдайына қарай ІІМ, ІІБ, ТІІБ ішкі істер бөлімінің бастығы анықтайды.

2.1.4. Күзетшілік мына үлгілерде жүргізіледі:

2.1.4.1. Ішкі істер мекемелерінің күзетші бөлшектерінің жанында тергеу-шұғыл-іс топтарының құрамында, тәулік бойынша (республика мен облыс орталықтарында орналасқан криминалистикалық-сараптау орындарының штатында 15 сарапшыдан кем болмағанда).

2.1.4.2. Басқа жағдайларда - жұмыс орнында, жұмыстан тыс уақытта - үйінде.

2.1.5. Штат мүмкіншілігі болуы мен шұғыл-істер жағдайына қарай күзетшілікке криминалистикалық-сараптау орындарының екі (оданда көбірек)

қызметкері бөлінуі мүмкін.

2.1.6. Күзетшілік графигіне криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің оқиға орындарын қарауға жеке-дара қатысуға құқы бар қызметкерлері ғана қосылады.

2.1.7. Криминалистикалық-сараптау орындарының қызметкерлері оқиға орнын қарауға қатысуға, графиктен тыс, мына жағдайларда тартылуы мүмкін.

2.1.7.1. График бойынша күзеттегі қызметкер басқа бір оқиға орнын қарап жатқанда.

2.1.7.2. Егер оқиға туралы мәліметтен осы қараудың жемісті жүргізілуіне білімнің тиісті бір саласының маманының қатыстырылуы қажет болғанда ( мысалы: биология, химия, физика, баллистика т.б.).

2.1.8. Криминалистикалық-сараптау бөлімдері қызметкерлерінің оқиға орнына баруы және қызмет орнына қайтуы, керек жағдайда, арнайы автомобильде-жылжымалы криминалистикалық лабораторияда (ЖКЛ) іске асырылады. Бұндай автомобиль болмаса криминалистикалық-сараптау бөлімінің қызметкері тергеу қимылдарын жүргізетін жерге ішкі істер мекемесі күзетшісінің автотранспортымен барады. Маманды тергеу қимылдарын жүргізетін жерге уақытында жеткізу мен қайтып алып келуге күзетші жауапты.

2.1.9. Ішкі істер бөлімінің штатында сарапшы болмағанда оқиға орнын қарау үшін басқа ішкі істер бөлімінің бастығы мен келісім, немесе бірлесіп, қызмет ету схемасы бойынша, соның маманы қатыстырылады.

Криминалистикалық-сараптау қызметкерін басқа қаладағы немесе аудандағы оқиға орнына жеткізу және алып қайту қылмыс жасалған аймақтағы ішкі істер бөлімінің транспортымен өтеледі.

2.1.10. Криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің қызметкерлеріне жұмыстан тыс уақытта күзеткені үшін Қазақстан Республикасы ІІМ-гі белгіленген тәртіп бойынша демалыс беріледі.

### 2.2. Маманның оқиғалы жерді қарау және басқа тергеу қимылдарын орындау кезіндегі жұмыс тәртібі

2.2.1. Маман оқиға орнында жұмысқа кірісер алдында қылмыс жағдайын, ол жасалған жерді қору ісін зерттейді, алдағы істелетін міндеттерді анықтайды.

2.2.2. Жағдаймен танысқан соң маман алда тұрған іс-әрекетті орындаудың жоспарын белгілейді, қаралатын жердің аумағын іздер мен заттай айғақтарды іздеп-табу, орнықтыру жеке іске тіркеудегі кезекті қимылдарды белгілейді.

Тергеуші жағынан жоспардың мәніне қарсылық болмаса орны орындауға кіріседі.

2.2.3. Оқиға орнын видеофотоға түсіру, солай етілетін нысандарды (объект) таңдау, суретке түсіру тәсілі, тағы басқа тактикалық міндеттерді орындау тергеушінің мақұлдауымен анықталады. Суретке түсірудің техникалық ерекшеліктерін (ара қашықтығы, түсіруді жақындату (ракус), жарлық түрі т.б.)

маманның өзі шешеді.

2.2.4. Маман алдымен, қаралатын жерге өзгеріс жасалмай тұрғанда шолу және бағыттау, онан соң қарау тактикасына сәйкес тәртіппен, тораптау (узловая), дәлдеу (детальная) суретіне түсіреді.

Алдымен заттай ақиқаттық маңызы бар оқиға орнындағы жекелеген бөлшектер, іздер және бұйымдар, сол алғашқы көрінген күйінде суретке түсіріледі. Онан соң соттық фотография ұсынған тәсілдер қолданылады (соның ішінде-нысандарды жылжытумен байланысты да): олардың ең толық дәл, мәлімдегіш және жеке ерекшелік қалпы сақталып түсіріледі.

2.2.5. Тергеуші оқиға орнын қараудың хаттамасын (протокол) жазғанда маман іздерді бейнелеумен көмек көрсетеді, мынадай хабарлама жасайды:

- іздерді айқындауға қолданылған құралдар жайлы;
- оларды алу (құю, бұйымымен бірге немесе бөліп алу, т.б.) жайлы;
- іздердің табылған орны (бұйым, зат), олар табылған үстірттің қалі жайлы;
- іздердің түрлері, саны (үстіртті немесе көлемді, орнықты немесе өзгермелі, түссіз немесе боялған, т.б.), үлгісі, көлемі, жеке ерекшелігі жайлы;
- іздерді бекітудің қосымша тәсілдері (суретке салу, схема жасау) жайлы.

2.2.6. Қылмысты ашу және іздеу салу мақсатында маман оқиға орында іздерді алдын ала зерттейді.

2.2.7. Алдын-ала зерттеудің қорытындысын тергеушіге және шұғыл-істер қызметкеріне хабарлайды, кейінірек оқиғалы жерге баруды есептеу журналына тіркейді.

2.2.8. Қажет болғанда маман алынған іздерді, құйындыларды тағы басқа заттай айғақтарды буып-түйісуде тергеушіге жәрдем береді;

Тергеуші сараптау (зерттеу) жөнінде қаулы шығарса (шұғыл істер қызметкері-жазбаша тапсырма) немесе криминалистикалық картотекадан ( коллекция) тексеру керек болса, оларды криминалистикалық-сараптау орнына алып келеді. Маман бес күн ішінде зерттеудің қорытындысын тергеушіге жібереді және осы жайлы шұғыл-істер қызметіне хабарлайды. Маман оқиға болған орнын қарасуға қатыспаса онда, тергеушілер мен алдын-ала тергеу қызметкерлері қаралған орнынан алынған іздер мен заттай айғақтарды криминалистикалық-сараптау орнына зерттеуге үш күн ішінде жіберуге міндетті.

2.2.9. Оқиға орнын қараудың хаттамасына енгізу үшін маман тергеушіге фотокамераның аты мен моделін объективтің аты мен қасиетін, жарық сүзгіштің таңбасын, жарық жағдайын (жасанды болса, жарық түсіргіштің түрін), таспаның үлгісін атайды.

Егер видеожазба (кинотүсірілім) жүргізілсе, ол туралы сәйкес ақпарат пен қолданылған әдістер және тәсілдер хабарланады.

2.2.10. Фотография қолданылса, оның шығымынан фототаблица жасалып, түсіруші маманның қолы қойылады.

Ескерту:

Тергеу аппараты мен криминалистикалық-сараптау орындарын фототаблицаның бланктарымен ІІМ, ІІБ, ТІІБ-ның Шаруашылық-басқармалары, Шаруашылық-бөлімдері қамтамасыз етеді.

2.2.11. Суретке, видеокиноға түсірген маман фототаблица мен негативтерді, видеокиноаспаны (Қазақстан Республикасы ҚІПК 61-1 бабы) бес тәуліктен аспайтын мерзімде, ал түрлі-түсті материалдар мен орындалған жұмыстарды қараудың бітуінен кейін 20 тәулік ішінде, тергеушіге тапсырады.

2.2.12. Тергеушінің немесе алдын-ала тергеудің мақұлдауымен видеожазбасы бар таспа криминалистикалық-сараптау орнының видеотекасында сақталады, солардың немесе соттың талабы бойынша көрсетуге беріледі, сол жөнінде фотовидеоматериалдардың шығыс журналына белгі қойылады. Видеожазба жойылуы осы айғақ туралы үкімнің заңды күшіне енуіне байланысты орындалады.

2.2.13. Фототаблица мен негативтер тергеушіге хатпен қосылып жіберіледі немесе оған фотожұмыстары мен фото материалдардың шығысын тіркейтін журналға қол қойдыру арқылы беріледі.

Егер фотоаппаратураның ақауына, таспаның теріс өңделуіне, т.б. жағдайға байланысты фототүсірулер қанағаттанғысыз шықса, маман тергеушіге фотосуреттерді жібере алмайтын себептерін көрсетіп хатпен хабарлайды.

2.2.14. Маман басқадай тергеу қимылдарын жүргізуге қатысқанда, нақтылы тергеу міндеттерін шешу үшін, криминалистикалық әдістер мен құралдарды тікелей пайдаланады, қажетті кеңестер береді.

Маманның тергеу қимылдарына қатысуы мен оның жұмыс қорытындысы тиісті хаттама мен 1, 2 үлгідегі КСО-ның журналдарында көрсетіледі.

## 2.3. Сараптауларды жүргізу, заттай айғақтарды қабылдау мен қайтарудың тәртібі

Ішкі істер мекемелерінің криминалистикалық-сараптау орындарында криминалистикалық-сараптауларды жүргізудің тәртібі "ІІБ КСО криминалистикалық сараптауларды жүргізу туралы Ережесінде" көрсетілген.

## 2.4. Сарапшылардың қорытындыларын сипаттамалау

2.4.1. Сарапшылардың қорытындысын сипаттамалау заттай айғақтарды зерттеуді және сарапшылардың кәсіби шеберліктерін жетілдіруді бақылау мақсатында жүргізіледі. ІІМ, ІІБ, ТІІБ-ның криминалистикалық-сараптау орындары ішкі істер мекемелері сарапшыларының қорытындыларын бөлімдердің жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізеді. Негізгі бөлімдер өздері қамтитын ішкі істер мекемелері лабораторияларының сарапшыларының қорытындыларын

сипаттамалайды.

2.4.2. Сипаттамалау жұмыс мерзімі 5 жылдан кем емес және сараптау жүргізудің тиісті түрлерінен құқы бар қызметкерлерге тапсырылады. Өз кезегінде, бұл қызметкерлердің қорытындылары Қазақстан Республикасы ІІМ КСБ-да сипаттамалануы және дұрыс баға алуы шарт.

2.4.3. Сипаттамаға материалдар криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің жазбаша немесе ауызша талаптары бойынша, әсте Қазақстан Республикасы ІІМ КСБ-ның жарлығы бойынша жіберіледі, онда қорытындының қайда, қай мерзімге, қанша және сараптаулардың қай түрлерінен жіберілетіні көрсетіледі.

Сипаттамалау үшін сарапшылардың қорытындыларының копиясы фототаблицасы мен ең күрделі сараптаулары, зерттеулері (көп нысанды, көбінесе ұқсастыру жайлы) және оларды жүргізу туралы қаулылары мен қоса жіберіледі.

2.4.4. Сипаттамалау қорытындылардың жан-жақты талданған нәтижесін көрсетуі және оның зерттеудегі мәні бойынша да, үлгісі бойынша да бағасын қамтуы керек.

Сипаттамада:

2.4.4.1. Зерттеудің сапасы, оның толықтығы, криминалистикалық әдістер мен құралдарды таңдаудың дұрыстығы, әдістері қолданудың техникалық жағдайы мен реттілігін сақтауы, сарапшының ұқсастыру белгілерін айқындауы, оны толықтап, тура бағалап баяндау қабілеті, фотосуреттемесінің сапасы мен көрнектілігі, қорытындылардың сарапшы алдында қойылған сұрақтарға лайықтылығы, тиянақтылығы бағаланады.

2.4.4.2. Анықталған кемшіліктерді жою, зерттеулер жүргізудің, оны хаттаудың сапасын арттыру жайлы ұсыныстар беріледі.

2.4.5. Сипаттама екі дана етіліп басылады. Біріншісі материал берген орынға жіберіліп, екіншісі-сипаттама жасаушы криминалистикалық-сараптау бөлімінде қалдырылады.

2.4.6. Сипаттаманы алған криминалистикалық-сараптау бөлімше, ондағы көрсетілген зерттеулер мен қорытындылар шығарылғанда жіберілген кемшіліктерді жою мақсатында қызметкерлерді дайындау жүйесіндегі сабақтарда немесе қызмет жиналыстарында талқылайды.

2.4.7. Сипаттамалау кезінде сарапшылардың қорытындыларының қателігі, зерттеу әдістемесінің және қылмыс-істерін жүргізу заңдарының талаптарының өрескел бұзылғандығы анықтала, сипаттама сарапшының сараптауды жүргізу құқынан айыру мәселесін шешу үшін Қазақстан Республикасы ІІМ-нің мамандық-сараптау комиссиясына жіберіледі.

## 3. Іздеу орындарының тапсыруы бойынша криминалистикалық құралдар мен әдістерді қолдану

### 3.1. Криминалистикалық құралдар мен әдістерді қолданудың тәртібі мен үлгілері

3.1. Криминалистикалық-сараптау орындарының қызметкерлері криминалистикалық құралдар мен әдістерді іздеу орындары бастықтарының жазбаша тапсырмалары бойынша қолданады. Маманның шұғыл-іздеу шараларына (ШІШ) қатысуы тіркеу журналында жүргізіледі (3 қосымша).

3.1.2. Криминалистикалық құралдар мен әдістерді қолданудың негізгі үлгілері мыналар:

3.1.2.1. Қылмысты ашу және қылмыскердің жеке басын анықтау мақсатында криминалистикалық белгілері бар әр түрлі заттай нысандарды зерттеу. (Зерттеуге түскен материалдар 4-қосымшада тіркеледі);

3.1.2.2. Криминалистикалық мәліметтерге сүйену мен жеке адамдар, бұйымдар, қылмыс қарулары, т.б. туралы іздеу таблицаларын құрастыру.

3.1.2.3. Криминалистикалық техниканы пайдаланып субъективті сурет құрастыру.

3.1.2.4. Салыстырмалы зерттеу үшін үлгілерді таңдап алуда жәрдем беру.

3.1.2.5. Іздер мен заттай айғақтарды криминалистикалық зерттеу негізінде іздеу тұжырымын (версия) талдауға қатысу.

3.1.2.6. Криминалистикалық-сараптау орындарының криминалистикалық картотекалары мен коллекцияларын пайдалану.

3.1.3. Пайдаланылатын криминалистикалық құралдар мен әдістер: азаматтардың денсаулығына және заңды мүддесіне зиян келтірмеуге; болашақ қорытындылардың дәлдігін қамтамасыз етуге; қылмыс ісі бойынша дәлелдік маңызы болуы мүмкін нысандарды сақтауға, міндетті.

3.1.4. Криминалистикалық-сараптау орнының қызметкері криминалистикалық құралдар мен әдістерді қолданудың нәтижесі туралы анықтама жазады. Ол алынған материалдармен бірге тиісті іздеу бөліміне жіберіледі.

Анықтаманың копиясы криминалистикалық-сараптау орнында арнаулы мұқабада сақталады.

### 3.2. Зерттеулерді жүргізу

3.2.1. Ішкі істер мекемелерінің криминалистикалық-сараптау орындарында ішкі істер мекемелері үшін олардың іздеу материалдары бойынша зерттеулер жүргізіледі. ІІМ, ІІБ, ТІІБ-сы бастықтарының рұқсаты бойынша мұндай зерттеулер ұлттық қауіпсіздік мекемелері үшін де жүргізілуі мүмкін. Зерттеулер жүргізуге іздеу орындары бастықтарының жазбаша тапсырмасы себеп болып табылады.

Ескерту:

Авторы белгісіз (анонимные) хаттарды зерттеу тек қылмыс істері мен материалдары бойынша жүргізіледі.

3.2.2. Зерттеуді тиісті сараптауды жүргізуге құқы-куәлігі бар қызметкер жүргізеді. Зерттеулер мен сот сараптауларына қойылатын талаптар бірдей.

3.2.3. Егер іздеу бөлімінің қызметкерімен басқаша келісілмесе зерттеу жүргізу мерзімі 20 тәуліктен аспауға міндетті.

3.2.4. Криминалистикалық-сараптау орнының қызметкері зерттеу кезінде, тек зерттелетін нысандардың түрі мен қасиеті өзгермейтін, олардың жоғалмайтын және болашақта қайта зерттеу мүмкіндігінен айырмайтын, әдістері қолданады.

Нысанның сыртқы түрін өзгертпей немесе одан бірсыпыра шығын жасамай зерттеу жүргізу болмайтын жағдайда, зерттеу тек зерттеуді тапсырған адаммен келісілгеннен кейін орындалады.

Осы мәселе зерттеудің нәтижесі жөніндегі анықтамада көрсетіледі.

3.2.5. Зерттеудің нәтижесі жайлы, зерттеу жүргізген сарапшы анықтама жазып , қолын қояды. Анықтамада мыналар көрсетіледі:

- зерттеуге түскен нысандардың тізімі;
- қойылған сұрақтарға жауаптар;
- зерттеуді орындаған сарапшының фамилиясы мен аты-жөні.

Анықтамаға фототаблицалар, схемалар, чертеждер тіркеледі.

3.2.6. Зерттеу кезінде нысандардың сыртқы пішінін өзгертуге, толық немесе бірсыпыра бұзып-жоюға мәжбүр болған жағдайда, олардың алғашқы қалпы түзіледі, оның ішінде суретке түсірумен. Зерттеудің жүргізілуі қолданылған әдістерімен, оларды бағалау нәтижелері мен қоса баяндалады, сондай-ақ жасалған өзгерістердің сипаты және жаратылған материалдардың саны көрсетіледі.

## 3.3. ІІМ-ІІБ-ның криминалистикалық есептері мен анықтама-мәлімет қорлары

3.3.1. ІІБ, ТІІБ, Қалауджел ішкі істер бөлімдерінің криминалистикалық-сараптау орындары мына шұғыл-іс криминалистикалық картотекалары мен коллекцияларын жүргізеді: дактилоскопиялық; микронысандық; бұзу құралдары іздерінің: аяқ киім ұлтандары іздерінің; автотранспорт протекторлары мен шиндері іздерінің; милиция есебіндегі адамдардың фото-видеотекаларының; ашылмаған қылмыстар бойынша фонотекалардың; есірткі және күшті әсерлі дәрі препараттарын алудың медициналық жалған рецептерінің және оларды жасап жүрген адамдардың қол жазу үлгілерінің; белгісіз қылмыскерлердің субъективті суреттерінің; сондай-ақ отты қарудың, оқ-дәрілердің және суық қарулардың коллекциялары ( картотекалары); аяқ киімдердің бұдырлы ұлтандары; бұзуға қолданылатын саймандар; лак-сыр жабдықтары; фардың шынылары; автотранспорттың протекторлары; қолдан және фабрикада дайындалған есірткі заттар.

ІІБ, ТІІБ-сы бастығының шешіміне сәйкес аймақтық шұғыл-істер жағдайының

ерекшелігіне байланысты басқа да коллекциялар мен картотекалар құрылуы мүмкін.

3.3.2. Қазақстан Республикасы ІІМ-нің КСБ-да мынадай Республикалық криминалистикалық есептер жүргізіледі:

- қылмыс ашылмаған жерлерден алынған оқ, қауыз және қарудың ізі қалған патрондар коллекциясы;
- ашылмаған қылмыстар бойынша фонотека;
- жалған қағаз ақша мен құнды қағаздардың картотекасы;
- жалған металл ақшалардың картотекасы;
- полиграфиялық жолмен жасалған жалған құжаттардың картотекасы;
- қылмыс ашылмаған жерлерден алынған қол іздерінің картотекасы (ауыр түрлерінен);
- суық қарулардың анықтама коллекциясы (картотекасы);
- барлық елдердің жалған қағаз және металл ақша белгілерінің анықтама коллекциясы;
- отты қарулар мен оқ-дәрілердің анықтама коллекциясы (картотекасы);
- есірткі заттардың (қолдан, фабрикада жасалған) анықтама коллекциясы (картотекасы);

ІІМ-і басшысының шешімі мен басқада коллекциялар мен картотекалар құрылуы мүмкін.

3.3.3. Криминалистикалық-сараптау орындары криминалистикалық шұғыл-іздеу картотекаларының (коллекцияларының құрылуы мен жүргізілуін шұғыл-іздеу және тергеу орындары мен қарым-қатынаста атқарады. Осы мақсатта олар сол орындармен қылмыстарды ашудағы криминалистикалық картотекалардың (коллекциялардың) қалін және тиімділігін талдайды, нәтижесінде олардың, техникалық жабдықталуын жақсарту, нәтижелігін арттыру және іс жүйесін жетілдіру жайында ішкі істер мекемесі басқармасының шешуі үшін ұсыныстар енгізеді. Криминалистикалық есептер мен анықтау-мәлімет қорларын істету тәртібі "ІІМ, ІББ, ІБ, ТІБ-ның анықтау-ақпарат қоры мен криминалистикалық есептерін ұйымдастыру және жүргізу туралы Нұсқауда" көрсетілген.

## 4. Криминалистикалық-сараптау орындары қызметкерлерінің қылмыстардың жасалуына мүмкіндік тудыратын жағдайларды анықтау және болдырмау ісіне қатысуы

4.1. Криминалистикалық-сараптау орындарының алдын-алу жұмыстарының негізгі бағыттары мыналар:

4.1.1. Сараптау жүргізудің практикасын талдау мен қорытындылау негізінде, тергеу қимылдарына қатысу мен шұғыл-іздеу орындарының тапсырмасы бойынша криминалистикалық құралдар мен әдістерді қолдану арқылы

қылмыстардың жасалуына мүмкіндік тудыратын жағдайларды анықтау.

4.1.2. Материалдық және ақшалай қаражаттар сақталатын орындардың конструкторлық кемшіліктерін ескеріп, қылмыскерлердің техникалық құралдарын пайдалана отырып, қылмыстарды жасау тәсілдерінің мүмкіншіліктерін анықтау.

4.1.3. Жалған құжаттар мен құнды қағаздарды жасау, пломбалар мен құлыптау жабдықтарын ашу, тағы басқалар мен байланысты қылмыскерлердің шын ниетін айыра білу тәсілдеріне мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қызметкерлерін үйретуге қатысу.

4.2. Қылмыстардың жасалуына мүмкіндік тудыратын жағдайлар сараптаулар жүргізу үстінде анықталуға тиісті, мейлі олар қызметкер адамның немесе мекеменің тапсырмасы бойынша жүргізілсін, мейлі сарапшының ынтасымен болсын. Соңғы жағдайда бұл қорытындыда көрсетіледі.

4.3. Қылмыстардың алдын-алу мақсатында криминалистикалық-сараптау орындарының сараптауларды жүргізуі мен тергеу қимылдарына қатысу практикасын талдау және қорыту мына бағытта өтеді;

4.3.1. Зерттеудің нысандары (заттай айғақтардың түрі) бойынша-біліктілігі ұлғайтылатын, қорғанысы күшейтілетін нысандар шеңберінде анықтау мақсатында.

4.3.2. Қылмыстарды жасаудың тәсілдері бойынша-сәйкес тәсілдермен жаңа қылмыстарды жасауды қиындататын немесе сол мүмкіндікті болдырмайтын, сонымен қатар сондай қылмыстардың ашылу мүмкіндіктерін арттыратын құралдарды қолдану үшін, оларды зерттеу және жасау мақсатында.

4.3.3. Қылмыстардың түрлері бойынша - қылмыстардың белгілі категорияларының алдын-алуға маңызы бар ұсыныстар жасау мақсатында.

4.4. Криминалистикалық-сараптау орындары мүдделі қызмет орындарымен бірге сараптау практикасының материалдарын қорытындылау нәтижесі бойынша қылмыстарды жасауға мүмкіндік беретін жағдайларды болдырмау туралы ұсыныстар жасайды. Ал ұсынылатын шаралар мына талаптарға жауап беруге тиісті:

4.4.1. Шын мәніндегі материалға негізделіп, керек болса зерттеу тәжірибелерімен (эксперимент) расталуы керек.

4.4.2. Экономикалық тұрғыдан қолайлы, ғылым мен техниканың қазіргі өсу деңгейіне сай орындалуы керек.

4.4.3. Өз күшіндегі, әйтсе де орындалмайтын актылардың, жөн-жобалардың, нұсқаулардың, ГОСТ-дың, техникалық жағдайлардың және т.б. талаптарын қайталамау керек.

4.4.4. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз болу керек.

4.5. Ұсыныстар жазғанда қылмыстардың жасалуына мүмкіндіктер тудыратын

жағдайлардың анықталғаны жайлы жете дәлелденген мәліметтер мен ұсынылатын шаралар тиянақты етіліп, керек болса схемалар, чертеждер, суреттер қоса беріледі.

4.6. Криминалистикалық-сараптау орнының бастығы қол қойған ұсыныстар ішкі істер мекемесінің бастығына, оның республика көлеміне шешілетіндері - Қазақстан Республикасы ІІМ КСБ-на жіберіледі.

**5. Криминалистикалық-сараптау орындарының кадрларын даярлау басқа қызметкерлерді оқытуға қатысу**

**5.1. Криминалистикалық-сараптау орындарының қызметкерлерін іріктеу және оқыту**

5.1.1. ІІМ, ІІБ, ТІІБ-сы криминалистикалық-сараптау бөлімдері бастықтарының орнына жоғарғы білімді, сараптау жұмысында бес жылдан кем істемеген, криминалистикалық-сараптаудың барлық түрін жеке-дара жүргізуге құқы бар адамдар қойылады.

ІІМ, ІІБ, ТІІБ-ның аға сарапшы қызметіне жоғарғы білімді және сараптаудан дайындығы бар адам қойылады. ІІБ, ТІІБ-ның сарапшы қызметіне, ішкі істер бөлімдерінің аға сарапшы, сарапшы қызметтеріне жоғарғы білімді немесе арнаулы орта білімді және сараптаудан дайындығы бар адамдар тағайындалады.

Ерекшелік ретінде қалауджел ішкі істер бөлімдеріне аға сарапшылар және сарапшылар, сараптау дайындығынсыз-ақ, жоғарғы немесе арнаулы орта білімі болса тағайындалуы мүмкін. Бұл жағдайда олар бір жыл ішінде дайындықтан өтіп, белгіленген тәртіп бойынша, кем дегенде сараптаудың екі түрін ( дактилоскопия мен суық қару) жүргізуге құқық алуға міндетті.

Криминалист-техниктер қызметіне орта білімді және Қазақстан Республикасы ІІМ-гі бекіткен бағдарлама бойынша алғашқы дайындықтан өткен адамдар қойылады.

Ескерту:

Қалауджел ішкі істер мекемелерінде сараптаудан дайындығы жоқтар, сараптау жүргізудің құқын алғанға дейін, аға сарапшылар немесе сарапшылар есебінен сарапшыға жәрдемші қызметіне қойылуы мүмкін.

5.1.2. Сараптау жүргізу құқын Қазақстан Республикасы ІІМ-нің мамандық-сараптау комиссиясы мен криминалист-сарапшылар дайындайтын Қазақстан Республикасы ІІМ-гі жоғарғы оқу орнының Мемлекеттік емтихандау комиссиясы береді.

5.1.3. Қазақстан Республикасы ІІМ-нің мамандық-сараптау комиссиясы криминалистикалық-сараптау орындарына сарапшы және басқару қызметіне тағайындалған қызметкерлерге, олар сынақтан өтсе және осы Нұсқауда көрсетілген тәртіп пен емтихан тапсырса, сол орындарда жүргізілетін

сараптаулардың барлық түрінен құқық береді.

5.1.4. Қазақстан Республикасы ІІМ-гі жоғарғы оқу орындарында мамандығын көтерген және емтиханды табысты тапсырған сарапшыларға сараптауды жүргізу құқы, сол оқу орындарының ұсынысы бойынша, Қазақстан Республикасы ІІМ-гі мамандық-сараптау комиссиясының шешімімен беріледі.

5.1.5. Криминалистикалық-сараптау орындарының қызметкерлерін оқыту Қазақстан Республикасы ІІМ-гі мөлшерлеу актыларының талабына сәйкес ішкі істер мекемелерінің қатарындағы және басқарушы құрамдағы кәсіби дайындау жүйесі бойынша жүргізіледі.

5.1.6. Аға сарапшы (сарапшы) қызметіне тағайындалғандар, әйтседе дайындығын немесе криминалистикалық-сараптау орындарындағы жұмыстан практикалық тәжірибесі жоқтар, міндетті түрде сарапшылық немесе алғашқы дайындықтан өткізіледі. Ол былай іске асырылады:

5.1.6.1. Өз қызмет орнында бастығының немесе тәлімгердің тікелей басшылығымен өзінше оқу жолымен.

5.1.6.2. Қазақстан Республикасы ІІМ-нің КСБ-да немесе ІІМ-нің оқу орындарында.

5.1.7. Өзінше Қазақстан Республикасы ІІМ-нің бекіткен сарапшыларды дайындау бағдарламасына сәйкес криминалистикалық-сараптау орнының бастығы ұсынған жеке-дара жоспармен іске асырылады. Жоспарда оқып-үйренетін тақырыптар мен практикалық жұмыстар көрсетілуге тиісті. Сондай-ақ жоспардың әрбір тарауының нақтылы орындалу мерзімі белгіленеді.

5.1.8. Сараптаушылық дайындығы жоқ қызметкерге тәжірибелі қызметкерлердің ішінен тәлімгер-сарапшы бекітіледі. Тәлімгер бекітілген қызметкердің жеке-дара оқып-үйрену жоспарын жасауға міндетті; оның теориялық курсты меңгеруіне және криминалистикалық техникамен жұмыс істеуге дағдылануына көмек көрсетеді; үйретудің жеке-дара жоспарының орындалуына бақылау жасайды; оның жүрісі жайлы бастыққа баяндап тұрады. Тәлімгер үйренушіні сараптауларды жүргізуге және басқа жұмыстарға баулыйды.

Ескерту:

Осы жағдайларда сарапшы қорытындыларының копиясына қолды тәлімгер мен үйренуші сарапшы-сыналушы қояды.

5.1.9. Сарапшыларды қайта дайындау КСБ-сы мен Қазақстан Республикасы ІІМ-гі оқу орындарының негізінде жүзеге асырылады. Ол Қазақстан Республикасы ІІМ-гі КСБ-сы мен КООББ-сы бірігіп бекітетін оқу бағдарламалары бойынша істеледі.

5.1.10. Кәсібі білімді көтеру заттай айғақтарды зерттеуге жаңа әдістемелерді үйрену немесе сараптаулардың басқа түрлерін жүргізуге құқық алу үшін

ұйымдастырылады. Осы мақсатта сарапшылар Қазақстан Республикасы ІІМ-нің КСБ-ны немесе ІІБ, ТІІБ-ның криминалистикалық-сараптау орындарына, басқа министерстволар мен ведомстволардың курстарына жіберіледі.

5.1.11. Мерзімді сынақ (стажировка) жеке-дара түрде Қазақстан Республикасы ІІМ-нің КСБ-да немесе осы басқарманың белгілеуі бойынша ІІБ, ТІІБ-ның криминалистикалық-сараптау орындарында өтеді (5, 5 а қосымша). Негізгі бөлімдерде солардың үлесіндегі ішкі істер мекемелерінің арнаулы лабораторияларының сарапшылары сыналады. Мерзімді сынаққа аға сарапшы ( сарапшы) қызметіне жаңадан алынғандар, сараптау жүргізу құқы жоқтар-жіберіледі.

Сараптау қызметіне жаңадан алынғандар мерзімі сынаққа тек жеке-дара дайындықтан өткеннен кейін жіберіледі.

5.1.12. Мерзімді сынақтың мазмұны Қазақстан Республикасы ІІМ-гі КСБ-сы сомадағы сарапшыларды жеке-дара дайындау үстіндегі бағдарламада анықталады. Сынақ мерзімі - 30 күнге дейін.

Сынақты ұйымдастыру сынақ өтетін криминалистикалық-сараптау орнының бастығына жүктеледі.

5.1.13. Азық-түлікті зерттеу лабораториясына сарапшы қызметіне тағайындалған, сараптау жүргізуден практикалық дағдысы жоқ адам үшін, сынақ екі рет ұйымдастырылады.

Бірінші сынақты ол жергілікті тазалық сақтау - індет станциясының азық-түліктерді зерттеу лабораториясында, екіншісін - Қазақстан Республикасы ІІМ-гі КСБ-ның криминалистикалық-сараптау бөліміне өтеді.

5.1.14. Криминалистикалық-сараптау орындарының басшылары оқу орындары мен мерзімді сынақтарға шақыру туралы тапсырысты Қазақстан Республикасы ІІМ-нің КСБ-сы жылына бір рет 1 шілдеге қарсы жіберіп тұрады.

5.1.15. Қазақстан Республикасы ІІМ-нің КСБ-сы түскен тапсырыстар негізінде мерзімді сынақтың жоспарын жасап оны ішкі істер министрлігінің басшысына бекіттіреді. Жоспардың копиясы барлық мүдделі ІІБ, ТІІБ-на жіберіледі. Ол қызметкерлерді сынаққа жіберудің арқауы болады.

5.1.16. Мерзімді сынақтың жоспарына лайық криминалистикалық-сараптау орнының басшысы сынақтан өткізетін орынға жолдама жібереді. Онда сарапшының аты-жөні, атағы, қызметі, оны істеу мерзімі және ол орындаған сараптаулардың түрлері көрсетіледі. Жолдамаға сынақтан өтуші жүргізген зерттеулердің копиялары (фототаблицасымен бірге) тіркеледі. Жолдаушы бастық осы қорытындылардың копиясын куәландыруға тиіс.

Сараптау жүргізуден құқық алушы қызметкер орындаған сараптаулардың әрбір түрінен кем дегенде бес қорытындының копиясын жібереді.

5.1.17. Сыналушыға басшылық етуге сараптау жұмысында бес жылдан артық

жұмыс істеген қызметкер тағайындалады. Ол сыналушы меңгеруге тиісті сараптаулардың түрлерімен маман болуы керек.

5.1.18. Басшылық етуші:

5.1.18.1. Сыналушымен бірге оның жеке дара жоспарын түзеді, онда жұмыс мазмұны, оның орындалу мерзімдері көрсетіледі. Жоспар криминалистикалық-сараптау орнының бастығы бекіткен соң орындалу бақылауына алынады (6 қосымша).

5.1.18.2. Сыналушыға тиісті практикалық және әдістеме көмегін көрсетеді, оның қорытындыларының копиясын сипаттайды, жұмысын бағалап, мерзімді сынақтан нәтижесі бойынша қорытынды шығарып, сараптаулардың қайсы бір түрлерін жүргізуге рұқсат береді (7 қосымша).

5.1.19. Сыналушы сынақтан өтер мерзімде өзі хұқық алатын түрлері бойынша бестен артық зерттеу жүргізеді, оқиға орындарын қарауға және тергеу қимылдарына қатысады.

Сынақ мерзімі біткен соң сыналушы бітірген жұмыстарының есебін және Қазақстан Республикасы ІІМ-гі бекіткен жеке-дара үйрету жоспарының тиісті тарауының көлемінде емтихан тапсырады.

5.1.20. Емтиханның құрамын Қазақстан Республикасының ішкі істер министрі бекіткен үздіксіз істейтін емтихан комиссиясы қабылдайды.

Комиссия криминалистикалық-сараптау орнының басшысы (бастық) және үш қызметкері (мүшелері) кіреді.

Емтихан комиссиясы емтиханның нәтижесін хаттамамен бекітеді (8 қосымша) .

5.1.21. Қазақстан Республикасы ІІМ-гі мамандық-сараптау комиссиясының шешімі сараптаулардың бір немесе барлық түрлерін жүргізу хұқынан олардың өрескел бұзған мына жағдайларда ғана айырады:

- қылмыс-ісін жүргізу заңдылығын бұзса;
- заттай айғақты зерттеу әдістемесінен қателік жіберсе.

5.1.22. Қазақстан Республикасы Жоғарғы мектебінің криминалистикалық-сараптау бөлімшесін бітіріп, криминалистикалық-сараптау орнына қызметке келгендер, оқиға орындарын маман ретінде жеке-дара қарауға қатысуға, жұмыс орнында сынақтан өткеннен кейін ғана жіберіледі.

5.1.23. Арнайы дайындықсыз сарапшы қызметіне тағайындалғандар оқиға орындарын маман ретінде қарауға, тергеу іс-қимылдарына, іздеу орындарының тапсырмасы бойынша криминалистикалық әдістер мен құралдарды қолдануға жеке дара қатысуға тек заң негіздері мен осы жайлы әдістеме материалдарын оқып-үйренген соң және практикалық дағдыларды меңгеру мақсатында сынақтан өткен соң ғана жіберіледі. Емтихан нәтижелері хаттамаға (9 қосымша) түсіріліп қызметкердің іс-папкасына тігіледі.

5.1.24. Емтиханды ойдағыдай тапсырған қызметкерлерге белгіленген үлгідегі куәлік беріледі (10 қосымша).

## 5.2. Ішкі істер мекемелерінің қызметкерлерін оқытуға қатысу

5.2.1. Криминалистикалық-сараптау орындарының қызметкерлері ішкі істер мекемелері қызметкерлерінің техникалық-криминалистикалық дайындық деңгейін көтеру мақсатында олардың жеке құрамын оқытуға қатысады. Сабақ Қазақстан Республикасы ІІМ-гі дайындаған әдістеме ұсыныстарына лайық тақырыптама бойынша жүргізіледі. Криминалистикалық-сараптау орындарында, осы мақсатта, ішкі істер мекемесі басшысы бекіткен жоспар бойынша тергеу мен шұғыл-істер орындарының қызметкерлері мерзімді сынақтан (3-5 күндік) өткізіледі. Криминалистикалық-сараптау органдарының мүмкіншілігіне байланысты топтама немесе жеке-дара сынақтар жүргізілуі де мүмкін.

5.2.2. Оқытудың негізгі үлесі криминалистикалық әдістер мен құралдарды қолдануды шын-мәнге жақын жағдайда практикалық үйрету болмақ.

5.2.3. Сабақ беруге басқа министерстволар мен ведомстволардың мамандары да жегілуі мүмкін. Өткізілген сабақтар журналда тіркеледі (11 қосымша).

# 6. Криминалистикалық-сараптау орындарының жұмыс жағдайын қамтамасыз ету. Тексеру мен көмек беру, есепке алу және есептілік

## 6.1. Криминалистикалық-сараптау орындарының материалдық-техникалық қамтылуы

6.1.1. Криминалистикалық-сараптау орындарын криминалистикалық техникамен, тұтыну материалдарымен, құрастыру, бұйымдарымен, жөндеу және құрастыруға арналған қосымша бөлшектермен, арнайы киімдермен және қосымша киім-кешекпен жабдықтауды белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Әскери және арнаулы жабдықтау басқармасы іске асырады.

Физикалық-химиялық, биологиялық және басқа арнаулы лабораториялардың жабдықтары мен аспаптары тиісті мамандықтағы сарапшылары бар және құрамында оларды пайдалану үшін қажетті техникалық жағдайлар жасаған орындарға жеткізіліп тұрады.

6.1.2. Табельдік тиесілікте көрсетілген құрал-жабдықтар, аспаптар және құрастырғыш заттар Қазақстан Республикасы ІІМ-нің КСБ-сы мен келісіп жергілікті жерден тауып алынуы да мүмкін.

Криминалистикалық-сараптау орындарына тұтыну материалдарын және химиялық ыдыстарды, осы мақсат үшін бөлінген қаржы көлемінде жергілікті сауда ұйымдары арқылы сатып-алуына рұқсат етіледі.

6.1.3. Криминалистикалық-сараптау орындары ІІМ-не, ІІБ, ТІІБ-на, келетін

криминалистикалық техниканы, лаборатория жабдықтарын және тұтыну материалдарын бөлу ісіне араласады. Оларды алып келуді, сақтауды және беруді тиісті шаруашылық орындары жүргізеді.

6.1.4. Криминалистикалық-сараптау орындары қалауджел ішкі істер мекемелерінің криминалистикалық-сараптау бөлімшелеріндегі криминалистикалық техниканың пайдаланылуын ұйымдастыруды, түзулігін және әр уақытта пайдалануға дайындығын қамтамасыз етеді, техниканың сақталуы, техникалық күтімнің уақтылы жүргізілуі, жөнделуі, шығынға жіберілуі , есеп және пайдалану құжаттар жайлы шаралар қолданады.

6.1.5. Қалауджел ішкі істер мекемелері криминалистикалық-сараптау орындарына тиісті әрбір техникалық құралдарға ІІМ-де, ІІБ-да, ТІІБ-да екі данадан есеп карточкасы толтырылады (12 қосымша). Оның біреуі ІІМ-нің, ІІБ-ның, ТІІБ-ның криминалистикалық-сараптау орнында сақталады, екіншісі техникалық құралмен бірге қалауджел мекемесіне беріледі.

6.1.6. Сарапшыға өзінің кәсіби міндетін атқару үстінде химиялық, фотографиялық ыдыстарды және тетіктерді жуғаны үшін ІІМ-гі мекемелері сметасынан криминалистикалық техниканың күтілуіне бөлінген қаржыдан, оның лайық еңбек ақысының 10% мөлшерінде төленеді. Арнайы киімдердің, еңбек келісімі бойынша немесе тұрмыстық ұжымдарда жуылуы, Қазақстан Республикасы ІІМ-гі мекемелерінің сметасы бойынша бөлінген қаражат есебінен өтеледі.

Сараптаулар мен зерттеулер қажетіне әрбір алынатын қан үшін мөлтекдонорларға төлем Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің хатына лайық өтеледі.

Анықтамалардың, оқулықтардың төлемі Қазақстан Республикасы ішкі істер мекемелерінің сметасынан арнайы кітаптар алуға бөлінген қаржы есебінен өтеледі.

6.1.7. Анықтама коллекциялары үшін алынатын нысандарға - отты және суық қаруларға, оқ-дәріге, аяқ киімге, полиграфиялық тәсілмен жасалған құжаттар бланктарына және т.б. деген шығын Қазақстан Республикасы ІІМ мекемелері сметасының қаражатына жатқызылады.

### 6.2. Еңбек жағдайлары, лабораторияларды жабдықтау талаптары және қауіпсіздік техникасы

6.2.1. Криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің жабдықтары қауіпсіздігі мен бұзылмауын қамтамасыз ететін, тиісті құрылыс мөлшерлері мен жол-жобасының талаптарын қанағаттандыратын жайларға орналастырылады.

6.2.2. Фотолаборатория үшін және химиялық, азы-түліктік, биологиялық, тағы басқа арнайы зерттеулер жүргізу үшін бөлек жайлар бөлінеді. Шын мәніндегі қажеттілікке сәйкес олардың ішінде сыналар ескеріледі.

- энергожабдық (ауыспалы және тұрақты ток);
- сығымдалған ауаны вакуум мен газды, суық және ыстық суды енгізу;
- электромагниттік қоршаудан, дірілдеуден, шудан сақтау;
- электрді жерге қосу;
- жергілікті желдеткіш, ауа тартатын шкафтан ауаны сорғызу үшін (жалпы тартқыштан бөлек).

Рентген аппараттары мен физикалық-ядроны зерттеу жабдықтары жұмыс істейтін жайларда сәуледен қорғау қамы жасалады.

6.2.3. ІІМ, ІІБ, ТІІБ-сы криминалистикалық-сараптауға түскен отты қарулардан тәжірибелік атқылау үшін тирмен қамтамасыз етіледі. Ол үйдің астында немесе баса бөлігінде, терезелері жоқ оқшау орналасқан жайда жабдықталады.

Тир салынғанда мыналар қамтылады:
- оқтың тайғақтауын болдырмау үшін дуалдары ағашпен қаптау;
- құрылыс мөлшеріне және жөн-жобасына лайық бөлмені акустикалық өңдеу;
- бөлмені оқ-дәрінің газынан тазарту енгізе-тартатын желдеткіш орнату;
- қорғау мен өрттен сақтауды хабарлау жүйесін, өрт өшіру құралдарын орналастыру.

Тирдің жабдықтары: атыс қондырғысы, оқ-қабылдайтын, оқ ұстағыш, қару бөлшектейтін және тазалайтын стол, сарапшы столы, телефон, МБС-2 үлгілі микроскоп, дәрі-дәрмек құрамы.

6.2.4. Транспорт құралдарын, олардың агрегаттарын, механизмдерін, ара-байланыстарын, бөлшектерін зерттеу үшін автотехникалық сараптаулар жүргізілетін қосымша жайлар бокстар қарастырылады. Бокстың құрылысы транспорт құралының кез-келген үлгісінің (тіркеме мен қалалық электротранспортсыз еркін енуін және орналасуын, жинау, бөлшектеу жұмыстарын жүргізу мүмкіншілігін қамтамасыз етуі керек. Бокске электроэнергия, су, жылу жүргізіледі.

Табель тиесілігіне лайық боксты жабдықтауға арнайы диагностикалық, көтеріп тасу тағы басқа саймандар кіреді.

6.2.5. Әрбір криминалистикалық-сараптау орындарында жалпылама белгілі жерде мыналар сақталады:
- дәрі-дәрмек пен таңып байлау заттары салынған қобдиша;
- өрт өшіру құралдары;
- электр тоғы ұрудан сақтандыру құралдары (айырушы төсегіштер, кілемдер, резинкалы қолғаптар, калоштар);
- әрбір жеке жабдықта істеуде сақтандыру техникасы жайлы нұсқау және қауіпсіздендіру техникасы мен тазалық сақтаудың анықтамасы.

Химиялық заттар, иондалған сәуле көздері мен жұмыс істейтін арнайы

физикалық-химиялық және физикалық-ядролық лабораториялар жекелеген құралдармен жабдықталады.

6.2.6. Криминалистикалық-сараптау орындары қызметкерлерінің міндеті:

6.2.6.1. Электр саймандарын, рентген жабдықтарын және басқа аппаратураны пайдаланғанда химиялық, оның ішінде улы, жарылғыш және өртке қауіпті заттармен сайман, сығымдалған немесе сұйытылған газы бар баллондармен сол сияқтыларды пайдаланғанда, сақтандыру техникасының күшінде тұрған мөлшерлерін және жөн-жобасын білу және орындау.

6.2.6.2. Мемлекеттік немесе ведомстволық, сондай-ақ метрологиялық тексеруден өтпеген саймандармен, жабдықтармен және басқа аппаратурамен жұмыс істеуге кіріспеу. Адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіпті ақаулар байқалған жағдайда қауіпсіздендіру техникасының жөн-жоба көлемінде оларды жою шараларын қолдану.

6.2.6.3. Өрттен сақтанудың жөн-жобасын сақтау, өрт өшіру саймандарын пайдалана білу.

6.2.6.4. Сәтсіздік жағдайда бірінші, дәрігерге дейінгі, көмектің тәсілдерін үйрену.

6.2.6.5. Қауіпсіздендіру техникасы, еңбек тазалығы, өрттен сақтау жөнінде жүйелі нұсқау алып тұру.

6.2.7. Криминалистикалық-сараптау орындарының қызметкерлері техникалық құралдармен жұмыс істеуге қауіпсіздік техникасын біледі деп есептегеннен кейін ғана жіберіледі.

Әрбір криминалистикалық-сараптау орында қауіпсіздендіру техникасы бойынша шараларды есепке алу журналы жүргізіледі.

6.2.8. Қызметкерді еңбекке жарамсыз еткен өндірістік жарақат жөнінде тездетіп Қазақстан Республикасы КСБ-на хабарланады.

**6.3. Криминалистикалық-сараптау орындарының жұмысын тексеру және оларға көмек көрсету**

6.3.1. Ішкі істер мекемелері криминалистикалық-сараптау орындарының жұмысын тексеру және көмек көрсету мақсатында ІІМ, ІІБ, ТІІБ-ы криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің қызметкерлері жұмыс жоспарына сәйкес сол жерлерге шығып тұрады.

6.3.2. Тексеру кезінде мыналарды зерттеп біледі:

6.3.2.1. Бұйрықтар мен жарлықтардың талаптарының орындалуы жайлы жұмыстың, қылмыстардың алдын-алу, оларды анықтау, ашу және тергеуге соңғы нәтижеге жету үшін криминалистикалық әдістермен құралдарды тиімді пайдалануды ұйымдастырудың қалі.

6.3.2.2. Криминалистикалық-сараптау орындарында жұмыстың тиімділігі мен сапасы жайлы мәліметтер: тергеу іс-әрекетін жүргізуде қызметкерлердің маман

ретінде қатысуларының нәтижелілігі; криминалистикалық картотекалар мен коллекцияларды пайдаланудың тиімділігі; сараптаулар мен зерттеулердің нәтижелілігі; орындалу мерзімі, сапасы; алдын-алу жұмыстарының мазмұны мен нәтижелілігі; өзге криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің озық тәжірибесін үйрену мен қабылдаудың қалі.

6.3.3. Кемшіліктер анықталса олардың себептері ашылады, тексерілген бөлімнің бастығына оларды жоюдың көмегі көрсетіледі.

6.3.4. Тексеру қорытындысы жайлы мәлімет жазылады, онда мыналар көрсетіледі:

6.3.4.1. Криминалистикалық-сараптау бөлімшесінің тексерілген мерзімдегі жұмысының нәтижесі туралы мәлімет.

6.3.4.2. Тексеру барысында анықталған кемшіліктер және олардың себептері.

6.3.4.3. Криминалистикалық-сараптау бөлімшесі мен басшысының жұмысты ұйымдастыруы жайлы баға.

6.3.4.4. Жұмысындағы озық тәжірибе және оны тарату жайлы ұсыныстар.

6.3.4.5. Сол жерде қолданылған шаралар және кемшіліктерді болдырмау бағыттағы істелген жұмыстар.

Мәліметке ішкі істер мекемесінің басшысымен келісілген-анықталған кемшіліктерді жою жайлы ұсыныстар тіркеледі.

6.3.5. ІІМ, ІІБ, ТІІБ-ның тергеу мен шұғыл-іздеу орындарына және ішкі істер бөлімдеріне криминалистикалық әдістер мен құралдарды пайдалануды ұйымдастыру жайлы көмек желілік-зоналық көзқарас бойынша ішке асырылады. Тиісті бөлімшенің немесе ішкі істер бөлімінің қызметкерлерін, оған бекітілген сарапшы қылмыспен күрестегі криминалистикалық-сараптау орындарының мүмкіндіктері жайлы хабардар етіп тұруды, оларды криминалистикалық-техникалық жағынан дайындауға қатысады, заттай айғақтарды іздеп-табу, бекіту, зерттеудегі озық тәжірибені олардың жұмысына сіңіруге жәрдемдеседі.

Ескерту:

Сан-құрамында үштен кем адамы бар криминалистикалық-сараптау бөлімшелеріне ондай сарапшы бекітілмейді.

6.3.6. Тексерілетін бөлімшелерге жәрдем сол жердің өзінде мына бағытта жүргізіледі:

6.3.6.1. Криминалистикалық картотекалар мен коллекциялар бойынша тексерулер ұйымдастыру.

6.3.6.2. Аса күрделі сараптаулар мен зерттеулерді жүргізу.

6.3.6.3. Бақылаушы ретінде оқиға орнына бару, жергілікті маманның әрекеттерін талқылау.

6.3.6.4. Сарапшылардың қорытындыларын сипаттамалау.

6.3.6.5. Заттай айғақтарды іздеп-табудың, орнықтырудың, іске тіркеудің және зерттеудің жаңа тәсілдерін, криминалистикалық құралдар мен әдістерді пайдаланудың озат тәжірибелерін үйрету үшін сабақтар өткізу.

6.3.6.6. Криминалистикалық-сараптау бөлімшесінің жұмысты ұйымдастыруды жақсарту жайлы шараларын сомдау.

6.3.7. Көрсетілген жәрдем туралы мәліметте жолсапарда істелген істер, сондай-ақ криминалистикалық-сараптау бөлімшесінің жұмысын жандандыру шараларының тізімі көрсетіледі.

## 6.4. Жұмысты есептеу

6.4.1. Криминалистикалық-сараптау орындарында жұмысты есептеу үшін мынадай тіркеу журналдары жүргізіледі:

6.4.1.1. Криминалистикалық сараптау бөлімшелері қызметкерлерінің оқиға орнын қарауға маман ретінде қатысуы (1 қосымша.)

6.4.1.2. Криминалистикалық-сараптау бөлімшелері қызметкерлерінің тергеу қимылдарына қатысуы, шұғыл-іздеу орындарының тапсырмасы бойынша криминалистикалық құралдар мен әдістерді қолдануы (2,3 қосымшалар).

6.4.1.3. Сараптауға, зерттеуге түскен материалдар (4 қосымша).

6.4.1.4. Картотекаға, коллекцияға салынған нысандар (есептеу жұмысы жайлы Нұсқауды қараңыз).

6.4.1.5. Криминалистикалық картотека және коллекция бойынша тексеру. Онда істің қысқаша мән-жайы, қашан, қайдан, қандай, қанша нысан, тексерудің қорытындысы көрсетіледі (әр есеп түрі бойынша еркін үлгіде жүргізіледі).

6.4.1.6. Фотожұмыстары мен фотоматериалдардың шығыны. (13 қосымша).

## 7. Криминалистік-сараптау орындарының ғылыми-зерттеу істері

7.1. Қылмыстың алдын-алу, оны ашу және тергеуде айғақ-дәлелдерді іздеп-табу, бекіту, іске тіркеу және зерттеу үшін криминалистикалық әдістер мен құралдарды қолдану проблемалары бойынша ғылыми-зерттеулер мен талдау жүргізуді ұйымдастыру.

7.2. Соттық, криминалистикалық-сараптаулардың, жаңа әдістерін және соттық дәлелдерді зерттеу әдістемелердің теориялық проблемаларын талдап-сомдауға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстар.

7.3. Іздеу және жанама ғылыми-зерттеулерді орындау бағыттары:

- қылмыстарды ашуда криминалистикалық картотекалар мен коллекцияларды жүргізу және пайдалану;
- тергеу әрекеттері мен шұғыл-іздеу шараларын криминалистикалық-техникалық жағынан қамтудағы криминалистикалық сараптау үлгілері мен әдістерін жетілдіру.

7.4. Ішкі істер мекемелерінде, қылмыспен күресуді

криминалистикалық-техникалық жағынан қолдану үшін әдістер мен құралдар жасауға қажет ғылыми-зерттеулер және конструкторлық-тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыру, үйлестіру.

7.5. Ішкі істер мекемелері криминалистикалық-сараптау орындарында дайын болған ғылыми-талдауларды автордың қатысуымен практикаға енгізу.

7.6. Криминалистикалық-сараптау орындарының жұмыс бағыттары бойынша ғылыми кадрлар дайындауды ұйымдастыру. Қазақстан Республикасының өзге министрліктерінің, ведомстволарының ғылыми-зерттеу институттарымен, мекемелерімен және лабораторияларымен, сондай-ақ шетел ұйымдарымен өз көріністері бойынша, ғылыми-техникалық қызметтестікті жүзеге асыру.

7.7. Соттық сараптау және тергеу қимылдары мен шұғыл-іздеу шараларын криминалистикалық-техникалық қамту мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі жайлы әдістеме-оқулық, ұсыныстар, мақалалар, ақпарат материалдарын шығару.

Конференциялар, ғылыми-практикалық семинарлар, жиналыстар өткізу.

Нұсқауға
1 қосымша

**Криминалистикалық-сараптау бөлімшелері қызметкерлерінің оқиға орындарын қарауға маман ретінде қатысуын тіркейтін Журнал**

| Рет NN | Қарау жүргізілген күн, ай, жыл | Қарау жүргізілген орын | Қатысқан тергеу шұғыл-іс топтарының фамилиялары | Қылмыстың құрамы немесе оқиғаның мән-жайы, қылмыс ісінің NN |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| Қандай заттай айғақтар тәргіленді (алынды) | Қылмыс ісінің реттік саны | Заттай айғақтардың зерттелу нәтижесі қорытындының(анықтаманың) N және оның қылмыс тергеудегі маңызы | КСБ бастықтарының қылауға шығуы.Қараудың сапасы | Тергеу нәтижелері қылмыс ашылды, қылмыс іс жайлы пікірі қозғалмады | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

Нұсқауға
2 қосымша

**Криминалистикалық-сараптау бөлімшелері қызметкерлерінің тергеу қимылдарын жүргізуге маман ретінде қатысуын тіркейтін Журнал**

| Рет NN | Тергеу қимылының аты | Тергеу қимылы жүргізілген күн, ай, жыл | Тергеу қимылы жүргізілген орын | Тергеу қимылын жүргізуге жауапты мен қатысқан маманның фамилиялары |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| Қылмыстың құрамы немесе оқиғаның мән-жайы, қылмыс ісінің N | Тергеу қимылдарының бары сында маман қандай әрекеттер жасады | Қандай заттай айғақтар тәргіленді және кімге жіберілді | Заттай айғақтардың сараптауға немесе зерттеуге түскені жайлы мағлұмат | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Нұсқауға
3 қосымша
ҚҰПИЯ
(толтырылғанда)

**Криминалистикалық-сараптау бөлімшелері қызметкерлерінің шұғыл-іздеу шараларына қатысуын тіркейтін Журнал**

| Рет NN | Шұғыл-іздеу шарасының жүргізілген күні айы, жылы | Шұғыл-іздеу есебінің іс N, істің аты немесе шұғыл-іздеудің мәнісі | Шұғыл-іздеу шарасын жүргізуге жауапты кісі мен қатысқан маманның фамилиялары |
|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| Іске асырылатын шұғыл-іздеу шарасының мән-жайы | Іздеу шарасының барысында маман қандай әрекеттер жасады | Маманның шұғыл-іздеу шарасына қатысқандығы нәтижесі | Ескерту |
| 5 | 6 | 7 | 8 |

Нұсқауға
4 қосымша

**Сараптауға және зерттеуге түскен материалдарды тіркейтін Журнал**

| Рет NN Сараптау мен зерттеудің қатар саны | Түскен күні айы, жылы | Материалдар қайдан келді | Қылмыстың құрамы, іс нөмері (қылмыстың шұғыл іс есебінің) | Сараптаудың (зерттеудің) түрі | Сараптауға (зерттеуге) не түсті |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

| Сараптауды (зерттеуді) орындаған сарапшының аты-жөні, фамилиясы | Қысқаша қорытындылар | Қылмыс жасауға қатысты адамдар анықталды | Сараптау нәтижесі қылмысты ашуға мүмкіндік берді ме әлде жоқ па | Шығатын құжаттың N күні, айы, жылы немесе қорытындыны (мәліметті) заттай айғақты алғаны жайлы қолы | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

Нұсқауға
5 қосымша

**Сараптау жүргізудің құқын алуға дайындау үшін сарапшыларды мерзімді сынақтан өткізуге рұқсат берілген ішкі істер мекемелерінің Тізімі**

| Рет N | ІІМ-нің аттары | Сараптаудың түрлері |
|---|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасы ІІМ | Криминалистикалық және арнайы сараптаулардың барлық түрі |
| 2. | Алматы қаласының ІІББ | Оқиға орындарын қарау, суық қаруды зерттеу, дактилоскопиялық, трасологиялық, баллистикалық, физикалық, химиялық |
| 3. | Ақмола облысы ІІБ | Оқиға орындарын қарау, суық қаруды зерттеу, дактилоско. пиялық, биологиялық |
| 4. | Батыс-Қазақстан облысы ІІБ | Оқиға орындары қарау, суық қаруды зерттеу, дактилоко. пиялық физикалық-химиялық |
| 5. | Қарағанды облысы ІІБ | Оқиға орындарын қарау, суық қаруды зерттеу, дактилоско. пиялық, химиялық, азық-түліктік |
| 6. | Павлодар облысы ІІБ | Оқиға орындарын қарау, суық қаруды зерттеу, дактилоско. пиялық трасологиялық |
| 7. | Шығыс-Қазақстан облысы ІІБ | Оқиға орындарын қарау, суық қаруды зерттеу, дактилоско. пиялық, трасологиялық, азық-түліктік |
| 8. | Шымкент облысы ІІБ | Оқиға орындарын қарау, суық қаруды зерттеу, дактилоско. пиялық, трасологиялық |

Нұсқауға
5а қосымша

**ІІМ, ІІБ бірлескен (негізгі) криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің және олар қызмет көрсететін ішкі істер**

мекемелерінің
Тізімі

---

РетNN| Бірлескен лабораториялар | Қызмет көрсетілген
1. Қазақстан Республикасы ІІМ, Қазақстан Республикасы ІІМ
техникалық жару лабораториясы Алматы қаласының ІІББ
Ақтөбе облысының ІІБ
Алматы облысының ІІБ
Атырау облысының ІІБ
Жамбыл облысының ІІБ
Қызыл-Орда облысының ІІБ
Маңғыстау облысының ІІБ
Талдықорған облысының ІІБ
Батыс Қазақстан облысының ІІБ
Оңтүстік Қазақстан облысының
ІІБ
2. Қарағанды облысының ІІБ, Қарағанды облысының ІІБ
техникалық жару лабора. Шығыс-Қазақстан облысының ІІБ
ториясы Жезқазған облысының ІІБ
Көкшетау облысының ІІБ
Қостанай облысының ІІБ
Павлодар облысының ІІБ
Солтүстік-Қазақстан облысының
ІІБ
Семей облысының ІІБ
Торғай облысының ІІБ
Ақмола облысының ІІБ
3. Қазақстан Республикасы ІІМ, Қазақстан Республикасы ІІМ:
бірлескен: ботаникалық, Барлық ІІБ-лары, ТІІБ.
топырақтану, дыбыс жазу
лабораториялары

Нұсқауға
6 қосымша

_______________________________________________
(министерствоның немесе ішкі істер басқармасының аты)
Криминалистикалық бөлімде ______________________________
_______________________________________________
(атағы, фамилиясы, аты-жөні)
Сынақтан өткізу___________________________________

Жоспары

Сынақ мерзімі 19___ж. ___________________19___ж____________ дейін

___________________________________________________________________

Рет| Жұмыстардың | Сағат саны | Жұмыстың орындалуы және оның
NN| мазмұны | (шамамен) |бағасы туралы сынақ жүргізуге
| | |жауапты кісінің белгісі

___________________________________________________________________

| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

| | |

Сынақ жүргізуге жауапкер_____________________________

Сыналушы____________________

"Келісемін"

Бастық_____________19__ж_________________________

Нұсқауға

7 қосымша

**Сынақ нәтижелерінің Қорытындысы**

19__ж________________________ __________________________қаласы

__________________________________________________________да(де)

19__ж________________нан(нен)19__ж____________________дейін

___________________________________________________________________

(жұмыс орны, қызметі, атағы, фамилиясы, аты-жөні)

____________________________________________________сынақтан өтті.

Сынақ кезінде _________________________жолдас _________________

___________________________________________________________________

(сараптаулар мен зерттеулер көрсетіледі)

___________________________________________________________________

_____________________________________________________жүргізді

**ҚОРЫТЫНДЫ**

____________________________жолдас сараптаулардың мына түрлерін жүргізуге теориялық білімі және практикалық қабілеті жетеді:

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

Ескертулер мен ұсыныстар:________________________________
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________

Сынақ жүргізуге жауапкер______________________

К е л і с е м і н

Бастық_____________ 19__ж___________________

Н ұ с қ а у ғ а

8 қосымша

**Емтихан комиссиясы мәжілісінің**

**ХАТТАМАСЫ**

19__ж_____________________ ____________________________қаласы.

Емтихан комиссиясы:________________________________________

( б а с т ы қ )

_________________________________________________________________

( м ү ш е л е р і )

_________________________________________________________________
_________________________________________________________________

(жұмыс орын, қызметі, атағы, фамилиясы, аты-жөні)

_________________________________________________________________

жолдастан емтихан қабылдады.____________________________________

_______________________________________жолдастың білімі мынадай:

Соттық фотографиядан_______________________________________

Дактилоскопиядан____________________________________________

Қолжазба сараптаудан________________________________________

Құжаттарды техникалық зерттеуден___________________________

Трасологиядан (із жүргізуден)________________________________

Соттық баллистикадан_____________________________________

Емтихан комиссиясының бастығы_____________________________

Мүшелері:_________________

___________________________

___________________________

___________________________

_________________________

Н ұ с қ а у ғ а

9 қосымша

**Емтихан комиссиясының**

**ХАТТАМАСЫ**

19___ж___________________________

Емтихан комиссиясы:______________________________________

(криминалистикалық-сараптау бөлімінің аты)

________________________________________________________________

(бастық - оның фамилиясы, аты-жөні, атағы)

________________________________________________________________

(мүшелер - фамилиялары, аттары, жөндері, атақтары)

________________________________________________________________

________________________________________________________________

________________________________________________________________

____________________________________________________жолдастан

(қызметі аты-жөні, фамилиясы, атағы)

құқықтық курс, криминалистикалық-мамандық теория, практикалық жағынан дайындау жайлы емтихан алды.

жолдас мынадай білімділік көрсетті: ___________________________

Қылмыс істерін жүргізу заңдарының негізінен ____________________________

(бағасы)

Оқиға орындарын қарауға, басқадай тергеу қимылдарына теориялық және практикалық қатысудан ____________________________

Шұғыл-іздеу бөлімдерінің тапсыруы бойынша криминалистикалық әдістер мен құралдарды теориялық және практикалық қолданудан ___________________________

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Емтиханның нәтижесіне сүйеніп, ___________________________ жолдасқа оқу орындарын қарауға, басқадай тергеу қимылдарына жеке-дара қатысуына, шұғыл-іздеу бөлімдерінің тапсыруы бойынша криминалистикалық әдістер мен құралдарды қолдануға рұқсат етіледі.

Комиссия бастығы ______________________

Комиссия мүшелері ____________________

Нұсқауға

10 қосымша

**К У Ә Л І К**

**Қазақстан Республикасының ІІМ**

**К У Ә Л І К N**

Ж о л д а с

Қазақстан Республикасының ІІМ мамандық-сараптау комиссиясының шешімімен мына ________________________________
______________________________________________________________
____________________________сараптауды жүргізуге ерік берілді.

Комиссия төрағасы
М.О.
Хатшы
19__ж.______________________
Алматы қаласы Тіркеу N_______________

_________________________________________________________________
_____________________________сараптауды жүргізуге ерік берілді.
Комиссия төрағасы
М.О.
_______________________19__ж.г.
Алматы қаласы Тіркеу N____________
________________________________________________________________
_____________________________сараптауды жүргізуге ерік берілді.
Комиссия төрағасы
М.О.
Хатшы _______________________19__ж.г.
Алматы қаласы Тіркеу N____________

Н ұ с қ а у ғ а
11 қосымша

**Ішкі істер мекемелерінің қызметкерлер құрамы мен өткізілген сабақтарды тіркеу Журналы**

| Рет NN | Сабақ өткізіл. ген күн, ай,жыл | Сабақ өткізіл. ген орын | Сабақ тақырыбы | Сабақ өткізу | Жұмсалған сағат саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

Сабақ кімдер |Сабаққа | Сабақты өткізушінің | Ескерту

үшін жүргі. |қатысқан.|фамилиясы, аты-жөні |
зілді |дар | |

7 | 8 | 9 | 10

Нұсқауға
12 қосымша

_______________________________________________
(ішкі істер мекемесінің аты)

**Есеп карточкасы**

_______________________________________________
(техникалық құралдардың аттары - аспап, аппарат,
_______________________________________________
машина, жабдық)
_______________________________________________
(техникалық құралдың нөмері)
_______________________________________________
(техникалық құралдардың құрамына кіретін түйіндер)
_______________________________________________
мен сәйкестіргіштердің тізімі - объектив, штатив, саптама,
_______________________________________________
микрофон, т.с. олардың номерлері)
_______________________________________________
(техникалық құралдардың, олардың құрамына кіретін
_______________________________________________
түйіндер мен сәйкестіргіштердің бағасы)
_______________________________________________
(іске қосылған күні, айы, жылы)
_______________________________________________
(техникалық құралдың есептен шығарылған күні, айы, жылы:
_______________________________________________
есептен шығару құжаттарының аты, номері, күні, айы, жылы)

Техникалық құралды алушының қолы_______________
19____ж.________________

(Есеп карточкасының сыртқы жағы)

Техникалық құралдардың қимылы туралы мәлімет

Рет|Техникалық құрал.|Техникалық құрал.|Техникаға жауап.|Құралды

NN |дарды алған күні,|ды алған мекеме.-|кер қызметкерлер.алушының
|айы, жылы |нің аты |дің фамилиясы, | қолы
| | |аты-жөні, қызметі

____________________________________________

| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

Техникалық құралды жөндеу жайлы мәлімет

____________________________________________

Рет | Не жөнделді | Кім жөнделді (күні | Жөндеуге жауапты
NN | | айы, жылы) |қызметкердің қолы

____________________________________________

| | |
| | |
| | |
| | |

Нұсқауға
13 қосымша

**Фотожұмыстар мен фотоматериалдардың шығынын тіркейтін Журнал**

____________________________________________

Рет NN (нега.|Тапсырманың түс.|Тапсырманы жібер.|Жұмыстың мазмұны,
тивтің архив.|кен күні, айы, |ген ішкі істер |шараның аты,
тік N) |жылы және құжат.|мекеменің аты, |(сараптау,тергеу
|тың кіріс номері|оның ішінде жеке.|қимылы,шұғыл-іздеу
| |легенде кримина. |шарасы, шұғыл-іс
| |листика, милиция,|мақсатында көшір.
| |тергеу, МАИ, т.б.|мелер жасау т.б.)

____________________________________________

1 | 2 | 3 | 4

____________________________________________

____________________________________________

Жұмыс көлемі | Фотоматериалдар |Жұмыстың орындал.|Ескерту
______________________|__________________|ған күні,айы,жылы|
нысан.|жасал.|шыға. |фото.|фото. |қа. |(шығыс құжатының |
дардың|ған не|рылған |таспа|табақ.|ғаз |номері немесе |

саны |гатив.|көшір. | |ша | |алушының қолы |
| |мелер | | | | |

---

5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12

---

| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Қазақстан Республикасы IIМ-нің 1993 жылғы 31 мамырдағы N 210 бұйрығына сәйкес

**Қазақстан Республикасы ішкі істер мекемелерінің криминалистикалық-сараптау орындарының криминалистикалық-сараптаулар мен зерттеулер жүргізуі туралы Ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Iшкі істер мекемелерінің криминалистикалық-сараптау орындарында <*> жүргізілетін криминалистикалық-сараптаулар мен зерттеулер заңдылықты қатал сақтау негізінде қылмыстарды анықтау, ашу, тергеу және болдырмау міндеттерін атқарады.

Ескерту. <*> Әрі қарай "криминалистикалық орындар" деп аталады.

Ғылым мен техника саласында арнайы білімді меңгергендер сарапшы бола алады.

Iшкі істер мекемелерінің криминалистикалық орындарында соттық сараптауларды жүргізу құқын Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы ішкі істер мекемелері туралы" 1992 жылғы маусымның 23-гі N 1405-XII заңы берген.

2. Iшкі істер министрлігі мекемелерінің жүйесіндегі криминалистикалық-сараптаулар мен зерттеулерді министрлік аппаратындағы, ішкі істер басқармаларындағы, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер бөлімшелеріндегі криминалистикалық орындар (басқармалар, бөлімдер, бөлімшелер, топтар, лабораториялар) қылмыс істер жүргізу заңы, "Қазақстан Республикасы ішкі істер мекемелері туралы" заңы, Қазақстан Республикасы IIМ бұйрықтары және осы Ереже негізінде өзгеріссіз жүргізеді.

Биологиялық автотехникалық, топырақтану, өрт-техникалық, жарылыс-техникалық, фонбейнетүсіру, азық-түлік зерттеулері бойынша

материалдарды, заттарды, бұйымдарды және т.б., құрылымында осындай лабораториялары бар криминалистикалық орындар ғана жүргізеді.

3. Қайталанған криминалистикалық-сараптаулар <**> ІІМ-нің криминалистикалық-сараптау басқармасында және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің соттық-сараптау Қазақ Ғылыми-зерттеу институтында жүргізіледі.

Ескерту. <**> Келешекте тексте "сараптау" деп көрсетіледі.

4. Сараптаулар тергеушінің, прокурордың, алдын-ала тергеушінің қаулысы және соттың анықтамасы негізінде қылмыс істері бойынша жүргізіледі.

5. Сараптауды тағайындаушы сараптау үстінде нысанның алғашқы қалпы өзгерілуі, едәуір зақымдалуы, әлде бұзылып-жойылуы мүмкін-ау десе, осыған жазбаша келісім беруге міндетті. Бұлай болмағанда сарапшы 3 күн ішінде сараптауды тағайындаушыға хабарлауы, сараптауды тоқтата тұруы керек. Бір ай мерзімде жауап келмесе материалдар орындалмай кері қайтарылады.

6. Егер сараптауды тағайындаған кісінің бір қаулыдағы (анықтамадағы) сұрақтары әр түрлі сараптауларды қажет етсе, немесе сараптауға көп санды нысандар келіп түссе, криминалистикалық-сараптау бөлімінің бастығы бірнеше сараптаулар жүргізуді ұйымдастырады. Белгілі нысандарды бөлек зерттеу мақсатында бірнеше сарапшыға тапсырады.

Зерттеу нәтижесі бойынша әр сарапшы бөлек акті жазады, топшылау мүмкіндігінің жоқтығы жайлы да акті жазылады.

7. Тағайындалған сараптаудың түрі криминалистикалық-сараптау бөлімінде жүргізілмейтін болса, немесе оны жүргізуші маман, жабдық болмаса, бұл туралы оны тағайындаған кісіге жедел хабар беріліп, сараптау материалдары кері қайтарылады. Мұндай сараптаулар қай мекемеде жүргізілетіні қоса хабарланады.

8. Егер сарапшы қосымша материалдардың қажеттілігі жайлы тоқтамаға келсе , криминалистикалық-сараптау бөлімінің басшысымен келісіп сараптауды тағайындаған жаққа сұрау салынады, ал сараптау мерзімі қосымша материалдар келіп түскенше тоқтатыла тұрады. Олар бір ай мерзімде жеткізілмесе қолдағы материалдар орындалмай кері қайтарылады.

9. Сараптауларды ІІМ-гі және Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі мамандық-сараптау комиссияларының берген, осыларды жүргізу құқы туралы куәліктері бар қызметкерлер жүргізеді.

10. Сараптаулар, кешіктіруді төзбейтін жағдайдан бөлек уақытта, материалдардың келіп түсуіне қарай кезегі мен 20 күн ішінде орындалады. Сараптауды тағайындаушы мен алдын-ала келісілген соң криминалистикалық-сараптау бөлімінің басшысы бұл мерзімді ұзартуы мүмкін.

Сараптауды жүргізу мерзімі деп криминалистикалық бөлімге материалдардың

түскен күні мен қорытындының сараптауды тағайындаушыға жіберілген күні аралығы есептеледі.

Сараптауды тездетіп орындау мүмкіншілігін криминалистикалық бөлімнің басшысы сараптауды тағайындаушымен келісіп анықтайды.

11. Сараптау біткен соң заттай айғақтар және басқа материалдар сарапшының актісі мен бірге сараптауды тағайындаушыға қайтарылады немесе шабарманға табыс етіледі.

Заттай айғақтарды криминалистикалық бөлімдердің коллекциялары мен картотекаларына салу Қазақстан Республикасы КПК-нің 60 б. 11 т.-да көрсетілген тәртіп бойынша жүргізіледі.

**2. Сарапшының міндеттері мен құқықтары**

12. Қазақстан Республикасы ІІМ-гі криминалистикалық бөлімнің сарапшысының міндеттері мен құқықтары, сондай-ақ оны мен алдын-ала тергеу жүргізуші, тергеуші, прокурор және сот арасындағы сараптаулар жүргізу үстінде пайда болатын қарым-қатынас Қазақстан Республикасы қылмыс-іс жүргізу заңының мөлшерімен анықталады.

13. Сарапшының міндеттері:

а) алдын-ала жүргізушінің, тергеушінің, прокурордың, соттың шақыруы мен барып өз алдына қойылған сұрақтар бойынша тура да, ғылыми тұжырымдалған қорытынды беру (Қазақстан Республикасы КПК-нің 55 б);

ә) криминалистикалық бөлім бастығы тапсырған сараптауды орындау;

б) алдын-ала тергеу жүргізушіге, тергеушіге, прокурорға, сотқа, криминалистикалық бөлім бастығына заңды көрсетілген жағдайларға сәйкес, оның осы іс бойынша сарапшы ретінде қатыспау мүмкіншілігі жайлы хабарлау ( Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 40б);

в) егер қойылған сұрақ сарапшының арнаулы білімінен тыс қалып немесе жіберілген материалдар топшылама жасауға жеткіліксіз болып, қорытынды шығарылмаса ҚПК-де көрсетілген үлгі мен сараптауды тағайындаушыға хабарлау (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 55б);

г) өзі берген қорытындыны толықтыру немесе түсіндіру үшін тергеушінің немесе сот мәжілісінің шақыруына бару (сол бап);

ғ) алдын-ала тергеу жүргізушінің, тергеушінің, прокурордың талабы бойынша алдын-ала тергеу мәліметтерін жарияламау туралы қолхат беру (сол бап);

д) криминалистика ілімі нұсқаған әдістер мен сарапшының қол астындағы техникалық құралдарды, өзінің алдына қойылған сұрақтарға әділ де, ғылыми тұжырымда жауап беру үшін қолдану.

е) сараптаулар үстінде қылмыс жасауға мүмкіндік беретін жағдайларды анықтау, оларды болдырмау жайлы өз ұсыныстарын тапсыру.

14. Сарапшының құқықтары:

а) істің сараптау тақырыбына жататын материалдарымен танысу (сол бап);

ә) сарапшының алдына қойылған сұрақтарды топтау, олардың тұжырымдалуын анықтау керек болғанда, мазмұндарын түсіну үшін сараптау тағайындаған кісімен сөйлесу;

б) қорытындылау үшін оған қажет болған қосымша материалдарды талап ету (сол бап);

в) жіберілген материалдарды қорытындылау үшін жеткіліксіздігіне, немесе қойылған сұрақтардың сарапшының арнаулы білімінен тыс жатуына байланысты, сараптаудан бас тарту;

г) алдын-ала тергеудің, тергеушінің, прокурордың, соттың рұқсаты мен жауап алу және басқа тергеу қимылдары кезінде қатысып отыру, сондай-ақ, сараптау тақырыбына лайық, жауапкерлерге сұрақтар қою (сол бап);

ғ) егер сараптау бірнеше сарапшыға тапсырылса қорытынды шығарылғанға дейін басқа сарапшылармен ақылдасу;

д) сараптау үстінде сарапшы өзіне сұрақ қойылмаса да іске маңызы бар кейбір жағдайларды анықтаса, оларды қорытындыға бөлек тіркеп ұсынады;

е) жауап беру керек болса өз пікірін өз қолымен жазады (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 149, 151, 173 б.б.);

ж) сарапшының құқын бұзған алдын-ала тергеудің, тергеушінің, прокурордың, соттың әрекетіне немесе шешіміне белгілі тәртіп бойынша арызданады. Криминалистикалық бөлімше басшысының осыған ұқсас әрекетіне, шешіміне деген арыз жоғарғы криминалистикалық-сараптау орнына немесе Қазақстан Республикасы ІІМ-нің ҚПК-на жіберіледі.

15. Сарапшының құқы жоқ:

- заң мәнісіндегі, сондай-ақ сарапшының арнайы білімінен тыс, басқа сұрақтарды шешуге;

- өз топшылауын тұжырымдау үшін, осы іс бойынша заңсыз белгілі болған хабарлар мен материалдарды пайдалануға;

- заңды түрде тапсырылмаған материалдарды өзінше іздеп-тауып, тәргілеп, сараптауда пайдалануға;

- заң көздерінен алынған мен өзінің арнайы біліміне жатпайтын мәліметтерді зерттеуге.

16. Сарапшы топшылауды өз атынан жасайды, оған жеке өзі жауап береді. Сараптауды бір мамандықтағы сарапшылар жүргізіп жалпы бір қорытындыға келсе, оған барлығы қол қояды. Сарапшылар арасында айырмашылық болса әр сарапшы өз қорытындысын бөлек береді (сонда 56б).

17. Криминалистикалық бөлімшелердің қызметкерлері өз міндеттерін орындауға ықыласссыз, салқын қарағанды, сараптау жүргізудің мерзімін бұзғаны, зерттеу нысандарын сақтауға ұқыпсыздық жасағаны үшін, ақырында олар

бүлінсе материалдық жауапкершілікке, ал айыптауға негіз болған жағдайда, қылмысқа тартылады.

### 3. Сараптауларды жүргізу тәртібі

18. Сараптауды жүргізуге алдын-ала тергейтін кісінің, тергеушінің, прокурордың қаулысы немесе соттың анықтамасы арқау болып саналады. Олар Қазақстан Республикасы қылмыс істерін жүргізу заңына сәйкес мөлшерде шығарылады.

19. Сараптау қайталанып жүргізілгенде сарапшының қолында қаулы мен зерттелетін материалдарға қоса алғашқы сараптау актісінің түпнұсқасы немесе копиясы болуы міндетті.

20. Сараптауды тағайындаған қаулыны немесе соттың анықтамасын алған соң криминалистикалық бөлімнің бастығы оны жүргізуді сараптаушылардың мамандық бағытына қарай бірекеуіне немесе бірнешеуіне тапсырады.

Сараптау екі яки көп сарапшыға мынадай жағдайда тапсырылады:

а) сараптауды тағайындау қаулысында немесе соттың анықтамасында тікелей көрсетілсе Қазақстан Республикасы (ҚПК 57б);

ә) қойылған сұрақтарға жауап беру үшін әр түрлі мамандығы бар сарапшыларды тарту керек болғанда;

б) ерекше жағдайда, бұл туралы қаулыда немесе соттың анықтамасында көрсетілмесе, криминалистикалық бөлім бастығы қажет деп тапқанда.

21. Алдын-ала тергейтін кісінің, тергеушінің, прокурордың, соттың тапсыруы бойынша криминалистикалық бөлімнің бастығы сарапшыларды, олардың Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 56б, көрсетілген құқтары мен міндеттерін таныстырады; Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 187б 1 т. және 193б 11т бойынша сараптаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін жауапкершілігін ескертеді; осы жайлы қолхат алады, ол сарапшының актісімен бірге сараптауды тағайындаушыға жіберіледі (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 95б).

22. Қосымша сараптау сол сарапшының өзіне немесе басқасына, ал қайталанған сараптау-сарапшылар комиссиясына тапсырылады (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 56б).

23. Зерттеуге жіберілген материалдар мен танысу үстінде сарапшы, олардың құндақталу қаліне, бүтіндігіне, көлеміне, жазуына, мөр мен штамптың басылуына көңіл бөледі, құндақтың іздер мен заттай айғақтарды сақтау алу мүмкіншілігін анықтайды. Құндақтың ішіндегі нысандары шығарып алуға мүмкіндік беретін зақымдар немесе қайтадан құндақтаудың іздері криминалистикалық бөлімнің басқа қызметкерлерінің қатысуымен актіде көрсетіледі. Актінің бір данасы сарапшының қорытындысына тіркеледі.

24. Құндақты ашқан соң сарапшы ондағы нысандардың қаулыда көрсетілген тізімі мен сәйкестігін салыстырады, ұқыптылықпен қарап шығып, түгелдігіне көз

жеткізеді; келген материалдар көлемінің қорытынды жасауға жетістігін анықтайды.

Жіберілген материалдар жеткіліксіз болғанда сарапшы қосымша материалдар беруді сұрайды. Сұрақты қанағаттандыра алмауы жайлы хабардар болған сарапшы, қолдағы материалдарды зерттейді немесе қорытынды шығару мүмкіндігі болмауы себепті, оларды кері қайтарады.

25. Заттай айғақтардың бүтіндігін сақтау мақсатында зерттеудің алғашқы кезеңінде олардың түгелдігін және түр-түсін өзгертпейтін әдістеме қолданылады. Сарапшы зерттеу үстіне заттай айғақтардың материалдық шығынын үнемдеуге тиісті. Оларды түгелдей шығындау, сарапшы алдына қойылған сұрақтарға жауап беруге болмайтын және сараптауды тағайындаушы мен келісілген жағдайда ғана мүмкін.

Заттай айғақтардың үнемделген бөлігі құндақталып, мөр мен бекітіліп сараптауды тағайындаушыға немесе соның мекемесіне қайтарылады.

26. Заттай айғақтар жоғалмайтын, бүлінбейтін жағдайда сақталады, даралағанда:

- бағалы металдар мен тастар, олардан жасалған бұйымдар, мемлекеттік құнды қағаздар мен ақшалар мөр басылған сейфте сақталады;
- есірткі, улы, әсері күшті, тез тұтанғыш заттар өзге заттай айғақтардан бөлек мөр басылған арнайы темір сейфте сақталады; оларға жол тек осы сараптауды жүргізу тапсырылған сарапшыға ғана ашық;
- отты қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар арнайы жабдықталған, есігі темір мен қапталған, берік, ілмегі мен құлпы түзу, терезесі ашылмайтын жайда сақталады; бөлме өртке қарсы құралдар мен, қорғау хабаршысы мен жабдықталуға тиісті. Терезе тесіктеріне көзі 150х150 мм, шыбығының диаметрі 10 мм-ден кем емес темір тор берік бекітіледі; көзі 15х15 мм, сымының жуандығы 2,5 мм-ден кем емес темір тор қоса орнатылады;
- отты қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар бір бірінен бөлек темір шкафта сақталады.

Отты қару мен оқ-дәрінің есебін жүргізу, пайдалану, сондай-ақ оларды белгіленген тәртіпте сақтау жауапкершілігі криминалистикалық-сараптау бөлімінің бір қызметкерінің кәсіби міндеттері қатарына енгізіледі.

Отты қару, оқ-дәрілер және жарылғыш заттар криминалистикалық-сараптау бөлімі бастығының жарлығы бойынша тек осы нысандарды зерттеу тапсырылған сарапшыларға беріледі. Олар зерттеліп бітпесе де сол күні өзі орындарына қайтарылады.

Қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды жұмыстағы үзіліс кезінде жұмыс орнында қалдыруға, қаруды бөлімнен тысқа шығаруға (тәжірибелік орнынан басқа жаққа), тыйым салынады.

Аталған қарулар мен басқа заттай айғақтар ұрланған немесе жоғалған жағдайда криминалистикалық-сараптау бастығы осы жайлы жедел түрде ішкі істер мекемесінің басшысына және сараптауды тағайындаушыға хабарлауға міндетті.

27. Сараптау актісін жазған соң:

Заттай айғақтар және басқа материалдар сарапшының қорытындысымен бірге почта арқылы қайтарылады немесе міндетті түрде, материалдарды тіркеу журналында көрсетіліп өзін анықтап қол қойған шабарманға беріледі.

Құнды материалдар мен тастардан жасалған бұйымдар, бағалы заттар, улы, есірткі, әсері күшті, тез тұтанғыш, жарылу қауіпі бар заттар, көлемді және сынғыш заттай айғақтар почта мен жіберілмейді, аталған журналға қол қойдыру арқылы қайтарылады.

Қару мен оқ-дәрілер Қазақстан Республикасы ІІМ-нің актілерде мөлшерлеп белгіленген тәртіп бойынша сараптауды тағайындаған кісінің қолына беріледі.

Тез бүлінетін азық түліктер сараптау тағайындаушымен келісіліп, жойылады. Ол туралы сарапшы қорытындысында көрсетіледі.

Барлық қайтарылатын бұйымдар (заттай айғақтар, үлгілер) құндақталады, сарапшының өзінің немесе бөлімнің мөрі басылып бекітіледі.

Заттай айғақтарды почта мен жіберуге болмайтын жағдайда, сараптауды тағайындаушы, оларды алып кетуді өзі қамтамасыз етеді.

Заттай айғақтарды криминалистикалық-сараптау орындарының мәлімет коллекциялары мен қорына қосу қылмыс істерін қараған соттың шешіміне сәйкес істеледі. Соттың шешіміне дейін, тергеуші немесе сот қажет етсе, олар тоқтаусыз қайтарылып беріледі.

**4. Сараптау актісі**

28. Сарапшы өзіне қойылған сұрақтарға зерттеудің топшыламалары бойынша дәлелді қорытынды актісін жазбаша түрде береді (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 173б).

Актінің әрбір бетіне сарапшының қол қойылып криминалистикалық бөлімнің дөңгелек мөрі басылады.

29. Актіде мыналар көрсетілуі міндетті:

Кіріспе бөлігінде:

а) сараптау жүргізген криминалистикалық бөлімшенің аты, акті жазылған күні, айы, жылы;

ә) сараптауды орындаған сарапшының фамилиясы, аты-жөні, оның қызметі, білімі, ғылыми дәрежесі, атағы, мамандығы, сараптаушылық жұмыс мерзімі;

б) сараптау жүргізудің арқауы (алдын-ала тергеу жүргізушінің, прокурордың қаулысы, соттың анықтамасы);

в) қылмыс ісінің номері, сараптау тақырыбына жататын, істелген қылмыстың

қысқаша мән-жайы;

г) сараптауға жіберілген нысандардың тізімі;

ғ) сараптау шешіміне қойылған сұрақтар тізімі.

Қайталанған сараптауда актінің кіріспесінде алғашқы сараптауды жүргізген сарапшы жайлы мәлімет, оның топшыламасы және сараптаудың қайталану себептері көрсетіледі.

Зерттеу бөлігінде:

а) зерттеу үстінде қолданылған криминалистикалық құралдар, ғылыми әдістер және алынған нәтижелер;

ә) жүргізілген тәжірибелер: олардың мақсаты, мазмұны, жағдайы, саны, олардың нәтижелерін бекіту үшін пайдаланылған құралдар мен әдістер;

б) зерттеу нәтижесінде анықталған нысандардың ерекше белгілерімен қасиеттері;

в) анықталған белгілердің салыстырмалы зерттеудегі айла-тәсілдері, олардың арасынан табылған ұқсастықтар мен айырмашылықтарды бағалау нәтижесі.

Сарапшы алдына қойылған әрбір сұрақтың зерттелу жүрісі жеке тарауда жазылады. Екі немесе өзара тығыз байланысты сұрақтарды шешкенде, немесе бір түрлі нысандарды зерттегенде (мыс. көп нысанды сараптауда), зерттеу нәтижесі бір тарауда жазылады. Көп нысанды сараптаулар кезінде осы тарауда зерттеу жүрісін толық қамтып жазудың түрлі үлгілері қолданылады.

Соңғы бөлігінде:

Сарапшының топшыламалары заттай айғақтарды зерттеудің жан-жақты, терең және әділ негізде талданған және жинақталған нәтижелерінен тұжырымдалады. Ұқсастық сараптаудың жағымды тұжырымдарын дәлелдеген кезде, айырмашылығында бары аталып, олардың болу себептері түсіндіріледі.

Тұжырымдарда сарапшы алдына қойылған сұрақтарға анық, қысқа, әрі түрлі түсініске жібермейтін үлгіде жауап беріледі.

Олар мыналар:

а) тиянақты (жағымды, теріс);

ә) болжамалы (жағымды, теріс);

б) сұрақтың шешілуінің мүмкінсіздігі туралы тұжырым.

Сарапшы (сарапшылар тобы) қайталанған сараптауда кері тұжырымға келсе, актінің қорытындысында алғашқы сараптаудың тұжырымы мен келіспейтіндігіне дәлелдер келтіреді.

30. Зерттеудің нәтижесі фототаблица, схема, график, чертеж т.б. қосымшалармен көрнектіленеді. Актінің текстінде оларға сілтеме жасалады. Әр қосымшаға жазбаша түсініктеме беріліп, сарапшының қолы қойылады, криминалистикалық бөлімнің мөрі басылады.

## 5. Сараптауды бақылау, оларды есептеу

31. Криминалистикалық бөлімдердің және оларға бағынышты лабораториялардың сарапшыларының жүргізген сараптаулары мен зерттеулерінің сапасын бақылау криминалистикалық бөлімдердің бастықтарына жүктеледі.

Олардың міндеттері:

а) сараптау жүргізудің мерзімін бақылау;

ә) сараптауды білгірлік деңгейде жүргізуші үшін қажетті жағдай жасау;

б) сарапшы таңдаған әдістемемен танысып, зерттеу үстінде техникалық құралдар мен ғылыми әдістерді жете, толық пайдалануға қажетті ұсыныстар беру ;

в) сарапшыға практикалық көмек беру, қажет болған өзге ведомстволардың ғылыми-зерттеу институттарының, лабораторияларының және мекемелерінің мамандарының кеңесін ұйымдастыру;

г) сараптаушылардың актілерін тексеріп тұру, зерттеудің жан-жақтылығына, толықтығына көңіл аудару, тұжырымдардың дәлелдігін, нанымдылығын және көрнекілеуші материалдардың сапасын бақылау;

ғ) дұрыс жазылмаған немесе дәлелделмеген актіні, кемшіліктерді жою үшін сарапшыға қайтарып беру;

д) бағынышты криминалистикалық лабораториялардың сарапшыларының актілерін әр мезгіл сипаттамалау.

32. Криминалистикалық бөлім бастығының құқықтары:

а) криминалистикалық бөлімшелердің сарапшыларының алдына қойылған сұрақтар, олардың арнайы білімінен тыс жатқан жағдайда, сараптауға түскен материалдарды орындамай кері қайтару;

ә) сараптау тағайындаған қаулыда (анықтамада) сарапшының фамилиясы көрсетілмесе, жүргізушіні өзі таңдау;

б) сарапшының ауырып қалуына немесе жедел іс-сапарына шығып кетуіне байланысты сараптауды тағайындаушы мен келісім бойынша, сараптау материалдарын басқа сарапшыға беру;

в) кешіктіруге болмайтын басқа сараптауды жүргізу қажеттігіне байланысты қолдағының мерзімін тоқтата тұру.

33. Қазақстан Республикасы ІІМ-нің криминалистикалық орындарының жұмыс есебі сараптау жүргізу журналына тіркеледі (2 қосымша).

## 6. Ішкі істер мекемелерінде орындалатын сараптаулардың түрі

Ішкі істер мекемелерінің криминалистикалық-сараптау орындарында мына түрлі криминалистикалық сараптаулар мен зерттеулер жүргізіледі:

а) дактилоскопиялық - қол іздері бойынша олардың иелерін анықтау мақсатында;

ә) трасологиялық - қалған іздер бойынша адамдарды, малдарды, көлік құралдарын, өндіріс механизмдерін, сондай-ақ саймандарды және бұйымдарды ұқсастыру; іздердің пайда болу механизмін, жабық құлыптардың өзге кілт пен немесе басқа зат пен ашылуын, пломбаның алғашқы қалпының бұзылуын анықтау; бөлектерден бүтінді жинау және іздермен байланысты басқа да зерттеулер жүргізу, мақсатында;

б) қол жазуын зерттеу - қол жазуын және қол таңбасын орындаушыларды анықтау мақсатында;

в) авторлығын зерттеу - жазудағы сөзі бойынша құжаттың егесін және оны орындаушының сауаттылық деңгейін анықтау мақсатында;

г) құжаттарды техникалық зерттеу - құжаттардағы қосып жазуды, түзетуді, өшіруді, химиялық жоюды; құжаттар мен олардың бөлшектерінің орындалу мерзімін; көрінбейтін және әлсіз көрінетін текстерді анықтау; құжаттарды, олардың кейбір анықтауыштарын жасау кезінде қолданылған бұйымдарды, механизм мен тетіктерді; материалдарды ұқсастыру; басылған мөр мен штамптың дақтарын, машина жазуларын т.с.с. зерттеу мақсатында;

ғ) баллистикалық - отты қарудың түрін, жүйесін, моделін анықтау; атылған оқ пен қауыз арқылы қаруды ұқсастыру; қару мен оқ-дәрінің техникалық қалін анықтау; ақ пен қауыздың бір патронды қарауын, отты қаруды қолдануға байланысты тағы басқа жағдайда анықтау мақсатында;

д) суық қаруды зерттеу - зерттелетін бұйымның белгілі бір суық қару түріне немесе ұрып-сындыратын аспапқа жататындығын анықтау мақсатында;

е) адамды сырт-бет келбеті бойынша салыстыру - екі немесе оданда көп фотоға бір адам әлде әркім түсірілгендігін; бас сүйектің немесе оның рентгенноргаммасының, киімдердің аяқ киімдердің, әсемдік тағы басқа бұйымдардың фотодағы кісіге тиістілігін анықтау мақсатында.

## Материалдарды, заттарды және олардан істелген өнімдерді криминалистикалық сараптау

Заттай айғақтық мәлімет орнына жүретін әр түрлі материалдар, заттар және солардың өнімдері, сондай-ақ топшылама жасауға септігін тигізетін мәліметтері бар тиісті материалдар мен істер (тергеу қимылдарының хаттамалары, оқиға орындарының чертеждері, медицина-сот сараптауларының қорытындылары т.б.), сарапшы зерттеуінің нысандары болып саналады.

Материалдарды, заттарды, олардың өнімін криминалистикалық-сараптау, негізгі мына міндеттерді шешу үшін жүргізіледі:

- жұқтырушы бұйымдағы немесе алып-келінген бұйымдағы мөлтек бөлшектер мен мөлтек іздерді іздеп-табу, олардың белгілі бір материалдың және өнімнің түріне жататынын анықтау;

- жалпы түрде немесе топқа жатуын анықтау;
- нақтылы нысанды, жеке-дара бөлшектерін немесе іздерді бір-біріне қондыру арқылы салыстыру;
- нақтылы бұйымдарды өзара жанастыру тәртібімен табу;
- материалдардың, заттардың немесе өнімдердің жасалу тәсілін, ауқымымен қолдану мақсатын анықтау.

**Лак пен сыр материалдарын және бояу-жапқышты сараптау**

Зерттеу нысандары:

- нақтылы зат немесе үсті боялған заттар құрамы (автокөлік құралы, аспап, есік, қару, құрал, пышақ т.б.), әсте солардан бөлініп түскен бөлшектер;
- нақтылы көлемдегі лак пен сыр материалдары (шөлмектегі ақ бояу, көркемдік немесе тұрмыстық сыр);
- нақтылы құралым көлеміндегі лак-сыр материалдары (жалған құжаттар жасау үшін пайдаланылған акварель бояулар);
- лак пен сырды жағу, өңдеу үшін қолданылатын материалдар, аспаптар мен саймандар (бояу жаққыштар т.б.);
- сыр шығатын нақтылы орын (дайындаушы-завод).

**Маталарды, талшықтарды және солардың бұйымдарын сараптау**

Зерттеу нысандары:

- маталар, тоқыма талшықтар, жіптер;
- талшықты материалдардан жасалған бұйымдар (киім, киім құрамы, білтелер, арқандар т.б.);
- талшықты материалдардың нақтылы көлемдері (буылған мақта, бума кендер т.б.).

**Топырақтану - соттық сараптау**

Зерттеу нысандары:

- белгілі орынның нақтылы бөлшегі;
- жұқтырушы-бұйымдардағы жабысқан топырақ-балшықтар (көлік құралдары, киім, аяқ киім, бұзу саймандары, күректер т.б.);
- құйылған дуалдар, үйдің төбелері тағы басқа құрылыс материалдары;
- салыстырып зерттеу үлгілері.

**Есірткі, әсері күшті және улы заттарды сараптау**

Өсімдік-шикізатынан (кендір, көкнәр) қолдан жасалатын және дәрі-дәрмек өнеркәсібі шығарылатын, сондай-ақ өсімдіктердің есірткі бөлшектері зерттеу нысандары болып саналады.

**Металдарды, ертінділерді және олардың бұйымдарын сараптау**

Зерттеу нысандары:

- болаттан, мыстан, алюминиядан және олардың ерітінділерінен жасалған бұйымдар, бөлшектер;
- асыл металдардан (алтын, күміс) жасалған бұйымдар және қаптаулар;
- қорғасыннан, қалайыдан, мыстан, болаттан және асыл металлды бұйымдардан басқа заттарға ауысқан жұғындылар;

Металдарды, ерітінділерді, солардан жасалған заттарды сараптау мынадай негізгі міндеттерді шешу үшін жүргізіледі:

- металдардың түр-түсін, атқаратын міндетін тауып - анықтау;
- металдардың және солардың жасалған заттардың туыстық (топтық) қатынасын анықтау;
- металдардан жасалған нақтылы бұйымдар мен олардың шығатын өндіріс көздерін ұқсастыру.

**Шыныдан, керамикадан және силикатты құрылыс материалдарынан жасалған заттарды сараптау**

Зерттеу нысандары:

- техникалық-жарық шынылары (автокөлік құралдарының ыдыратқыш фарлары, электр шамдарының сауыты);
- көлік құралдарының шанақтары мен кабиналарының желдеткіш және маңдайша әйнектері, терезелердің және тұрмыстық бұйымдардың әйнектері, тұрмыстық әр қалай шыны ыдыстар;
- жақсы сортты шыныдан жасалған бұйымдар (ыдыс, хрусталь);
- керамикадан жалпылама өндірістік бұйымдар;
- әр түрлі құрылыс материалдары (гипстен, әк пен құмнан, асбест пен цементтен жасалған бұйымдар, цемент, бетон, құрылыс езінділері).

**Азық-түлік пен арақ-шараптарды сараптау**

Зерттеу нысандары:

- ет-сүт тағамдары, шұжықтар мен сурленгендер, сары май, ара балы, құмшекер;
- жүзімдік және жеміс-жидек шараптары, коньяктар мен арақтар, тұнбалар мен бальзамдар;
- азаматтардың жеке шаруашылығында істелетін брага, самогон, чача, арака.

**Арнайы химиялық заттарды сараптау**

Мұндағы нысандар әр түрлі бояулар, белгілегіш заттар (химиялық "қақпан үшін").

**Биологиялық - (ботаникалық) соттық сараптау**

Зерттеу нысандары:

- өсімдіктер мен олардың бөлшектері (жапырақтары, сабақтары, гүлдері, ұрықтары, дәндері, қабықтары, тамырлары);

- малдар мен құстардың жемі (шөп, сабан, силос, сенаж, аралас жем, кебек, дән, дән қалдықтары);

- өсімдік ішкі затының бұйымдары (мақта, ағаш зығыр, кендір т.б.);

- малдың жүндері, түбіттері;

- терілер мен тері бұйымдары;

- құстың қанаттары мен мамықтары.

**Биологиялық - (медициналық) соттық сараптау**

Зерттеу нысандары:

- қан, шаш, адам ағзасынан шығатын сұйықтар (түкірік, сідік, былазық, тер т.б.);

- танылмаған өліктің қол саусақтарының сыртқы терісі (кейінірек оны ұқсастыру үшін).

**Автотехникалық сараптау**

Зерттеу нысандары:

- автомобильдер, мотоциклдер, мотороллерлер, мопедалар, мотобесіктер, тракторлар, өзі жүретін механизмдер, тіркеуіштер, жартылай тіркеуіштер, көлік-жол оқиғасына қатысты велосипедтер;

- көлік-жол оқиғасының орны;

- сарапшыға тапсырылатын материалдар (құжаттар, заттай айғақтар, бөлшектер, механизмдер т.б.);

Криминалист-сарапшының құзырына мына міндеттерді шешу енеді:

а) оқиғаға қатысы бар көлік құралдардың техникалық қалін анықтау мақсатындағы:

- техникалық ақаулардың пайда болу уақыты мен себептері;

- көлік-жол оқиғасы болғанға дейінгі техникалық ақауларды табу мүмкіншілігі;

- көлік құралынан табылған техникалық ақаулар мен көлік-жол оқиғасының ( қағу, соқтығысу, аударылу т.с.с.) арасындағы байланыс себебі;

- оқиға кезіндегі көлік құралының техникалық қалінің оқиғаны болдырмау мүмкіндігі;

- көлік құралының техникалық қаліне байланысты көлік-жол оқиғасының болуына мүмкіндік берген немесе беруі мүмкін жағдайлар;

ә) көлік-жол оқиғасы болған жердегі жағдайды дәлдеп, анықтап зерттеу мақсатындағы:

- көлік құралдарының және басқа нысандарының оқиға орнындағы қозғалуын сипаттайтын (ілінгіштік коэффициенті, шайқау коэффициенті т.б.) коэффициенттердің маңызы;

- көлік-жол оқиғасы сәтіндегі жол жағдайын ескеру арқылы жүргізушінің орнынан шолып-қарау мүмкіндігі;

- көлік-жол оқиғасы алдындағы оның болуына мүмкіндік берген немесе біреуі мүмкін жағдайлар;

б) тергеу жолымен, оқиға орнын қарау және кейінгі зерттеулер үстінде сарапшы жинаған мәліметтер бойынша көлік-жол оқиғасының механизмін немесе оның жеке бөліктерін мыналарды анықтау мақсатында зерттеу:

- көлік құралының қозғалу жылдамдығын;
- көлік құралдарының тежеу және тоқтау іздерін;
- соқтығысқан екі көлік құралының арасындағы күш қимылының бағытын (трасолог-сарапшымен бірге);
- көлік құралдарының өзара орналасуын және көлік-жол оқиғасының әр түрлі сәттерін (трасолог-сарапшымен бірге);
- тергеу мен сот анықтаған жол жағдайының даму сәтінде оқиғаны техникалық болдырмау мүмкіншілігін;
- көлік құралының жолдың белгілі бір шебін басып өту уақытын және с.с;
- жүргізушінің әлде болса көлік-жол оқиғасын техникалық болдырмау мүмкіншілігінің сәтін; осы сәттегі кедергінің орналасуын.

**Өртті техникалық сараптау**

Зерттеу нысандары:

- өрт орнынан табылған заттар материалдар;
- электр сымдары, электр қорғау аппараты, электр аспаптары;
- үстінде жанатын, тез тұтанатын заттардың ізі бар-ау дерлік жұқтырғыш-бұйымдар;
- өрт ошағы және жаңа бастаудың техникалық себептері.

**Фоновидеоскопиялық сараптау**

Сараптау нысандары:

- дыбыс және дидар материалдары (адамды дауысы мен сөзі бойынша ұқсастыру және диагноздау мақсатында);
- дыбыс пен дидар жазу жүргізілген аппаратура.

**Техникалық-жарылысты сараптау**

Зерттеу нысандары:

- жарылғыш заттар;
- жарылыс орнынан тауып алынған заттай материалдар;
- жару құралының тетіктері электродетонаторлар, білте бауы және с.с.);
- үстінде жарылғыштың ізі бар-ау деуге болатын әр-түрлі бұйымдар.

Материалды-техникалық қор және тиісті мамандар бар жағдайда тағы басқа сараптаулар да жүргізілуі мүмкін.

Ережеге
1 қосымша

**Қазақстан Республикасы ІІМ**

________________________________________________________________

(криминалистік бөлімнің аты)

Тел. N___________________ г.______________________________қал.

**Сараптау актісі**

N______________ ____________________________19__ж. г.

Сараптау жүргізу сарапшы(ларға) тапсырылды____________________

________________________________________________________________

(қызметі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

________________________________________________________________

(фамилиясы, аты-жөні)

білімі(дері) және сараптау жұмысында __________________________________________жыл стажы (дары) бар.

Қазақстан Республикасы ҚПК 171 ст. сәйкес, ҚР ҚПК 55 ст. көрсетілген сарапшының еркі мен міндеттері түсіндірілді.

Қазақстан Республикасы ҚК 187 және 193 ст.ст. бойынша сарапшы(лар) әдейі жалған қорытынды шығарғаны үшін, бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін қылмысқа тартылатыны ескертілді.

________________________________________________________________

(қолдары)

Сарапшы тағайындау жөніндегі қаулысына (соттың ұйғарымына) сүйене отырып,

______________________________19__ж.г.___________________________

_________________________________________________________________

(қаулы шығарушының қызметі, бөлімнің аты)

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

(қаулы шығарушының фамилиясы, аты-жөні)

_________________________________________________________________

қозғалған N __________________іс _______________________бойынша

_________________________________________________________________

(істелген қылмыстың ақиқаты, үстінен қылмысты іс қозғалған кісінің аты-жөні)

_________________________________________________________________

(қылмыстың түрі)

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

сараптау________________________________________жүргіздім (дік).

(сараптаудың түрі)

Сарапшы__________________

Н ұ с қ а у ғ а
2 қосымша

**Жүргізілген сараптауларды тіркейтін Журнал**

| РетNN(сарап. таудың рет номері | Материалдар.дың сарап. тауға түскен күні, айы, жылы | Материал жіберген мекеменің аты | Қылмыстың түрі,қыл. мыс ісі. нің N | Сараптау.дың түрі | Сараптауға не түсті |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

| Зерттел. ген ны. сандардың саны | Сараптау.дың қыс. қаша нә.тижесі | Сараптауды жүргізген сарапшының фамилиясы, аты-жөні | Алғашқы са.раптауды жүргізген мекеменің аты, жүргіз.ген күні, айы, жылы | Құжаттың шығыс номері, күні, айы,жылы немесе қорытындыны ал.ған кісінің қолы | Ескерту (қылмыс.тың ашылғаны жайлы белгі) |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

Қазақстан Республикасы ІІМ 1993 жылғы 31 мамырдағы N 210 бұйрығына сәйкес

**Қазақстан Республикасы ІІМ, ІІББ, ІІБ, ТІІБ-ның анықтау-ақпарат қорлары мен криминалистикалық есептерін ұйымдастыру және жүргізу туралы Нұсқау**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Криминалистикалық-сараптау орындарындағы криминалистикалық есептер қылмыстың алдын-алу, анықтау және тергеу үшін іздер мен басқа да криминалистикалық мәлімет көздерін жете, толық пайдалану мақсатында жүргізіледі.

Анықтау-ақпарат қорлары тергеу, шұғыл-істер және криминалистикалық-сараптау орындарының керекті анықтамалық мәліметтерді

мына жағдайда алып тұруына арналған:

- қылмыс ісі, іздеудегі адамдар, іздеу бағыттары туралы пікір (версия) құрастырғанда;

- сараптау мен зерттеу жүргізгенде;

1.2. Мәліметтерді сақтау әрбір нақтылы жағдайда картотекалар, өз бейнесіндегі нысандар коллекциялары, фототекалар, бейнефонограммалар, фонотекалар, альбомдар, журналдар, планшеттер, атластар, каталогтар, электрондық-есептеу негізінде мәліметтер іздеу жүйелері, т.б. түрінде іске асырылуы мүмкін.

1.3. ІІМ, ІІББ, ІІБ, ТІІБ-ның криминалистикалық-сарапаттау орындарында мынадай криминалистикалық-сараптау есептері жүргізіледі:

Қазақстан Республикасы ІІМ-де:

- қылмыстары ашылмаған орындардан алынған, қарудың іздері бар оқтар, қауыздар, патрондардың коллекциясы;

- ашылмаған қылмыстар бойынша фонотека;

- барлық елдердің жалған қағаз ақшаларының және құнды қағаздарының картотекасы;

- полиграфия құралдарымен жасалған жалған құжаттар картотекасы;

- ашылмаған қылмыстардың (ауыр түрлері бойынша) орындарынан алынған қол іздерінің картотекасы;

- суық карулардың анықтағыш коллекциясы;

- отты қарулар мен оқ-дәрілердің анықтағыш коллекциясы;

- есірткі заттардың (қолдан және фабрикада жасалған) анықтағыш коллекциясы;

- барлық елдердің дәл-өзіндік қағаз және метал ақшаларының анықтағыш коллекциясы.

ІІМ-гі басқармасының шешімі бойынша басқа да картотекалар мен коллекциялар құрылуы мүмкін.

ІІББ, ІІБ, ТІІБ-да:

- дактилоскопиялық;

- мөлтек нысандардың;

- сындырғыш құралдар іздерінің;

- аяқ киім табандарының;

- автокөлік шиндері протекторлары іздерінің;

- милиция есебінде тұрған адамдардың фото және бейнетекаларының;

- ашылмаған қылмыстар бойынша фонотекаларының;

- анықталмаған қылмыскерлердің субъективті портреттерінің;

- әсері күшті және есірткі дәрі-дәрмектерді алуға жасалған жалған медициналық рецептер және оларды жасаушылардың қолжазбаларының үлгілері.

Шұғыл-істер жағдайында, сондай-ақ оқиға орындарын қарау үстінде табылған іздер мен нысандардың мән-жайына қарай криминалистикалық-сараптау бөліміндегі тиісті лабораториялардың және аталған есептердің мәліметтер банктерінің құрылуын қамтамасыз етуі керек.

1.4. Криминалистикалық-сараптау орындарының анықтау-ақиқат қорларына мәліметтер банктеріндегі заттар мен бұйымдарының қасиеттері, көлемі, үлгісі, тағы басқа мінездемелері мен қоса, әдетте, өз бейнесіндегі мәлімет коллекциялары мен картотекалары кіреді. Олар мыналар:

- отты қарулар мен оқ-дәрілердің;
- бұзып-сындыру мағынасында пайдаланылатын кең тараған бұйымдар мен саймандардың;
- аяқ киімнің табаны мен үстінің;
- автокөліктің шин протекторлары дақтарының;
- ыдыратқыш фарларының;

Бұлардан басқа да анықтаушы картотекалар мен коллекциялар құрылуы мүмкін. Мыс: шет ел істеген пломбалардың, талшықты материалдардың, мал жүндерінің, жағу-майлау материалдарының, есірткілердің және әсері күшті көп тараған дәрі-дәрмектердің, суық қарулардың, жарылғыш заттардың, құжаттар жасау үшін пайдаланылатын материалдардың; мөр мен штамп басылымдарының т. б.

1.5. Егер криминалистикалық-сараптау есептері мен өз бейнесіндегі анықтаушы нысандардың сақтау тәртібі арнайы белгіленбесе, олардың сақталуы сейфтерде, шкафтарда, витриндерде, қобдишада атқарылады. Есеп мәліметтерінің сақталуы нысандарының физикалық және химиялық қасиеттерінің сыртқы түрлерінің табиғи өзгерістеріне жол бермеуі керек.

1.6. Сараптауды уақтылы тағайындау және оқиға орындарынан алынған тиісті нысандардың криминалистикалық-сараптау есебіне қоюды бақылауды ішкі істер мекемелерінің шұғыл-істер мен тергеу аппараттары атқарады. Криминалистикалық-сараптау орындарында жіберілген нысандардың сақталуы, уақтылы және сапалы тексерілуі криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің басшыларына жүктеледі.

1.7. Тексеру нәтижесі бойынша белгілі немесе еркін үлгіде анықтама жазылады, криминалистикалық-сараптау бөлімі бастығының қолы қойылып тексерілген нысандармен бірге тексерушіге - ынтагерге қайтарылады.

1.8. Қылмыстарды ашу және тергеуде криминалистикалық есептерді пайдалану мәселелері бойынша хат жазысу "Қызметте пайдалану үшін" деген грифпен жүргізіледі.

**2. Қару іздері қалған оқтар, қауыздар, патрондар коллекциясы**

2.1. Қару іздері қалған оқтар, қауыздар, патрондар коллекциясы мына жағдайда құрылады:

а) қылмыскердің бірнеше қылмыс жасағанда отты қарудың жеке бір ғана данасын қолданғанын анықтау үшін;

ә) тәргіленген, табылған немесе өз еркімен өткізген отты қару қылмыстар жасауда қолданылдыма, жоқпа деген сұрақтарды шешу үшін.

2.2. Коллекцияны жүргізу криминалистикалық бөлімнің сот баллистикасымен маманданып жүрген бір немесе бір топ қызметкерлеріне тапсырылады. Коллекцияны бірнеше сарапшы жүргізсе олардың біреуіне жауапкершілік жүктеледі.

2.3. Коллекция нысандары арнайы істелген шкафта немесе қобдида сақталады, жұмыстан тыс уақытта жабылып, мөрмен бекітіледі. Нысандарды сақтау тәсілі олардың ұзақ мерзімділігін қамтуы қажет.

2.4. Тергеу жүргізуші мекеме, ІІБ, қалауджел криминалистикалық бөлімшелері арқылы, қарудың ізі қалған оқтарды, қауыздарды және патрондарды коллекциядан тексеру үшін қылмыс ісі қозғалғаннан кейін 10 күн ішінде ( жасалған қылмыс ашылсын, ашылмасын) жібереді.

2.5. Қарудың ізі қалған оқтардың, қауыздардың, патрондардың коллекциясы үш бөлімнен құралады:

а) қылмыс орнынан табылған, мәйіттің немесе жәбірленушінің денесінен алыған оқтардан;

ә) қылмыс орнынан табылған қауыздар, патрондардан;

б) мәлімет карточкаларының картотекасынан.

2.6. Коллекцияның әрбір нысанында тіркеу журналындағы номермен сай келетін өз номері болады.

Коллекцияға түскен оқтарды, қауыздарды, патрондарды тәжірибелік нысандармен ауыстырып алмас үшін олардың қару ізі жоқ жерлеріне қызыл нитролакпен белгі салынады.

2.7. Қарудың ізі қалған оқтар, қауыздар, патрондар коллекцияға мынадай тәртіппен орналастырылады:

а) оқтар-қарудың калибрі, жүйесі, із ойықтарының саны, бағыты бойынша; егер қарудың жүйесі анықталмаса оның түрі бойынша орналастырылады;

ә) қауыздар мен патрондар оларға тән қарудың түрі, қарудың патрон тірегішінен қалған іздер және шаппа іздерінің орналасуы бойынша.

Коллекцияның осы бөліміне қарудың басқа түрінен атуға бейімделген патрондардың қауызы және әдеттен тыс іздері бар қауыздарда орналастырылады.

2.8. Аймақтық коллекцияға түскен оқтар, қауыздар, патрондар:
а) тіркеу журналына тіркеледі (1 қосымша);
ә) олар қандай жүйедегі және үлгідегі қарудан атылды немесе түсті деген мақсатта зерттеледі;
б) коллекция бойынша тексеріледі, соңынан оның тиісті бөліміне орналастырылады.

2.9. Нысандар коллекцияға келіп түскен уақыттан бастап 10 күн мерзім ішінде тексеріледі.

Нысандар іздері бойынша бірнеше қылмысты жасауға қатысқан қарудың ұқсастығы анықталса, олар біріктіріледі. Осы туралы журналдың "Ескерту" графасына тиісті белгі соғылады (1 қосымша).

Тексерудің нәтижесі анықтама мен мүдделі мекемеге хабарланады (2 қосымша). Сондай-ақ анықтамада коллекцияға түскен қауыздар мен патрондардағы олардың бір жерден шыққандығын куәлендіретін таңбалы белгілердің ұқсастығы жайлы да көрсетіледі.

2.10. Нысандардың аймақтық коллекциядан алынатын кездері:
а) оқтың, қауыздың немесе патронның қай отты қарудан атылған немесе түсіп қалғаны анықталғанда;
ә) тергеуші немесе сот сұратқанда;
б) 20 жылдық сақтау мерзімі өткенде;

Соңғы жағдайда нысандар, қылмыс істерінде сақталу үшін, оларды жіберген мекемеге қайтарылады.

Оқтың, қауыздың, патронның коллекциядан қай уақытта, не себепті алынғаны , сондай-ақ қайда жіберілгені жөнінде журналға белгі соғылады (1 қосымша).

2.11. Оқтың, қауыздың, патронның қай қарудан атылғанын немесе түсіп қалғанын анықтау үшін аймақтық коллекция бойынша тексеруге мыналар жатады:
а) күдікті немесе айыпты адамнан тәргіленген отты қару;
ә) табылған отты қару;
б) өз еркімен өткізілген отты қару.

Отты қаруды коллекция бойынша тексеруге жіберу, оны мүдделі мекемеге қайтару, жоғалған және анықталған ойықты отты қарудың жедел есебінің тәртібі туралы Нұсқауына сәйкес жүргізіледі.

2.12. Техникалық жағынан бұзық қару коллекция бойынша тексеру үшін оның сынған немесе жоғалған бөлшектерін айырбасталмаған бөлшектерінің іздері пайдаланылады. Қарудың бөлшектерінің тәжірибелік атқылау кезінде айырбасталғаны тиісті құжаттарда (сарапшының қорытындысы, зерттеу анықтамасы) көрсетіледі. Техникалық жағынан бұзық қару үшін, бөлшектер анықтау коллекцияларының нысандарынан таңдап алынады.

2.13. Қарудың тергеу орнында болмауы тергеуге теріс әсер ететін жағдайда, аймақтық коллекцияға осы қарудан тәжірибелік атылған оқтар мен қауыздар жіберіледі.

2.14. Аймақтық коллекция бойынша тексеруге жіберілген отты қару:

а) журналға тіркеледі (3 қосымша);

ә) оның техникалық қалін, атуға жарамдылығын және ату үстіндегі қауіпсіздігін анықтау мақсатында зерттеледі;

б) тәжірибелік оқтар мен қауыздар алу үшін атқыланады.

Тәжірибелік оқтар мен қауыздар коллекция бойынша тексеріледі. Тексеру нәтижесі мүдделі мекемеге анықтамамен хабарланады (4 қосымша).

2.15. Тергеушінің немесе алдын-ала тергеу мекемесінің тапсырысы бойынша тәжірибелік оқтар мен қауыздар ТМД елдері ІІМ-нің аймақтық коллекцияларына да жіберілуі мүмкін.

Мұндай тексеріс қажет болмағанда тәжірибелік оқтар мен қауыздар бір ай сақтау мерзімі өткен соң жойылады.

**3. Жалған ақшалар картотекасы**

3.1. Жалған ақшаның, қазына мен банк билеттерінің жалпылама шығуын, олардың жасалу тәсілдерін және технологиясын анықтау үшін Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Криминалистикалық-сараптау басқармасында жалған ақшалардың картотекасы құрылады.

3.2. Картотека сараптаулар жүргізетін ІІБ-нің криминалистикалық бөлімдерінен түсетін материалдар есебінен құрылады. Ол жағынан ақшалардың, банк пен қазына билеттерінің оң және сырт жағының суреттерінен және әртүрлі жалған ақшалардың үлгісінен тұрады.

Жасалған ақшалар, банктің, қазынаның билеттері қай жерден тәргіленсе де, Ресей Федерациясы ІІМ-нің ҚСО-ның жалған ақшалар картотекасында тексерілуге тиісті. Оларды криминалистикалық бөлімдер көрсетілген Орталыққа сараптау бітісімен үш тәуліктен кешіктірмей жібереді.

Жалған ақша мен бірге олардың оң және сырт жағының суреттері (масштаб: 3: 1 - тиындар үшін; 1:1 - банк пен қазна билеттері үшін), сарапшы қорытындысының копия, негізгі сызықтары белгіленген спектрограмма (3:1 масштабта) қоса жіберіледі.

3.3. Жалған тиындар мен қағаз ақшалардың фотосуреттері карточкалары желімделінеді. Карточкаға жалған ақша белгісінің өткізілген немесе табылған жері және уақыты туралы, қылмыс ісінің номері, жалған ақша жасаушы жайлы, сараптау мен картотекадан тексерудің нәтижесі туралы мәліметтер жазылады.

3.4. Тиын ақшаның, қазына мен банк билеттерінің жалғандығын немесе дәлдігін анықтау мақсатындағы зерттеулерді әр аймақтағы криминалистикалық бөлімдер жүргізеді.

Ақша белгілері, зерттеуге, ішкі істер мекемесі бастығының немесе тергеу орнының хаты мен жолданады, онда күмәнді ақшаның табылу жайы көрсетіледі.

3.5. Түскен белгілердің тексерілуі бес тәулік ішінде атқарылады. Тексеру нәтижесі бойынша анықтама жазылып, тексерілген нысанмен бірге ынтагерге қайтарылады (5 қосымша). Тексерілген нысанның картотекада бұрын тіркелген жалған ақшамен бір жерден шыққаны анықталса, анықтаманың копиясы алғашқы ақша табылған жерге - ІІБ-на жіберіледі.

3.6. Металл ақшаның дәлдігі аспаптарды қолданумен, ал қағаз ақшаның дәлдігі - дәл өзіндік қазына және банк билеттерінің үлгісімен көзбен (визуально) салыстыру арқылы анықталады. Дәлдігі анықталған ақша, зерттеуден кейін, тексертуші-мүддегерге қайтарылады.

3.7. Жалған ақша мен дәлдігі анықталмаған ақшалар (полиграфиялық тәсілмен жасалған қағаз ақшалардан басқалары) криминалистикалық бөлімнің анықтамасы мен бірге сараптау жүргізу үшін ішкі істер министрлігіне жіберіледі.

Полиграфиялық тәсілмен жасалған қағаз ақшалар анықтама мен бірге Ресей Федерациясы ІІМ-нің криминалистикалық сараптау Орталығына жіберіледі. Онда олардың жасау тәсілдері мен технологиясы бойынша жалпылама шығуы анықталады. Анықтаманың копиясы ақша белгілерін тексеруші мекемеге немесе тергеушіге жолданады.

3.8. Криминалистикалық бөлімнің физикалық-химиялық лабораториясының сарапшысы ақша белгілерін сараптаудың нәтижесі бойынша қорытынды шығарады. Ақшалардың картотекада тексерілгені жайлы қорытындыда көрсетілмейді. Ақша белгілерінің жалғандығы анықталса сарапшы қорытындысының копиясы Қазақстан Республикасы ІІМ-нің экономикалық қылмыспен күрес бас басқармасына (ЭҚКББ) жіберіледі.

## 4. Дактилоскопиялық есептер

4.1. Ішкі істер мекемелері криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің дактилоскопиялық есептері мыналарды айқындау үшін құрылған:

- оқиға орнында қол іздері қалдырғандарды;
- бір адамның бірнеше оқиға орнында қол іздері қалдыру жайын;
- егер бұрын милиция есебінде тұрса, мәйіттің жеке басын анықтау үшін.

4.2. Дактилоскопиялық есептер ашылмаған қылмыстардың орындарынан тауып алынған қол іздерінің фотосуреттерінің картотекасынан (ізтека) және ішкі істер мекемелерінің шұғыл-істер мүддесіне қажет адамдардың дактилоскопиялық карталарынан (дактилокартотека) тұрады.

4.2.1. Ізтекалар барлық ІІББ, ІІБ, ТІІБ-да және қалалық, аудандық желілік ( қалауджел) ішкі істер мекемелерінде, ал Қазақстан Республикасы ІІМ-де қылмыстардың ауыр түрлері бойынша жүргізіледі.

4.2.2. Дактилокартотекалар криминалистикалық-сараптау орындары бар қалауджел ішкі істер мекемелерінде ғана құрылады.

4.2.3. Аймақтағы шұғыл-істер жағдайының ерекшеліктеріне орай, қажет болғанда, ІІББ, ІІБ, ТІІБ-сы бастығының шешімі мен олардың криминалистикалық-сараптау бөлімдерінде кейбір қатардағы адамдардың (пәтер ұрлаушылар, нашақорлар және с.с.) дактилокартотекалары құрылуы мүмкін.

4.3. Ізтекалардың жұмысын ұйымдастыру

4.3.1. Ізтекалары екі бөлімнен құрылады. Ізтекалардың бірінші бөлімі қол іздерінің фотосуреттерінен тұрады. Дактилоскопияда қабылданған жіктеу тәртібі бойынша жүйеленген олардың папилляр (дөңес) өрнектерінің түрі мен үлгісі анықталады. Ізтека бойынша дактилокарталарды тексеруді жеңілдету мақсатында осы бөлімде бөлімшелер болуы мүмкін, олар қылмыстың жасалу уақыты, тәсілі және басқа белгілері бойынша құрылады.

Ізтеканың бірінші бөлімі бойынша тексеруге дактилокартотекаға салынған дактилокарталар және шұғыл-істер орындары мен тергеушілер жіберген қылмыста күмәнді адамдардың дактилокарталары жатады.

Ізтеканың екінші бөлімі дөңес өрнектерінің түрі мен үлгісі анықталмаған қол мен алақан іздерінің фотосуреттерінен құрылады.

4.3.2. Криминалистикалық-сараптау бөлімдеріне оқиға орнын қарау кезінде тауып алынған қол іздері мен қоса қылмыс жағдайына қатысы жоқ адамдардың ( жәбірленушінің, қойма ұстаушының және с.с.) қол дақтары да жіберіледі. Олар қылмыс ісін тергеуді жүргізуші шұғыл-іс қызметкерлерінің немесе тергеушінің қаулысы мен қоса қылмыстан кейін 10 күн өтпей тапсырылады.

4.3.3. Криминалистикалық-сараптау бөліміне түскен, адамның жеке басын ұқсастыруға жарамды деп табылған қол іздері ең алдымен қылмыс жағдайын қатысы жоқ адамдардың қолдарының дақтарымен салыстырылады. Барлық іздер адамның жеке басын ұқсастыруға жарамсыз деп табылса немесе қылмыс жағдайына қатысы жоқ адамдардікі болып шықса, онда криминалистикалық-сараптау орны бұл жөнінде тергеушіні сарапшының қорытындысымен хабардар етеді.

4.3.4. Ұқсастыруға жарамды, сондай-ақ қылмыс жағдайына қатынассыз адамдар қалдырған іздер дактилокартотекадағы барлық қол саусақтарының дақтары мен ізтеканың бірінші бөліміндегі іздер мен салыстырылады. Егер ізтекаға бұрын түскен іздер мен немесе дактилокартотекадағы қол дақтары мен ұқсастығы анықталса, криминалистикалық-сараптау орны бұл жөнінде тергеушіге және өз аймағында қылмыс жасалған ішкі істер мекемесінің қылмыс зерттеу орны бастығына сарапшының қорытындысын хабарлайды.

Дактилокарталық есептердегі тексеру теріс нәтиже берсе келген іздер бөлшектеу тәртібімен 1:1 масштабта фотоға түсіріледі, мәлімет картасына

желімделеді, журналға тіркеледі (6 қосымша), соңында ізтекаға салынады.

4.3.5. Егер іздердің зерттелуі қылмыс жасалған аймақтағы қалауджел ішкі істер мекемесінің криминалистикалық-сараптау орнынан басқа жерде жүргізілсе, ұқсастыруға жарамды қол іздерінің фотосуреттері, сараптау жүргізу аяқталған соң, тоқтаусыз екі дана күйінде ізтекаларға салу үшін мүдделі қалауджел ішкі істер мекемесіне немесе ІІБ-на жіберіледі.

4.3.6. Қол іздерінің фотосуреттерін ізтекасына салған қалауджел ішкі істер мекемесінің криминалистикалық-сараптау бөлімшесі олардың екінші данасын 15 күн мерзімге дейін өзі бағынатын ІІБ-ның криминалистикалық-сараптау бөліміне жібереді. Транспорттағы сараптау орны аймақтағы ішкі істер мекемелерінің криминалистикалық-сараптау бөлімдеріндегі ізтекаларға қол іздері суреттерінің екінші даналарын қосымша жібереді.

4.3.7. Ізтекадағы бір адамның саусақтары қалдырған алтыдан кем емес іздердің дөңес өрнектерінің үлгісін анықтауға болса, олардың суреттері дактилобланкісіне желімделінеді, онсаусақтық жүйе бойынша ықтимал дактилоскопиялық формуласын шығару үшін ІІББ, ІІБ, ТІІБ-ның мәлімет орталығына тапсырылады. Ішкі істер басқармалары мәлімет орталықтарының ( МО) барлық дактилокарталары бойынша іздерді тексеру криминалистикалық-сараптау бөлімдері қызметкерлерінің еншісінде. Ізтекада осындай іздердің сегізі болса, онда олар, Қазақстан Республикасы ІІМ КСБ-сы арқылы Республика ІІМ МО-ның орталықтандырылған дактилоскопиялық есебі бойынша тексеруге жіберіледі.

4.3.8. Тексерушінің (қылмыс зерттеу орны бастығының) тапсырысы бойынша криминалистикалық-сараптау бөлімдері қол іздері суреттерінің екінші даналарын тексеру және ізтекасына салу үшін басқа ішкі істер мекемелерінің криминалистикалық-сараптау бөлімдеріне жібереді. Мақсат-қылмыс жасаудағы күмәнді адамдар сол жақтарға баруы немесе сонда болуы мүмкін. Бұлай болғанда жолдама хатта қылмыс қай ішкі істер мекемесінің аумағында жасалған, қылмыс істің номері, қылмыстың жасалған уақыты, орны және тәсілі, сараптаудың уақыты, номері, сондай-ақ іздер туралы мәліметтер (қандай заттан, қалай тауып алынды, қай қолдың қай саусақтарынан қалған) толық көрсетіледі.

4.3.9. Қол іздерінің суретін алған криминалистикалық-сараптау бөлімі, олардың өзіндегі барлық ізтека мен дактилокартотека бойынша 15 тәулік ішінде тексеруге, нәтижесін тапсырушы-ынтагерге хабарлауға міндетті. Жағымды нәтиже шықса ынтагерге қол іздерінің суретімен бірге анықталған адамның дактилокартотекасының фотокопиясы қайтарылады.

4.3.10. Ішкі істер мекемелері шұғыл-іздестіру орындары және тергеушілер тапсырма-хатпен іздер бойынша материалдардың саусақ және алақан дақтарын тексеруге жібереді:

- қылмысқа күдіктілігі үшін ұсталғандардың;
- абақтыға жабылғандардың;
- қылмыспен айыптаушылардың;
- әдейі жасалған қылмыспен сотталғандар мен бас бостандығынан айыру орындарынан босағандардың;
- милиция әкімшілік бақылауына жататындардың;
- тұрмыс қатынастары айналасында құқық бұзушылардың;
- спирт ішімдіктерін теріс пайдаланушылар мен маскүнемдердің;
- ұсақ сатқарлық мен ұсақ ұрлық жасаушылардың;
- дәрігердің рұқсатынсыз еліткіштер (наркотики) пайдаланатындардың;
- ұры-қары қордаларын ұстайтындар және соларға баратындардың;
- қоғамға қарсы тұрмыс қалпын ұстаушылардың.

(1992 жылғы 23 маусымдағы "Қазақстан Республикасының ішкі істер мекемелері туралы" заңы).

4.3.11. Криминалистикалық-сараптау орындарына жіберілетін ізтеке бойынша дактилокарталарды тексеру тапсырмасы мынадай ақпардан құралады: қай ішкі істер мекемесі қамтыйтын аймақта, қай уақыт мерзімінде шүбәлі адамдар қылмыс жасауы мүмкін және оларды қылмыстың қай түрі бойынша тексеру қажет.

4.3.12. Дактилокарталардың тексерілу нәтижесі алфавиттік журналда (7 қосымша) белгіленеді, ынтагерге хатпен хабарланады.

4.3.13. Қол іздерінің фотосуреттері ізтекадан мына жағдайда бөлініп алынады және жойылады:

а) егер іздерді қалдырған кісі анықталса;

ә) осы қылмыс бойынша жауапқа тарту мерзімі өтсе;

б) егер ізтекаға құйылған қол іздері табылған қылмыс бойынша нақтылы адам қылмысқа тартылса (іздердің кімге тиісті екені анықталмасада).

4.3.14. Қол іздерінің фотосуретін ізтекадан бөліп алғанда іздерді тіркеу журналында олардың алыну себебі және уақыты туралы белгі жазылады.

## 4.4. Дактилокартотеканың жұмысын ұйымдастыру

4.4.1. Дактилокартотекалар қалауджел ішкі істер мекемелерінің шұғыл-істер назарындағы адамдардың дактилокарталарынан құралады. Бұлар бойынша тексеріске ізтеканың бірінші бөліміндегі іздер жатады. Картотекаға, әдетте, жасы 45-ке дейінгі адамдардың дактилокарталары құйылады.

4.4.2. Қалауджел ішкі істер мекемелерінің криминалистикалық-сараптау орындарында дактилокартотекалардың қорын құрастыру шұғыл-істер қызметкерлерінің шешімімен іске асырылады. Бұл жұмыс шұғыл-істер назарындағы адамдарға қалауджел ішкі істер орындарында алфавиттік-мәлімет карточкасы толтырылғаннан бастап 15 тәулік ішінде есепке алумен орындалады.

Дактилокартотекаларды ұйымдастыру, олардың тексеріс қал-ахуалын қамтамасыз ету, картотекаларға дактилокарталардың уақтылы құйылуы мен алынуын қадағалау жауапкершілігі қалауджел ішкі істер мекемелері бастықтарының шұғыл-істер бойынша орынбасарларына жүктеледі. Олар бөлімшеден нақтылы кісілерді тағайындайды, бұлардың қызметтік міндетіне дактилокартотекалардың қорларын толықтыруды бақылау енеді.

4.4.3. Шұғыл-істер назарындағы, бұрын сотталған адамдардың дактилокарталарының копиясын шұғыл-істер қызметкерлері дайындайды. Копиялары алынған дактокарталар ІІМ, ІІББ, ТІІБ-ның мәлімет орталығына қ а й т а р ы л а д ы .

4.4.4. Дактилокартотекаға түскен саусақтар мен алақандардың дақтары ( дактокарталар) журналға тіркеледі (8 қосымша), ізтеканың бірінші бөлімі бойынша тексеріліп, қорға құйылады.

4.4.5. Криминалистикалық-сараптау бөлімі қол іздерін қалдырған адам анықталған жағдайда тездеп дактокартаны жіберген шұғыл-істер орнына хабар береді және қылмыс істі жүргізуші тергеушіге 7а қосымша, ал тексеріс теріс шыққанда 7б қосымша бойынша хабарлайды.

4.4.6. Күдікті адам басқа аймақтарда қылмыс жасауы мүмкін деген дәлелді мәліметтер болған жағдайда, шұғыл-істер бөлімшесі бастығының немесе тергеушінің жазба нұсқауы бойынша дактилокартаның копиясы сол аймақтардағы криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің ізтекаларына тексеруге ж і б е р і л е д і .

4.4.7. Қалауджел ішкі істер мекемесі бастығының жарлығы бойынша кем дегенде жылына бір рет дактилокартаның қоры қалауджел ішкі істер орнының назарындағы адамдардың картотекасымен салыстырылып тексеріледі.

Әрбір салыстырмалы тексеріс дактокарталардың есеп журналына (8 қосымша) тіркеледі, онда тексеру уақыты, тексерушінің аты-жөні, сондай-ақ адамды дактилоскопиялық есептен шығару себептері көрсетіледі.

4.4.8. Картотекадан дактилокарталар мына жағдайларда шығарылады ( а л ы н а д ы ) :

а) шұғыл-іздеу немесе алдын алу есебінен шығарылғанда;

ә) басқа қалаға, ауданға орын ауыстырғанда (бұл жағдайда дактилокарта есепте тұрған адамның барған жеріндегі милицияға жіберіледі);

б) еркінен айырылып сотталғанда;

в) өлгенде.

## 5. Субъективті портреттердің картотекасы

5.1. Субъективті портреттердің картотекасы жасырынып жүрген қылмыскерлерді іздеу және анықтау мақсатында құрылады.

5.2. Картотека ІІББ, ІІБ, ТІІБ-сы криминалистикалық-сараптау бөлімінде

дайындалған субъективті портреттерден құрастырылады. Дайын сурет жапсырылған карталар (9 қосымша) біркелкі үлгіде толтырылады.

Субъективті суреттер қалауджел ішкі істер орындарында немесе криминалистикалық-сараптау маманынсыз дайындалған жағдайда, ынтагер үш тәулік ішінде осы суреттерді ІІББ, ІІБ, ТІІБ-ның криминалистикалық-сараптау бөлімдерінде тексеру және картотекаға салу үшін жіберуге міндетті.

5.3. Әрбір дайындалған субъективті портрет міндетті түрде қылмыстардың осы жылы жасалған барлық және соңғы екі жылдағы нақтылы түрі бойынша ( күдікті, іздеуде жүрген адам) тексеріледі.

5.4. Тексеру нәтижесі жағымды болғанда 10 қосымшадағы үлгіде субъективті портреттер картотекасы бойынша бейне ұқсастығы жайлы анықтама жазылып, тапсырыс ынтагеріне сурет құрастыру үшін жіберіледі.

5.5. Тексеру нәтижесі теріс шықса картаға тиісті белгі соғылып, субъективті суретті құрастырушы телефонмен хабарланады.

5.6. Қылмыс ашылған жағдайда немесе субъективті сурет куәгердікі немесе қылмысқа қатысы жоқ кісінікі болса, сурет құрастырушы 10 тәулік ішінде, белгілі үлгіде (11 қосымша), ІІББ, ІІБ, ТІІБ-ның криминалистикалық-сараптау бөлімін ескертуге міндетті.

5.7. Қылмыс ашылған немесе осы қылмыс бойынша қылмысқа тарту мерзімі өтіп кеткен жағдайда, тиісті карта картотекадан алынып, архивке өткізіледі.

5.8. Қажет болғанда шұғыл-іс орнының хатына сүйеніп субъективті суреттер картотекасы бойынша қылмыскер жасауда күдікті адамдардың суреттері тексерілуі мүмкін. Тексерілу нәтижесі 5.4. және 5.5. тарауларға сәйкес атқарылады.

## 6. Криминалистикалық "видеотека" есебі

Қазақстан Республикасы ішкі істер мекемелерінің қылмыскер қатарына жататындардың, дидаржазғыш аппаратура ("Видеотека") пайдалану арқылы, криминалистик есебі құрылады. "Видеотеканы" құруда криминалистикалық-сараптау және шұғыл-іздестіру орындарының қызметін реттейтін құқық негізгі қылмыс істерін жүргізу заңы, қалыпты актілер болып саналады.

"Видеотека" шұғыл-істер ауқымен қызықтыратын кісінің бейнесін монитор экранынан толық көрсетеді, оның аяқ басын, және бет қимылын (ымдауын), сөйлеу ерекшелігін тап басып жазып алады. Осының бәрі нақты кісіні тануда аса маңызды және фотосуретке қарағанда талассыз артықшылық. "Видеотека" қорын құру үшін ІІББ, ІІБ, ТІІБ-ның бұйрығымен осы жұмысқа маманданатын топтың құрамы белгіленеді, жұмыс орын-жайы бөлінеді және материалды техникалық қамту жағы анықталады.

**Криминалистикалық "Видеотека" есеп тобы мүшелерінің міндеттері**

Криминалистикалық "Видеотека" есебі жұмысының жауапкершілігі ІІБ қылмыс зерттеу бөлімінің (ҚЗБ) бастығына жүктеледі, ал шұғыл-мәліметтер мен толықтыру шұғыл-істер қызметіне тиісті.

Техникалық жағын ІІБ-сы криминалистикалық-сараптау бөлімінің бастығы қамтамасыз етеді.

І. Шұғыл-іс қызметкері, тергеуші:

- тіркелуге жататындарды алып келеді;
- қамауға уақытша ұсталғандар (ҚУҰ), тергеу қамау (ТҚ), қабылдау-тарту (ҚТ), арнайы қабылдау (АҚ) үйлерінде және с.с. тіркеудің күнін уақытын анықтайды;
- тіркелуге тиісті кісіге видео есепке қою себебін түсіндіреді;
- қылмыскердің (күмәнді адамның) белгілері туралы алынған жауаптарға сәйкес видеотеканың қорынан жәбірленгендерге және куәгерге көрсету үшін қажетті сырт бейнелерді таңдап алады.

ІІ. КСБ-нің маманы:

- техникалық құралдарды түсіру ісіне дайындайды және олардың түзулігін бақылайды;
- тіркелетіндердің бейнежазуын жүргізеді;
- тіркелгендердің есебін, видеомагнитофонның есеп көрсеткішін, видеокассеттің номерін жазып тіркейді;
- видеотека қорын жүйелейді;
- тергеушінің немесе шұғыл-іс қызметінің тапсыруы бойынша видеотека қорындағы, алдын-ала түр-сипат белгілері бойынша таңдап алынған, адамдар бейнежазуын түстеп-танушыларға көрсетеді.

Техникалық қамту

Бейне түсірімге мыналар қажет:

1. Бөгде дыбыссыз (көше шуы, телефон сылдыры, радио және с.с.) кең үй-жай.
2. Видеокамералы кассетті бейнемагнитофон.
3. Телевизиялық қабылдағышы немесе көру мен жалғауға арналған бейнемониторы бар тұрақты бейнемагнитофон.
4. Видеокамераның штативі.
5. Қосымша жарықтандыру аспаптары.
6. Қорды жүйелеу үшін кем дегенде 20 видеокассеттер.

Бейнежазуды жүргізу

Тіркелушіні жазу үшін КСБ-нің маманы бейнекамераны адамның бойын түгелдей (алдынан, жанынан) қамтитындай етіп орналастыруға тиісті.

Қозғалыста түсіру үшін тіркелушіге шеңбер қуалап және қиғаш бағытта жүру ұсынылады. Зерттеу үстінде сөзден ұқсастыру белгілерін тауып айқындау үшін микрофон алдында анкеттік мәліметтерді оқытады. "Бастыру" тәсілін қолданып, ірі нұсқада беті және ерекше белгілері (тыртықтар, тәндегі нақыштар және с.с.) түсіріледі. Күмәнді адамның денесіндегі ерекше белгілерде осы тәсілмен түсіріледі.

Бейнетека қорын ұйымдастыру

Ерлер және әйелдер:

а) сырт бейнесі бойынша:

- европалықтар;
- монголдықтар (қазақтар, қызғыздар, корейлер т.б.);
- азиялықтар (ұйғырлар, өзбектер, тәжіктер т.б.);
- кавказдықтар (грузиндер, армяндар, түріктер т.б.);

ә) жас топтамалары бойынша:

- 18 жасқа дейінгілер;
- 18-ден 30 жасқа дейінгілер;
- 30-дан 50 жасқа дейінгілер.

Бейнетеканың қоры жергілікті жағдайға және жазудың ыңғайына қарай басқа көзқараста да құрылуы мүмкін.

Бейнежазу бойынша тану

Қылмыстық процессуалдық кодексі мен ІІМ-нің мөлшерлеу актілерінде жеке адамды таныту үшін фотосурет, киносурет түрінде ұсыну көрсетілген; осыған байланысты таныту әрекеті бейнежазу бойынша да жүргізілуі мүмкін.

Бейнетеканың қоры бойынша тексеріс тергеушінің немесе шұғыл-істер аппараты бастығының жазбаша нұсқауына сүйеніп жүргізіледі. КСБ-ның маманы тергеуші немесе шұғыл-іс қызметкері мен бірге қылмыс істегі күмәндінің белгілері жайлы жауаптар негізінде қордан жеке адамның бейнетаспаларын іріктеп алады, оларды көрсетуге дайындайды. Әрі қарай бейнесуретті таныту үшін ұсыну Қазақстан Республикасы ҚПК-де көрсетілген үлгі бойынша атқарылады.

Бейнефильмді міндетті түрде дыбыссыз көрсетеді. Қылмыскер даусының ерекшелігі таңдаушының есінде қалған жағдайда, бейнежазу дыбыспен қоса көрсетіледі.

Бейнежазу бойынша таныту ұсыну Қазақстан Республикасы ҚПК-сі 154 бабының талабына сай хаттама жазылу мен бітуі тиіс. Хаттамаға танылушының фототаблицаға жапсырылған фотосуреттері және кем дегенде үш кісінің бейнетаспаға түсіріліп, танушыға көрсетілген бейнежазу тіркеледі. Сурет теледизордың (монитордың) экраннан "Тұрған-кадр" тәсілімен, ГОСТ бойынша

65 ед. сезгіштік фототаспаға ГЕЛИОС-44" объективпен, қол жағдайында, 1 секундттық уақытпен, 5,6 диафрагмада түсіріледі.

**7. Сындырғыш құралдар іздерінің, аяқ киім ұлтандары іздерінің, автокөлік шиндері протекторлары іздерінің картотекалары мен коллекциялары (ізтекалары)**

7.1. Ізтекалар, іздердің бір немесе бірнеше қылмыстарды жасағанда тек сол бір сындырғыш құралдан, аяқ киімнен немесе автокөліктен қалған шығындығын анықтау мақсатында құралады.

7.2. ІІББ, ІББ, ТІІБ-ның шешімі бойынша шұғыл-істер жағдайына сай, ізтекалар, солардың криминалистикалық-сараптау бөлімдеріне немесе қалауджел ішкі істер мекемелерінде құрылуы мүмкін.

7.3. Тергеуші немесе алдын-ала тергеу орны, оқиға орнын қараудан кейін 10 тәуліктен кешіктірмей, тауып алынған сындырғыш құралдың, табанның, автокөліктің іздерін сараптауды тағайындау туралы қаулымен қосып криминалистикалық-сараптау бөліміне жөнелтеді.

7.4. Сараптаудан кейін іздер (бойында сындырғыш құралдың, табанның, автокөліктің іздері бар бұйымдар немесе із көшіргіш материалдардың көмегі мен жасалған олардың копиялары) тиісті ізтекаға салынады. Ізтекаға 1:1 масштабта орындалған ұлтан және автокөлік іздерінің фотокөшірмесін де салуға болады. Іздердің ізтекада қалдырылғаны жайлы сарапшының қорытындысын жолдайтын хатта тергеушіге немесе шұғыл-істер орнына хабарланады. Ізтекаға салынған нысандар журналда (12 қосымша) тіркеледі.

7.5. Ізтекаға түскен іздер журналға тіркеледі, онда олардың қылмыс жайлы мәліметтері мен бірге түр-сипаты, үлгісі, көлемі, орын-жайы және ізқұрайтын нысанның жеке белгілері жазылады. Содан кейін олар ізтекадағы іздермен салыстырылады. Мақсат бірнеше қылмыс жасауға бір ғана нысанның шын қатыстығын анықтау.

7.6. Іздің басқа іздермен ұқсастығы анықталған жағдайда криминалистикалық-сараптау бөлімі қылмыс жасалған аймақтағы қылмыс зерттеу басшысына және сол істі тергеушіге тездеп хабар береді. Әрі қарай осы оқиға бойынша сараптау жүргізіледі.

7.7. Ашылмаған қылмыстардың іздері (іздер түскен бұйымдар) ізтекада 2 жыл бойы жатады, осы мерзімнен кейін тергеу жүргізуші бөлімімен келісім бойынша іздер одан да ұзақ жатуы мүмкін.

7.8. Егер қылмыс ашылса, немесе қылмыс іс тоқтатылса тергеуші немесе алдын-ала тергеуші осы жайлы криминалистикалық-сараптау бөліміне хабар береді. Осыған байланысты іздер ізтекадан алынып сараптау тағайындаушыға қайтарылады.

7.9. Оқиға орнынан немесе қылмыс жасауда күмәнділерден алынған нысандар

(сындырғыш қару, аяқ киім, автокөліктің шиндері) 15 тәулік ішінде ізтека бойынша тексерілуге криминалистикалық-сараптау бөліміне жеткізілуге тиісті.

7.10. Нысандарды ізтека бойынша тексеру сараптау тағайындай қаулысына немесе қызмет бабындағы хатқа сүйеніп 15 тәулік ішінде атқарылады.

7.11. Тексеруге түскен нысандар журналда (12 қосымша) тіркеледі, онда оқиға орнының мекен жайы, оның мәнісі, күдікті адамның фамилиясы, аты-жөні, қылмыс ісінің номері және нысанның түр сипаты жазылады.

7.12. Тексеру жағымды нәтиже берсе криминалистикалық-сараптау бөлімі осы жайлы нысанды жіберушіге тез хабар береді.

7.13. Ұқсастық жоқ жағдайда зерттеуші осы жайлы тексеруді тағайындаушыға хатпен хабарлап, нысанды кері қайтарады.

**8. Ашылмаған қылмыстар бойынша фонотека**

Фонотека дегеніміз фонға немесе бейнекассетаға жазылған белгісіз кісілердің сөзі мен даусының есебі. Дауыс тікелей дыбысжазғыш аспапқа микрофон арқылы немесе телерадиоаппаратура арқылы жазылуы мүмкін. Фонотека Қазақстан Республикасы ІІМ-гі криминалистикалық-сараптау басқармасының фоновидеоскопиялық зерттеу бөлімінде ұйымдастырылады.

Ішкі істер мекемелерінің практикалық жұмысында бейне-дыбысжазу құралдарын пайдалану жөніндегі ұсыныстар Қазақстан Республикасы ІІМ-гі КСБ-ның шұғыл-істер қызметкерлеріне жіберілген хатта көрсетілген.

Тергеу жұмысында дыбысжазуды қолдану (іс жүргізу, дыбысжазу техникасы, дыбысжазу тәсілі, дыбысжазудың өзі, оның нәтижесін хаттау, дыбысжазуды қолданудың тактикалық тәсілдері) Корнеев Л.М., Ратинов А.Р., Холобок М.П. сынды авторлардың "Тергеу жұмысында дыбысжазуды қолдану" атты оқу құралында (Мәскеу -1967 ж.) баяндалған.

**9. Әсері күшті және есірткі дәрі-дәрмектерді алуға жасалған жалған медициналық рецептер және оларды жасаушылардың қолжазбалары үлгілерінің коллекциялары**

9.1. Коллекцияларды ұйымдастыру мен жүргізуді ІІББ, ІББ қылмыс зерттеу аппараттары мен криминалистикалық-сараптау бөлімдері жүзеге асырады.

Медициналық жалған рецептер мен қолжазба үлгілерінің коллекциялары мыналарға арналған:

а) Медициналық жалған рецептердің қолжазбаларының орындаушысын анықтау үшін;

ә) қолжазуы бойынша бірнеше рецепті қолжазбалардың орындаушыларын біріктіру үшін;

б) рецептер бланктерін техникалық жағынан сақтау жайлы ұсыныстар мен ішкі істер және медициналық мекемелерге мәлімет хабарламаларын дайындау мақсатында, жалған рецептер жасау тәсілі мен оларды пайдаға асыру әдістерін

талдау үшін.

9.2. Медициналық жалған рецептерді және күмәнді кісілердің қолжазба үлгілерін жинақтап криминалистикалық-сараптау бөлімдеріне жіберуді ІІББ, ІІБ-ның қылмыс зерттеуші орындары және қалауджел ішкі істер мекемелері іске асырады.

9.3. Ішкі істер орындарында кәсіпорындар, мекемелер, ұжымдар және жеке адамдар тапсырған, сондай-ақ;

- шұғыл-істер әрекеті бойынша дәріханалар мен басқа да медициналық мекемелері тексергенде;

- медициналық рецептерді жалған жасаумен айналысатындардан немесе соған қақысы барлардан, сондай-ақ күдікпен ұсталғандардан, тәргіленген медициналық жалған рецептерде есепке алынады.

9.4. Медициналық жалған рецептер қолжазба үлгілері осы аттағы журналдарда (13,14 қосымшалар) тіркеліп, жолдама хатпен қоса криминалистикалық-сараптау бөліміне жіберіледі.

9.5. Криминалистикалық-сараптау бөліміне түскен жалған медициналық рецептер және қолжазба үлгілері тиісті журналдарда (15,16 қосымшалар) тіркеледі. Бір жолдама хатпен бірнеше медициналық жалған рецептер немесе қолжазба үлгілері түскен жағдайда, олардың әрқайсысы журналға жеке тіркеледі. Рецептер мен қолжазба үлгілерінің оң бетіндегі жоғарғы оң бұрышына тіркеу нөмері қойылады.

9.6. Жалған медициналық рецептер мен қолжазба үлгілері тіркелгеннен кейін қабылданған топтау тәртібі бойынша кодталады және қолдағы есеп қорына қосылады.

9.7. Кодтар өзара ұқсаса, жалған рецептің орындаушысын анықтау немесе қолжазбасы бойынша рецептерді біріктіру мақсатында, қолжазба зерттеуі жүргізіледі.

9.8. Коллекция бойынша тексеріс және ынтагерге оның нәтижесін хабарлау 10 күн мерзімінде атқарылады. Тексеру нәтижесі жалған рецептер мен қолжазба үлгілерінің есеп журналында (15, 16 қосымша) көрсетіледі.

9.9. Жыл сайын 1 желтоқсанға қарсы қылмыс зерттеу орындары криминалистикалық-сараптау бөліміне, коллекция қорынан шығарылатын жалған рецептер мен қолжазба үлгілерінің тізімін жіберіп тұрады.

9.10. Қордан жалған рецептер мына жағдайда шығарылады:

а) орындаушылары анықталғанда;

ә) қылмысқа тарту мерзімі өтіп кетуіне байланысты.

Қолжазба үлгілері қордан мына жағдайларда шығарылады:

а) егер жалған рецептер жасаушы бұл істі тоқтатса;

ә) егер тұрақты орнын басқа аймаққа ауыстырса (бұл жағдайда, бұл кісі

туралы анықтама, ол барған жердегі ішкі істер мекемесіне жіберіледі, ал қолжазба үлгісі криминалистикалық-сараптау бөлімінің архивіне өткізіледі).

**10. Мөлтек нысандар картотекалары**

10.1. Мөлтек нысандар картотекалары ІІББ, ІІБ, ТІІБ-сы криминалистикалық-сараптау бөлімдеріндегі физика-химиялық лабораторияларда құрылады, 12 қосымша бойынша журналға тіркеледі.

10.2. Картотекалар ауыр қылмыстар жасалуына байланысты оқиға орындарын қарау кезінде тауып алынған мөлтек нысандар жайлы жүйеленіп жиналған мәліметтер, қылмыскердің сырт пішіні, қылмысты жасағанда қолданылған қарулар мен бұйымдар, қылмыс жасаудағы жағдайлар, т.б. жайлы мәліметтер болып есептеледі.

10.3. Картотекалар оқиға орындарынан табылған мөлтек нысандар мен қылмыс жасауда күдікті кісіден алынған (үлгі ретінде) нысанның шыққан тегінің біркелкілігін анықтауға арналған.

10.4. Тергеуші немесе алдын-ала тергеу жүргізуші мекеме оқиға орнын қараудан кейін 10 тәуліктен кешіктірмей табылған мөлтек нысандарды қаулы мен бірге криминалистикалық-сараптау бөліміне жібереді.

10.5. Сараптау біткеннен кейін зерттеу нәтижелері туралы мәліметтер ( суреттер, спектрограммалар, графиктер, құрылысы туралы анықтамалар, құрамы мен пайда болу механизмі, схемасы мен бұйым үстіндегі орны) қылмыстың жалпы мәліметтері мен бірге картотекаға орналастырылады және журналға тіркеледі.

Сараптауды тағайындаушы мен келісім бойынша, картотекада мөлтек нысандардың өздеріне қалдырылуы мүмкін.

10.6. Шығу тегін анықтау мақсатында, картотекаларға түскен мағлұматтар немесе мөлтек нысандар банктағы мәліметтер мен салыстырылады. Салыстырғанда іздеу немесе айғақтық маңыздағы шындық анықталса, криминалистикалық-сараптау бөлімі, осы жайлы аймағында қылмыс жасалған қылмыс зерттеу орнының бастығы мен сараптауды тағайындаған тергеушіге хабар береді.

10.7. Қылмыс ашылса немесе осы іс тоқтатылса тергеуші немесе алдын-ала тергеу орны осы туралы криминалистикалық-сараптау бөліміне хабар жеткізеді. Осыған сәйкес, әлде картотекада бір жыл тұруына байланысты мөлтек нысандар сараптауды тағайындаушыға қайтарылады, ал олар туралы мағлұматтар белгілі тәртіп бойынша жойылады.

10.8. Қылмыс жасауда күмәнді кісі анықталса тергеуші әлде алдын-ала тергеу орны мөлтек нысандар денелеріне даруы мүмкін болған, сол кісіден тәргіленген бұйымдарды криминалистикалық-сараптау бөліміне жолдайды.

**11. Мәліметтік-анықтау қорлары**

11.1. Криминалистикалық-сараптау орындарының мәліметтік-анықтау қорлары қылмыстарды ашу және тергеу кезінде сараптау, зерттеу және есеп жүргізуде, оқиға орындарын алдын-ала зерттеуде, шұғыл-іздестіру шаралары мен тергеу қимылдарын атқаруда белсенді түрде пайдаланылатын және анықтамалық маңызы бар жүйелеген мәліметтер жиынтығы болып саналады. Анықтау картотекалар мен өз бейнесіндегі коллекциялар мәліметтік-анықтау қорларының құрамды бөлшегі болмақ.

11.2. Өз бейнесіндегі анықтау коллекцияларын құру-істеп шығарушы кәсіби орындардан, өнімдер мен шикізаттарды пайдаланытандардан, сауда орындарынан, дәріханалардан, емдеу мекемелерінен т.б. алынған нысандар мен мәліметтерден, шығын материалдарын сатып алуға бөлінген қаржының есебінен, сондай-ақ басқа аймақтардағы криминалистикалық-сараптау бөлімдері мен мәліметтер алмасу жолымен, іске асырылады.

11.3. Анықтағыш коллекциялар өз бейнесіндегі нысандардан да және олардың дақтарынан да (құйынды, фотосуреттер т.с.с.) құралуы мүмкін. Копиялар құйындыдан дайындалады, фотосуреттер криминалистикалық-сараптау тәртібі бойынша орындалады.

11.4. Анықтағыш коллекцияға салынатын нысандар журналда тіркеледі. Онда: нысанның аты, ондағы белгілердің түр-сыйпаты, істеп шығарушы жайлы мәліметтер және шыққан уақты т.с.с. көрсетіледі. Журналдағы рет саны, нысанның коллекциядағы номері болып саналады.

11.5. Суық қарудың, оқ-дәрінің, жарылғыш заттардың, есірткілердің, химфармдәрілердің коллекциялары Рұқсат беру жүйесінің тәртібіне сәйкес сақталуға және бұл коллекцияларға қатысы жоқтарға жол бостық болмауға тиісті . Бұл коллекцияларды жүргізу және олардың нысандарының қозғалысын есептеу министрдің, ІІББ, ІІБ, ТІІБ-сы бастығының бұйрығы мен криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің нақтылы қызметкерлеріне жүктеледі.

11.6. Әлемдік барлық елдердің ақшаларының дәл-өздерінің (подлинных) коллекциясы Қазақстан Республикасы ІІМ-нің КСБ-да жүргізіледі. ІІБ, ТІІБ-сы бастығының шешімі бойынша ол жергілікті орындарда да құрылуы мүмкін.

Коллекцияларға арналған ақша белгілері Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі арқылы сатып алынады. Бұл мақсат үшін шығынды белгілі тәртіп бойынша ішкі істер мекемелерінің қаржы бөлімдері өтейді.

11.7. Нысандарды босатуды және олардың қажетсіз болуына байланысты кері қайтарылуын нақтылы анықтағыш коллекциясын жүргізуші маман бақылап отырады.

11.8. Анықтағыш коллекциясын пайдаланудан алынған мәлімет, мүдделі қызмет орындарына, олардың жазбаша талабына сәйкес немесе коллекцияның жауапкері, криминалистикалық-сараптау бөлімі маманының ынтасы бойынша

беріледі.

11.9. Талапқа жауап іздеу тек осы криминалистикалық-сараптау бөліміндегі коллекциялар мен басқа банктардағы мәліметтік-анықтау қорлары мен шектелмеуге тиіс, қажет болған жағдайда аймақтық криминалистикалық-сараптау бөлімдеріндегі әйтпесе Ресей Федерациясы ІІМ-нің Криминалистикалық-сараптау Орталығындағы мәліметтік-анықтау қорларындағы ақпараттарды пайдалануға болады.

11.10. Тексерудің нәтижесі жазбаша талап етушіге еркін үлгідегі анықтама мен хабарланады. Анықтаманы мәлімет іздеуші маман қолын қойып, криминалистикалық-сараптау бөлімінің бастығы растап жібереді.

## 12. Отты қару мен оқ-дәрілердің анықтағыш коллекцияларын жүргізудің тәртіптері

ІІМ, ІБ-ның криминалистикалық-сараптау бөлімдерінде отты қару мен оқ-дәрілердің коллекциялары мына мақсаттарда құрылады:

а) оқиға орындарынан табылған оқтар, қауыздар, патрондар, сондай-ақ мәйіттердің және жәбірленушілердің денелерінен алынған оқтар атылған (немесе оқтаған) қарудың жүйесін және үлгісін анықтау үшін;

ә) кейбір бөлшектері жоқ немесе сынған қарудан тәжірибелі атқылау жасағанда коллекциядағы қарудың тиісті бөлшектерін пайдалану үшін;

б) сараптау және тексеру үстінде ашылған басқада сұрақтарды шешу үшін.

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің КСБ-да орталық анықтағыш коллекциясы жұмыс істейді, оған айналадағы ішкі істер мекемелеріндегі коллекциялардың жұмысын үйлестіру жүктелген.

Коллекция мен қару және оқ-дәрілердің қозғалысының есебін жүргізу министрдің немесе ішкі істер басқармасы бастығының бұйрығы мен криминалистикалық бөлімнің бір қызметкеріне жүктеледі.

Отты қарудың анықтағыш коллекциясына қарудың әр түрлі жүйедегі, үлгідегі, калибрдегі техникалық жағынан түзулері, ал олар болмағанда түзу еместері де ( оның ішінде атуға жарамсыз да) қабылданады. Отты қарудың анықтағыш коллекциясымен қатар, әр түрлі себептерге байланысты, анықтағыш коллекциясына түспейтін қарулардан атылып-алынған оқтар мен қауыздардың да коллекциясы құрылуы мүмкін.

Оқ-дәрілердің анықтағыш коллекциясы ойық (нарезной) тегісұңгілі ( гладкоствольный) қарулардың әр түрлі үлгілі және калибрлі патрондарынан тұрады.

Отты қарулар мен оқ-дәрілердің анықтағыш коллекциялары мына қарулардан және оқ-дәрілерден құрылып және толтырылып тұрады:

а) ішкі істер мекемелері шаруашылық орындарының қоймаларына өткізілетіндерден;

ә) сараптауға немесе тексеруге түсетіндерден (алдын-ала тергеу, тергеу немесе сот мекемелері мен келісілгеннен кейін).

Коллекцияға, криминалистикалық бөлімде үлгілері бар, шет елдерде жасалған отты қарулар түсе қалған жағдайда, осы бөлім осы жайлы орталық коллекцияға хабарлайды және оның көрсетуі бойынша қаруларды басқа коллекцияға жібереді.

Анықтағыш коллекцияда қарудың нақтылы үлгідегі тек бір ғана данасы сақталуы мүмкін. Қарудың құрылысында өзгеше түр немесе із қалдыратын бөлшектерінің өңделуінде айырмашылық (ойықтар саны әртүрлі, патрон тірегіш өзгеше өңделген, т.с.с.) болған жағдайда, коллекцияға, оның бір үлгідегі бірнеше данасы орналастырылуы мүмкін.

Коллекциядағы қаруды техникалық жағынан түзуірек, сараптауға немесе тексеруге кейінірек түскен қару алмастыруы мүмкін. Бұл жағдайда айырбасталатын қару белгіленген тәртіп бойынша ІІМ, ІІБ-сы шаруашылық аппаратының коймасына өткізіледі.

Анықтағыш коллекциясына түскен отты қару 17 қосымша, оқ-дәрілер 18 қосымша бойынша журналдарға тіркеледі. Коллекцияның жұмысы ыңғайлы болу үшін қарудың әрбір данасына тіркеу карточка толтырылады (19 қосымша).

Анықтағыш коллекциялардағы қарулар мен оқ-дәрілер, олардың түгелдігін қамтамасыз ететін, құлыптанып жабылатын темір шкаф қойылған жайда сақталады. Шкафтар, оларда сақталатын қаруларды алып-салуға ыңғайлы ұялары бар әдейі жасалған арматурамен жабдықталады. Әрбір ұя жанына қарудың инвентарлық номері көрсетілген жапырақша жапсырылады.

Коллекция қойылатын қару оқтан ада болуы, тазалануы, майлануы қажет.

Шкаф кілтінің бір данасы коллекция жүргізуге жауапты кісі де, екіншісі (осы кісінің мөрімен бекітілген қобдишада) КСБ-ның бастығында болуға міндетті.

Қарулар коллекцияға олардың жүйесіне, үлгісіне, калибріне қарай орналастырылады. Әрбір қаруға тақтайша ілінеді, онда қарудың инвентарлық номері көрсетіледі.

Коллекциядағы оқ-дәрілер планшет бетіне патрондардың түріне, үлгісіне, калибріне қарай орналастырылады. Аңшы мылтығы мен жанынан тұтандырылатындардың патрондары бөлек жайғастырылады. Оқ-дәрілер коллекцияларында, бұнымен бірге, патрондар ашылып-жіктелген және келісіп-жарылған күйде қойылуы мүмкін.

Анықтағыш коллекцияға салмастан бұрын атуға жарамды қарудан атқыланып оқтар мен қауыздардың үлгілері алынады, олар планшеттерге орналастырылады. Әрбір үлгі-нысанның астына қарудың жүйесі мен үлгісінің аты жазылады.

Отты қарулар коллекциядан мына жағдайларда шығарылады:

а) сот немесе тергеу мекемесі талап еткенде;

ә) басқа бір данаға алмастырылғанда;
б) әрі қарай сақтаудың қажеті болмағанда.

Отты қару криминалистикалық бөлімдердің қызметкерлеріне журналға өздері қол қойғанда ғана беріледі (20 қосымша).

Коллекцияға түскен қарулар уақытша пайдалану үшін басқа криминалистикалық бөлімдерге, олардың жазбаша сұранымына лайық берілуі мүмкін. Бұндай қарулар Қазақстан Республикасы IIМ-де белгіленген тәртіптер бойынша жөнелтіледі.

Анықтағыш коллекциясына салынған отты қаруларға, олардың мақсатының ерекшеліктеріне орай, табельді қаруларға тән техникалық талаптар қойылмайды.

13. Сараптау жүргізгенде криминалистикалық-сараптау анықтағыш коллекциясының пайдаланылғаны сарапшының қорытындысында көрсетілуге тиісті, ал егер басқа мәліметтер-анықтағыш қорларындағы банктарда жатқан мәліметтер пайдаланылса (мәлімет-оқулықтар, каталогтар, тағы басқа осындай көздер), онда оларға сілтеме жасау керек (мыс: баспаның аты, шыққан жылы т.с.) .

*Қазақстан Республикасы IIМ*

Нұсқауға
1 қосымша

**Аймақтық коллекция түскен отты қарудың іздері бар оқтарды, қауыздарды және патрондарды тіркеу Журналы**

| Рет N | Түскен күні, айы, жылы | Не түсті (оқ,қауыз патрон) | Қай мекеме жіберді | Қай қылмыс ісі бойынша (іс номері және қыл.- мыстың түрі) | Оқ немесе қауыз қай жүйедегі қарудан атыл.ған, сарапшының қарудың жүйесін анықтағаны жайлы қорытын.дысының N |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

| Оқты, қауызды, патронды басқа коллекция бойынша терксеруге жібе. | Қару ұқсастырылды (сарапшы қорытын.-дысының N, күні, айы, жылы) | Оқтың, қауыздың, патронның коллек. циядан шығарылған күні, айы, жылы | Ескерту |
|---|---|---|---|

рілген жайлы белгі | және себебі |

| 7 | 8 | 9 | 10 |
|---|---|---|---|

Нұсқауға
2 қосымша

______________________________________________________
______________________________________________________
________________________________бастығына (тергеушіге)
_________________________________қаласы (ауыл, пос)

**Анықтама**

Сіздің 19__ж.________________________________N __________ жолдамаңызбен жіберілген оқтар, қауыздар, патрондар қару іздері қалған оқтардың, қауыздардың, патрондардың коллекциясы бойынша тексерілді.

1. Бұлардың және______________________________________________
(қашан, қай орган қозғаған)
қозғалған N__________ қылмыс ісі бойынша айғақты заттар ретінде алынған оқтардың, қауыздардың, патрондардың (керексізі сызып тасталады) бір қарудан атылғандығы анықталды.

2. Жағымды нәтиже анықталмады.

Сіздер жіберген нысандар осында сақталады.

Тексеру жүргізуші
Бастық
19___ж.___________________

Шығыс N__________

Нұсқауға
3 қосымша

**Аймақтық коллекция бойынша тексеруге түскен отты қаруды тіркеу Журналы**

| Рет N | Түскен күні, жылы | Отты қарудың түрі жүйесі, үлгісі, калибрі және номері | Қайдан келіп түсті | Тәжірибелік атқылау саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

________________________________________________________________
Тәжірибелік оқтар мен|Қару ұқсастырылды|Тәжірибелік оқтар|Ескерту
қауыздар қай аймақтық|(күні, айы,жылы, |мен қауыздардың |
коллекцияға тексеруге|қорытындының |жойылған күні,айы|
жіберілді |номері) | жылы |
________________________________________________________________
6 | 7 | 8 | 9
________________________________________________________________

Нұсқауға
4 қосымша

___________________________________________
___________________________________________
__________________бастығына (тергеушіге)
_____________________қаласы (ауыл, пос.)

**Анықтама**

Сіздің 19__ж._____________________________N________________ жолдамаңызбен жіберілген _______________________________________
_______________________________________________________________
(отты қарудың түрі, жүйесі, үлгісі, калибрі, номері) қару іздері қалған оқтардың, қауыздардың, патрондардың коллек-циясы бойынша тексерілді.

1. Тексерілген қарудан ____________________________________ қозғалған N___________қылмыс ісі бойынша айғақты заттар ретінде алынған оқтардың, қауыздардың, патрондардың (керексізі сызылып тасталады) атылғандығы анықталды.

2. Қарудың қылмыстар жасауға қатыстығы жайлы мәліметтер жоқ.

Тексеру жүргізуші

Бастық
19___ж.____________________
Шығыс N _______________

5 қосымша
Нұсқауға

**Анықтама**

Зерттеуге ___________________________________________________
_______________________________________________________________
(мекеменің аты)
____________________________________________________жолдама мен
(жолдаушы, құжаттың номері, күні, айы, жылы)
__________________________________________________________түскен,

______________________________________________________________

(тәргіленген жері, күні, айы, жылы)

___________________________________________________тәргіленген ақша белгілері_________________________________________________

(металл ақша, билет)

жалған болып шықты.

______________________________________________________жасалған

_________________және________________________________бойынша

(басылу, көлем ерекшелігі)

________________________________________________________ұқсас.

(картотека бойынша тексеру нәтижесі)

______________________________________________________________

(монета, билет)

________________________________саралтау жүргізу үшін жіберілді.

(күні, айы, жылы)

______________________________________________________________

(ІІБ-сы криминалистік бөлімнің аты)

______________________________________________________________

Тексеру мен зерттеуді жүргізген____________________________ 19___ж.______________________

Нұсқауға 6 қосымша

**Ізтекаға құйылған қол іздерін тіркеу Журналы**

| Рет NN | Іздерді жіберген мекеме | Түскен күні, айы, жылы | Қылмыстың түрі, қылмыс ісінің N | Жәбірленушінің фамилиясы, аты-жөні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| Сараптау N, күні айы, жылы. Кім жүргізді | Іздердің саны саусақ.тардың | Іздердің саны алақан.дардың | Іздердің фотоко.копиялары қашан және кімге жіберілді | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Нұсқауға
7 қосымша

**Ізтека бойынша тексеруге түскен дактилокарталардың тіркеу Журналы**

| Рет NN | Фамилиясы, аты-жөні | Дактилокар. таларды жі. берген мекеме | Түскен күні, айы, жылы | Ізтеканың қай бөлігі бойынша тексерілді | Нәтиже. сі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

Нұсқауға
7а қосымша

Қылмыс ісіне тіркелмесін

____________________________________________
____________________________________________
____________________________________________бастығына
_____________________________қаласы (ауылы)

Сіздің 19__ж.________________________ N ______________ жолдамаңызбен ашылмаған қылмыстардың орындарынан тауып алған қол саусақтары іздерінің картотекасы бойынша тексеруге____________ адамның, оның ішінде _________________
(саны)
________________________________________________________
(фамилиясы, аты-жөні)
________________________________дактокартасы түскен еді.

Тексергенде 19__ж.___________________________жасалған
________________________________________________________
(қылмыстың түрі)
орнынан табылған қол саусақтарының іздерін (N ________________
________________________________________________________
(мекеме органның аты)
қылмыс іс, ______________________________________________
_________________________мекеме өндірісінде)________________
________________________________________________________
(анықталған кісінің фамилиясы, аты-жөні)
қалдырғандығы анықталды.

Қосымша: ________________________________________________

Тексеруді жүргізген

Бастық

19__ж.____________________________ Шығыс N __________________

Нұсқауға

7б қосымша

Қылмыс ісіне тіркемесін

________________________________________________

________________________________________________

______________________________________бастығына

_____________________________қаласы (ауылы)

Сіздің 19__ж.__________________________ N _________жолдамаңыз бен ашылмаған қылмыстардың орындарынан тауып алынған қол саусақтары іздерінің картотекасы бойынша тексеруге______________ ___________________адамның дактилокартасы түскен еді. (саны)

Тексергенде 19__ж. _______________________дейін келіп түскен қол саусақтарының іздерін дактилокарталары жіберілген адамдардың ешқайсысы қалдырылмағандығы анықталды.

Қосымша: ___________________________________________________

Тексеруді жүргізген

Бастық

19__ж_________________ Шығыс N _________

Нұсқауға

8 қосымша

**Картотекаға салынған дактокарталардың есеп Журналы**

| Рет N | Фамилиясы, аты-жөні | Туған жылы мен жері | Есепке алынған күні, айы, жылы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| Қылмыс жасауға бейім. ділігі немесе бұрынғы бояуы (окраска) | Дактокарталардың копиялары қашан, кімге жіберілді | Есептен шыға. рылу себебі | Ескерту |
|---|---|---|---|

______________________________________________________________

5 | 6 | 7 | 8

______________________________________________________________

Н ұ с қ а у ғ а 9 қосымша

______________________________________________

______________________________________________

(қашан, кім дайындаған)

**дайындаған субъективті портреттің N________ Картасы**

______________________________________________

6 х 9 см ______________________________________________

(шартты белгі, суб. порт. индексі)

Қылмыс жасалған ауданы, уақыты______________________________

______________________________________________________________

қылмыс түрі______________________________________________________

______________________________________________________________

Іздеушінің суретте байқалмайтын сыртқы белгілері

______________________________________________________________

______________________________________________________________

(шашының, көзінің түсі, ерекше белгілері)

Киімдерінің суреттемесі______________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

Картаны құрастырушы ____________________________ (қолы)

19__ж ________________________

СП-ті картотека бойынша тексеру нәтижесі жайлы белгілер

______________________________________________________________

______________________________________________________________

Н ұ с қ а у ғ а 10 қосымша ______________________

___________________

______________________________________________

______________________________бастығына

**Субъективті портрет кортотекасы бойынша бейне ұқсастығын анықтау жайлы**

**N _________ Анықтама**

___________________________________________________________нен (нан)

19__ж. ____________________ N _______________түскен, қылмыс түрі ______________________________________________________________________

өз көзімен көрушінің жауабына сай ________________________________

(фамилиясы, аты-жөні)

19__ж. ______________________________ N___________

Субъективті портрет ______________________құрастырылды.

(СП-ң түрі)

Портретті (терді) картотека бойынша тексеру нәтижесінде 19__ж.______________________, қылмыс түрі________________________ бойынша құрастырылған портрет (тер) мен бейне ұқсастығы анықталды.

Көрсетілген сәйкес қылмыстар бойынша шұғыл-іздестіру шараларын _________________________________________________________ ______________________________________________________________________

(бөлімше аты)

бірлесіп жүргізіңіздер.

(сыртқы беті)

```
________________________                         _________________________
|                         |                       |                          |
|                         |                       |                          |
|                         |                       |                          |
|                         |                       |                          |
______________________          _______________________
```

19__ж.______________ 19__ж._____________

N ______ СП-ің фотосуреті N ________ СП-ің фотосуреті

Тексеруді жүргізген (қолы)

КСБ-нің Бастығы (қолы)

19__ж.____________

Нұсқауға 11 қосымша

__________________________________________

__________________________________________

____________________КС-нің бастығына

Қылмыс түрі _____________________________________________________ бойынша құрастырылған ______________________________________________ ________________________________________________________________________

(қашан, КСБ-нің аты, маманның, суретшінің фамилиясы, аты-жөні)

________________________________________________________________________

N ______ субъективті портретті (терді), қылмыстың

ашылуына байланысты, картотека есебінен шығаруды сұраймын.

Портретті пайдалану үстінде қолданылған техникалық құралдар ______________________________________________________

_______________________________________________________________

(теледидар, фототелеграф, іздестіру плакаттары т.б.)

Субъективті портрет бойынша іздеудегі ______________________
______________________________________________________анықталды.

(фамилиясы, аты-жөні, туған жылы)

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
| |
| Іздеудегінің |_____________________________________________
| анфастық | (іздеушіні анықтаған қызметкердің
| фотосы |_____________________________________________
________________ жұмыс орны, қызметі, фамилиясы, аты-жөні)

Бастық ________________________________________

(шұғыл-істер бөлімінің аты)

19__ж. ___________________

Нұсқауға 12 қосымша

______________________картотекаға (коллекцияға)

(аты)

**салынған нысандардың тіркеу Журналы**

| Рет N | Түскен күні, айы, жылы | Нысанды жіберген ішкі істер мекемесі | Нысандардың саны | Қылмыстың түрі, оның жасалған уақыты қылмыс ісінің номері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| Нысанның тіркелу формуласы, индексі, калибрі т.с.с. | Нысан тексеруге қайда жіберілді | Анықтаманың номері, күні, айы, жылы тексеру нәтижесі | Нысанды картотекадан (коллекциядан) шығару себебі, күні, айы, жылы | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Нұсқауға
13 қосымша

**Криминалистикалық-сараптау бөліміне тексеру және қорға қосу үшін жіберілген медициналық жалған рецептердің есептеу Журналы**

| Рет N | Рецепті КСБ-не жіберген күні, айы, жылы | Рецепт қай медициналық мекеме атынан жазылған | Дәрігердің фамилиясы, аты-жөні | Аурудың фамилиясы аты-жөні |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| Рецепті тәргілеудің қысқаша мән жайы,тәргіленушінің фамилиясы, аты-жөні | Тексерудің нәтижелері: рецепті жазған кісі анықталды (фамилиясы,аты-жөні | Тексерудің нәтижелері: қордағы(рет N рецептің қолжазбасымен біріктірілді | Рецептің қордан шығарылу себебі, айы, жылы | Ескерту |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Нұсқауға
14 қосымша

Криминалистикалық-сараптау бөліміне қолжазба үлгілері жіберілген адамдардың есеп Журналы

| Рет N | Фамилиясы, аты-жөні | Адам жайлы қысқаша мәліметтер (нашашы|полинашашы,есірткі заттарды пайдаланбайды) | Жіберілген уақыты және құжаттардың тізімі (өз өмірбаяны, түсініктемесі т.с.с.) |
| --- | --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| Тексерудің нәтижелері | Үлгілерді қордан шығару | Ескерту |
| --- | --- | --- |

| (анықталған рецептің, N және ол кім атына тол. тырылған) | рет себебі, | күні, айы, жылы |
|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 |

Нұсқауға
15 қосымша

Криминалистикалық-сараптау бөліміне түскен медициналық жалған рецептердің есеп Журналы

| Рет NN | Рецепті жіберген мекеме күні,айы, жылы | Дәрігердің фамилиясы, аты-жөні | Аурудың фамилиясы аты-жөні | Дәрі-дәрмектің аты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| Кодтың рет N | Тексерілген күні, айы, жылы | Қолжазбаның коды жылы | Тексерудің нәтижелері | Рецепті қолдан шығару себебі, айы, жылы | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

Нұсқауға
16 қосымша

**Медициналық жалған рецептер жасап жүргендердің криминалистикалық-сараптау бөліміне түсетін қолжазба үлгілерін есептеу Журналы**

| Рет NN | Қолжазба үлгілерін жіберген мекеме күні, айы, жылы | Қолжазба үлгісінің егесі (фамилиясы, аты-жөні) олардың тізімі | Қордың рет N | Қолжазбаның коды |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| Тексерілген күні, айы, жылы | Тексерудің нәтижелері | Қолжазба үлгілерінің қордан шығарылу себебі күні, айы, жылы | Ескерту |
|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 |

Нұсқауға
17 қосымша

**Анықтағыш коллекцияға түскен отты қаруларды тіркеу**
**Журналы**

| Инвентарь N | Қарудың түрі, үлгісі калибрі және зауыттық номері | Коллекцияға түскен күні,айы, жылы жол.дама құжаттың кіріс номері | Қайдан келіп түсті |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| Қарудың техни.калық қал-жайы | Қаруды коллекциядан шығару себеі, күні, айы, жылы | Коллекциядан шыға.рылған қару қайда жіберілді, жолдама құжаттың шығыс N | Ескерту |
|---|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 | 8 |

Нұсқауға
18 қосымша

**Оқ-дәрі анықтағыш коллекциясына түскен патрондарды тіркеу**
**Журналы**

| Рет N | Патрондардың түрі жүйесі, калибрі | Коллекцияға түскен күні, айы, жылы | Оқ-дәрілер қайдан келіп түсті |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

____________________________________________________________________

Коллекцияға салын.|Патрондардың коллек.|Патрондар қайда |Ескерту
ған патрондар саны|циядан шығарылу се. |жіберілді, шығыс|
|бебі,күні,айы,жылы |құжатының N |

____________________________________________________________________

5 | 6 | 7 | 8

____________________________________________________________________

Н ұ с қ а у ғ а
1 9 қ о с ы м ш а

(145х200 мм көлемде)

**Анықтағыш коллекцияға түскен қарудың**
**Тіркеу карточкасы**

инвентарь N ___________

1.________________________________________________________________

(қарудың түрі, жүйесі, үлгісі, калибрі, зауыттық номері)

2. Ойықтарының бағыты, саны________________________________________

3. Қарудың техникалық қал-жайы______________________________________

4. Коллекцияға қойылды_____________________________________________

(күні, айы, жылы)

5. Келіп түсті_______________________________________________________

(қай жерден түсті)

жолдама құжатпен_____________________________________________

(кіріс N, қайда тігілді)

6. Қару коллекциядан шықты___________________________________________

(күні, айы, жылы)

себебі__________________________________________________________

қайда жіберілді__________________________________________________

____________________________________________________________________

шығыс құжаты____________________________________________________

(номері, күні, айы, жылы)

Карточканы толтырушы______________________

Н ұ с қ а у ғ а
20 қосымша

**Анықтағыш коллекцияға түскен қаруды беру**
**Ж у р н а л ы**

____________________________________________________________________

Рет|Берілген күні,|Қарудың аты (түрі|Қандай мақсат|Қаруды алушы
NN | айы, жылы |жүйесі, үлгісі, |үшін берілді |(қызметі, фами.
| |калибрі, зауыттық| |лиясы, аты-жөні)

| | номері) | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|

| Қаруды алушының қолы | Қару қайтарылды (коллекцияларға жауапкердің қолы, күні, айы,жылы | Ескерту |
|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 |

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің
1993 жылғы 31 мамырдағы
N 210 бұйрығына сәйкес

**Қазақстан Республикасы ІІМ мамандық-сараптау комиссиясы туралы Ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Мамандық-сараптау комиссиясы <*> Қазақстан Республикасы Криминалистикалық-сараптау басқармасының (КСБ) жанынан құрылады.

Ескерту. <*> Әрі қарай комиссия

1.2. Комиссияның бастығы - Қазақстан Республикасы ІІМ Криминалистикалық-сараптау басқармасының бастығы болады. Ол комиссияның құрамын белгілейді және министрдің кураторлық етуші орынбасарына бекітуге ұсынады.

1.3. Комиссия өз жұмысында қылмыс істер жүргізу заңын, ішкі істер мекемелері криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің жұмысы жайлы Нұсқауын (Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 1993 ж. N 210 бұйрығындағы, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің мөлшерлеу актілерін (бұның ішінде ТМД мемлекеттері мен шарттарын), сондай-ақ Ережені басшылыққа алады.

1.4. Комиссияның іс жүргізуін оның хатшысы атқарады.

1.5. Комиссия жұмысын материалдық-техникалық жағынан қамтуды Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Криминалистикалық-сараптау басқармасы іске асырады.

**2. Негізгі міндеттер**

2.1. Ішкі істер мекемелері үшін сарапшы кадрларын даярлау.

2.2. Ішкі істер мекемелерінің сарапшыларының кәсіби шеберліктерін арттыру.

2.3. Сараптау орындарының жұмысына енгізілген, айғақты заттарды сараптау мен зерттеу практикасындағы қазіргі ғылыми-дәлелденген әдістемелерді тура

пайдалануды қадағалау.

2.4. Сарапшы кадрларына деген білгірлік талаптарды қалыптастыру.

### 3. Міндетті істері

3.1. Сарапшылардың кәсіби дайындық халдерін бақылау.

3.2. Аймақтық (негізгі) криминалистикалық-сараптау орындары мен Қазақстан Республикасы ІІМ-нің криминалистикалық-сараптау басқармасында мерзімді сынақтан өтуге талапкер сарапшылардың сараптау жүргізу хұқын алуын ұйымдастыру жайлы ұсыныстар енгізу.

3.3. ІІБ, ТІІБ-сы криминалистикалық-сараптау бөлімдеріне, олардың сараптау жүргізу құқын алуға талапкер сарапшылардың оқыту жиындарын өткізіп тұруына көмектесу.

3.4. Сарапшыларға сараптау жүргізу құқын беру жайлы мәселелерді шешу үшін жергілікті мәжілістерде емтихандар алу.

3.5. Сарапшыларды мерзімді сынаққа шақыру мен сараптау жүргізу құқын беру мәселелерін шешу үшін, комиссияға жіберілген сараптау актілерінің копияларын сипаттауды ұйымдастыру.

3.6. Сарапшыларға сараптау жүргізу құқын беруді шешу үшін криминалистикалық-сараптау орындары басшыларының комиссияға жіберген сипаттамасын, өтінішін және басқа материалдарын талқылау.

3.7. Сарапшыларға сараптаулар мен зерттеулердің мына рұқсат етілген түрлерін жүргізуге құқық пен белгіленген үлгідегі куәліктер беру: суық қарулық, дактилоскопиялық, трассологиялық, баллистикалық, қолжазбалық, құжатты портреттік, құжаттарды техникалық зерттеулік, құжаттар материалын зерттеулік, авторлық, өрт-техникалық, жарылыс-техникалық, биологиялық, автотехникалық, азық-түліктік, бұйымдардағы өзгертілген және жойылған номерлерді, нашақорлық және әсері күшті құралдарды, арнайы химиялық заттарды, талшық пен талшықты материалдарды, лак-бояу материалдарды және бүркеме-бояуды, металдар мен ерітінділерді, нефтөнімдерді, атыс продуктыларын, әйнек пен керамика, пластмасса мен резина, фоноскопиялық (сөз фонограммасы бойынша жеке кісіні ұқсастыру), магнитті фонограмманы техникалық зерттеу, видеофоноскопиялық, жарылғыш заттарды, белгілі құрылымдағы зиянсыздалған жарылғыш жабдықтар .<*> Сарапшылар осыдан,өзіне тиістілерін Қазақстан Республикасы ІФІМ-нің КСБ-да мерзімді сынақтан өткенде үйренуі және меңгеруі шарт.

Ескерту. <*> Сараптау мен зерттеу түрлерінің тізімі шектелмейді, заттай айғақтарды зерттеудің жаңа әдісін меңгерген сайын кеңейтілуі мүмкін.

3.8. Сарапшыларды сараптау жүргізу құқынан айыру туралы мәселелерді қарау .

3.9. Ішкі істер мекемелерінің сарапшылары дайындықпен және қайта

дайындықтан өтіп жатқан оқу орындарына ұйымдастыру-әдістемелік басшылық көрсету.

**4. Комиссияның жұмыс тәртібі**

4.1. Комиссия бастығының немесе оның орынбасарының басшылығымен жүйелі түрде (әр тоқсанда кем дегенде бір рет) мәжіліс өткізіп тұрады.

4.2. Комиссия мәжілісі өз құрамының жартысынан кем болмағанда ғана заңды деп саналады.

4.3. Комиссия шешімі көпшілік дауыспен қабылданып, хаттамамен бекітіледі, оған басқарушы мен комиссияға қатысқан мүшелер қолдарын қояды.

4.4. Комиссия мәжілісіне дайындалған материалдар, оның мүшелеріне мәжілістен бес тәулік бұрын танысуға жіберіледі. Бұл міндетті комиссия хатшысы атқарады.

**5. Сарапшыны комиссияға шақырып, оған сараптау жүргізу құқын беру жайлы комиссия қарауына жіберілетін материалдар тізімі**

5.1. ІІБ, ТІІБ-сы криминалистикалық-сараптау бөлімшелері басшыларының өтініші.

5.2. Сараптау жүргізу құқын алудан үміткер сарапшы туралы мәліметтер.

5.3. Сарапшының ІІБ, ТІІБ-ның КСБ-нен алғашқы мерзімді сынақтан өткені жайлы қорытынды.

5.4. ІІБ, ТІІБ-сы КСБ-мі емтихандау комиссиясының мәжілісінің хаттамасы.

5.5. Сарапшы құқық алудан үміттенген сараптаулардың әрбір түрі бойынша актілерінің бестен кем емес копиялары (суреттаблицаларымен бірге).

5.6. Сараптау жүргізуге құқық берген бұрынғы куәлік (егер ол бар болса).

**6. Сараптау жүргізу хұқын беру туралы мәселені қарағанда ескерілетін мәліметтер**

6.1. Сараптау қызметіндегі жұмыс мерзімі.

6.2. Білімі туралы мәліметтер.

6.3. Сараптаудың осы түрі үшін ұсынылған заттай айғақтарды зерттеу әдістемелерінің дағдыларын меңгергендігі.

6.4. Тиісті сараптауларды жүргізу үшін техникалық құралдарды пайдалана білуі.

6.5. Сараптау актісін жазғанда зерттеу нәтижелерін баяндау сапасы ( толықтығы, бір іздiлігі, сауаттылығы).

6.6. Сараптау актілеріне қосылып жіберілген көрнекі материалының сапасы.

**7. Комиссия хұқықтары**

7.1. Сарапаттау жүргізудің бір немесе бірнеше түрінен құқық беру.

7.2. Сараптау жүргізудің бір немесе бірнеше түрінен құқық беруден бас тарту.

7.3. Шешім қабылдауға қажетті құжаттар болмаған жағдайда, материалдарды

қарауды кейінге қалдыру.

7.4. Сараптаудың бір немесе бірнеше түрін жүргізу құқынан айыру.

## 8. Сараптау жүргізу құқы жайлы куәлікті дайындау

8.1. Сараптау жүргізу құқын беру туралы куәлік белгілі үлгідегі бланкке толтырылады. Сараптау жүргізу құқын беру туралы жазулар Комиссия бастығы мен хатшысының қолы қойылып расталады, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің елтаңбалы мөрі басылып бекітіледі.

8.2. Куәліктер мен олардағы жазуды тіркеуді арнайы журналда Комиссия хатшысы жүргізеді.

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мамандық-сараптау комиссиясының**

**Құрамы**

1. Төрағасы:
Қазақстан Республикасы ІІМ криминалистикалық-сараптау басқармасының бастығы.

2. Төрағасының орынбасарлары:
Қазақстан Республикасы ІІМ криминалистикалық-сараптау басқармасы бастығының орынбасары (әдеттегі криминалистикалық-сараптаулар бойынша);
Қазақстан Республикасы ІІМ КСБ-сы бастығының орынбасары.

3. Комиссия мүшелері:
Қазақстан Республикасы ІІМ КСБ-сы анықтау, бақылау және хабарлама бөлімінің бастығы;
Қазақстан Республикасы ІІМ КСБ-сы химия-биологиялық зерттеу бөлімінің бастығы;
Қазақстан Республикасы ІІМ КСБ-сы физика-техникалық зерттеу бөлімінің бастығы;
Қазақстан Республикасы ІІМ КСБ-сы баллистикалық, трассологиялық және дактилоскопиялық зерттеу бөлімінің бастығы;

Қазақстан Республикасы ІІМ КСБ-сы ғылыми-зерттеу бөлімінің бастығы;
Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы Жоғарғы мектебінің криминалистикалық және соттық-сараптау кафедрасының бастығы;

4. Комиссияның хатшысы:
Қазақстан Республикасы ІІМ КСБ-сы бақылау және хабарлама, анықтау бөлімнің бастығының орынбасары.

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің
1993 жылғы 31 мамырдағы
N 210 бұйрығына сәйкес

**Қылмыспен күресте ғылыми-техникалық құралдар мен әдістерді (ҒТҚӘ) меңгеру және қолдану жайлы басқарушы құрамдары, шұғыл-іс қызметкерлері және тергеушілері үшін Мамандық талаптар**

**1. Қалауджел мекемелерінің тергеу бөлімшелерінің бастықтары, олардың орынбасарлары мыналарды**

Білуге міндетті:

- кезекші бөлімшесіне хабар түскен сәттен бастап оқиға орынын қарауды ұйымдастыру мен керекті әдістемелерді, криминалистикалық және басқа техниканы, қолда бар байланыс құралдарын пайдаланып, кідіртуге болмайтын тергеу қимылдары мен шұғыл-іздестіру шараларын іске асыруды;
- криминалистикалық-сараптау лабораторияларының, мәлімет орталықтарының, автоматты мәлімет іздеу жүйелерінің, шұғыл-анықтаудың, криминалистикалық есептер мен коллекциялардың, оларды қылмыстың алдын-алуға, ашуға және қылмыскерді іздеуге пайдалану мүмкіндіктерін;
- қылмыстарды алдын-ала тергеу мен тергеу кезінде ҒТҚӘ-ді пайдалану практикасын, осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы ІІМ-нің талаптарын дәл орындаудың бақылау жүйесін;
- Қазақ КСР-сы ҚПК-нің 58;61-1;61-2 баптарын.

Істей алуға міндетті:

- оқиға орнын қору және тиісінше техника мен жабдықталған тергеу-шұғыл-іс топтарының уақтылы шығуын қамтамасыз етуді; кідіруге болмайтын тергеу қимылдары мен іздестіру шараларын жүргізуді; барлық шұғыл және криминалистік құралдарды, істеп тұрған автоматтық мәліметтік іздестіру жүйені (АМІЖ-ні) және есептер жүйесін іске жегуді;
- тергеу-шұғыл-іс тобының құрамында оқиға орнын қарауды жеке-өзі ұйымдастыруды, қылмыскерлерді анықтау үшін жинақы күштер мен құралдарды

іске қосуды, құзырындағыларға жедел және криминалистикалық техниканы қолдану мәнісін көрсетуді.

**2. Тергеу аппараты қызметкерлері мыналарды**

Б і л у г е м і н д е т т і :

- оқиға орындарын қарау үшін ыңғайландырылған чемодандағы бұйымдар мен құралдарды оқиға орындарындағы іздерді іздеп-табу-алу үшін қолданылатын әдістемелерді; тінту мен тағы басқа тергеу қимылдарын жүргізгенде басқа да техниканы пайдалануды;

- мамандануларымен санаса тұрып толық құрамдағы тергеу шұғыл-іс тобының жұмысын ұйымдастыру жүйесін; тікелей оқиға орнында шұғыл-іздестіру мәліметтерін алу мақсатында іздерді, мөлтек нысандарды және басқа заттай аймақтарды алдын-ала зерттеу жүргізудегі КСБ-рі қызметкерлерінің мүмкіншіліктерін;

- оқиға орындарын қарау үшін чемоданға салынған бұйымдарды; жылжымалы криминалистикалық лабораторияның арнайы техникалық құралдарын, олардың практикалық қолданылуын;

- оқиға орнындағы суретке түсіру тәсілдерін; фототаблицаларды жасауды; суреттердің дәлдік маңызын;

- іздердің, мөлтек нысандардың және басқа заттай айғақтардың сақталу ережесін; оларды тиісті картотекалар мен коллекцияларға салу үшін жіберу және АМІЖ-нің қорын құру тәртібін;

- криминалистикалық есептер мен коллекциялардың, сондай-ақ АМІЖ-нің түрлерін, олардың мақсатын және қылмыстарды ашу мен тергеудегі практикасын ;

- сараптаулардың түрлерін, олардың мақсаттарын, қылмыс істерін атқару заңының талаптарына сәйкес жүргізілуі мен айғақтық (дәлелдік) маңызын;

- сараптау мекемелерінің аймақта бар болуын, тиісті зерттеулердің басқа мекемелер мен ұжымдарда жүргізілуі мүмкіндіктерін;

- Қазақ ҚСР-сы ҚПК-нің 58; 61-1; 61-2 баптарын,

І с т е й а л у ғ а м і н д е т т і :

- мамандануларымен санаса тұрып толық құрамдағы тергеу-шұғыл-іс тобында қатысушылардың жұмысын ұйымдастыруды, оқиға орнында іздер мен басқадай заттай айғақтардың алдын-ала зерттелу міндеттерін және нысандарын анықтауды ;

- оқиға орнын қарағанда іздерді және заттай айғақтарды іздеу-табу-алу үшін ыңғайландырылған чемодандағы техникалық құралдарды пайдалануды, қылмыс-істерін жүргізу заңының талабына сәйкес заттарды бұйып-түюді;

- криминалистикалық фотографияның ережесі бойынша оқиға орнының жағдайын, табылған іздер мен заттай айғақтарды суретке түсіруді;

- ұрланған заттарды, қылмыс қаруларын тағы басқа іздерді іздеп-табу, сондай-ақ осы қимылдардың барысын, нәтижесін бекіту мақсатында, тінту, тәжірибе тағы басқа тергеу қимылдарын жүргізгенде криминалистикалық техниканы пайдалануды;

- жауап алғанда және басқа тергеу қимылдарын жүргізгенде магнит таспасына жазуды;

- тауып алынған іздер мен заттай айғақтар бойынша сараптаудың қай түрін тағайындау керектігін анықтауды; сарапшы зерттеуі арқылы шешілетін сұрақтарды жұптауды.

**3. Шұғыл-іс қызметкерлері мыналарды**

Білуге міндетті:

- ішкі істер мекемелері шұғыл-іс қызметі қолындағы шұғыл-іс және криминалистикалық техниканың тактикалық-техникалық мәнсипатын, оның жедел-іздестіру шараларында қолданылу есебін;

- ішкі істер мекемелері криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің мәлімет орталықтарының, АМІЖ-ның, жедел-анықтаулардың, криминалистикалық есептер мен коллекциялардың мүмкіншіліктерін, олардың қылмыстарды анықтаудағы, ашудағы және қылмыскерлерді іздестірудегі құрылу мен пайдалану тәртібін;

- оқиға орнын қараудың тактикасын; іздерді іздеп-табуға, бекітуге және алып-кетуге арналған ыңғайландырылған чемодандағы техникалық құралдарды; тікелей оқиға орнында іздерді, мөлтек нысандарды, тағы басқа заттай айғақтарды маманның алдын-ала зерттей алу мүмкіндіктерін;

- шұғыл-іс қызметкерлерінің тапсырмалары бойынша орындалатын криминалистикалық зерттеулердің түрін;

- елітетін заттарға шапшаң талдау жасау тәсілдерін және оларды жасайтын құралдарды;

- ұрлықтың әр түрімен күресте арнайы химиялық заттарды (АХЗ) қолдану мүмкіншіліктерін;

- Қазақ КСР-сы ҚПК-ның 58, 61-1;61-2 баптарын.

Істей алуға міндетті:

- ішкі істер мекемелері шұғыл-іс қызметтері өз қолдарындағы жедел және криминалистикалық техниканы қылмыстарды анықтау, ашу және қылмыскерлерді іздестіру шараларында қолдануды;

- оқиға орнын қарағанда іздерді, мөлтек нысандарды, тағы басқа заттай айғақтарды іздеп-табу, бекіту және алып-кету үшін техникалық құралдар мен криминалистикалық әдістерді пайдалануды, сол орынды суретке түсіруді.

- қылмыскерлерді іздестіруде іздердің оқиға орнында алдын ала зерттелу нәтижелерін пайдалануды;

- ізделінушінің субъективтік портретінің жасалуын ұйымдастыруды және сыртқы белгілерінің сипаты, суреттері; субъективтік портреттері бойынша адамдардың ізделуін жүргізуді;

- құжаттардың жалған белгілерін (өшіру, химиялық өңдеу, қосып жазу, фотокарточканы алмастыру, жалған мөр мен штамп дақтарын) ажырата білуді;

- шұғыл-іздеу және басқа істер бойынша, криминалистикалық зерттеулердің сұрақтарын жұптауды, олардың нәтижелерін жедел-іздестіру жұмысында пайдалануды;

- құнды материалдар шоғырланған нысандарды АХЗ қойылған арнайы жабдықтар орнату мен бекітуді (блокировка) ұйымдастыруды.

**4. МАИ қызметкерлері мыналарды**

Білуге міндетті:

- автотранспорт жүргізушілерінің елітетін заттан және алкогольден масаңдығын алдын-ала анықтауға арналған техникалық құралдарды және оларды пайдаланудың мүмкіндіктерін; шапшаң-талдау жасаудың тәртібін, оның нәтижелерін өз жұмысына өзек етуді;

- автотранспортқа егелік ету, оны жүргізу мен пайдалану құқы жайлы құжаттардың жасанды белгілерін, жүктерді тасу құжаттарын тексеру әдісін;

- криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің, шұғыл-анықтамалардың, криминалистикалық есептердің лак-сыр жапқыштар, фар шынылары тағы басқа нысандар коллекцияларының мүмкіндіктерін, оларды жол-транспорт оқиғаларына, автотранспорт құралдарын ұрлау, айдап кетулеріне байланысты істерді тергеуде пайдалануды;

- автоинспектор чемоданындағы, жылжымалы криминалистік лабораториядағы әдейі арналған техникалық құралдар мен бұйымдарды; тергеу-шұғыл-іс тобы келгенше жол-транспорт оқиғасы (ЖТО) болған жердегі іздер мен басқадай заттай айғақтарды сақтау ережесін;

- адам шығыны болмаған жол-транспорт оқиға орнын, сондай-ақ шанақ пен қозғалтқыштағы таңба-белгілерін анықтау мақсатында автотранспорт құралдарын қарау тәртібін;

- жол-транспорт оқиғалары орындарындағы іздерді, басқа заттай айғақтарды іздеп-табу, бекіту, алып-қайту үшін маи автоинспекторының чемоданындағы техникалық құралдарды қолдану әдістемелерін; ЖТО-ның әйгілі жағдайларында пайда болған іздер жиынтығын, олардың орналасуын және оқиғаны зерттеудегі маңызын.

Істей алуға міндетті:

- автотранспорт жүргізушілерінің алкогольден және елітетін заттан масаңдығын алдын-ала анықтау үшін техникалық құралдарды қолдануды;

- автотранспортқа егелік ету, оны жүргізу мен пайдалану құқы және

тасылатын жүктер жайлы құжаттарды жасандылық белгілерді криминалистикалық құралдардың жәрдемі мен анықтауды;

- криминалистикалық фотография ережелеріне сәйкес жол-транспорт оқиға орындарының жай-жапсарын суретке түсіруді;

- қылмыс ісін жүргізу заңының талаптарына сәйкес, ЖТО-ын карауды атқарғанда іздерді, тағы басқа заттай айғақтарды тауып-алу, және алып-қайту үшін техникалық құралдарды қолдануды;

- автотехникалық сараптау жүргізуді тағайындауды.

**5. Милицияның учаскелік инспекторлары мыналарды**

Білуге міндетті:

- тергеу-шұғыл-іс тобы келгенше оқиға орнын сақтау жайын ұйымдастыруды; кейбір қатардағы қылмыстар бойынша оқиға орындарын өзінше қараудың тәртібін;

- оқиға орнын қарау үшін ыңғайландырылған чемоданның ішіндегі бұйымдарын;

- үйде өндірілген спирт ішімдіктері жайлы сараптау мен зерттеуді тағайындау жүйесін;

- ұрлықтар мен күресте пайдаланылатын АХЗ-дың құрылыс түрлерін;

- құжаттарды жалғандық белгілерін, олардан қорғаудың маңызын;

- ішкі істер мекемелері криминалистикалық-сараптау бөлімдерінің заттай айғақтарды зерттеу мен криминалистикалық есептерді жүргізу мүмкіндіктерін;

- соттық сараптаудың заттай айғақтарды зерттеудегі мүмкіндіктерін.

Істей алуға міндетті:

- тергеу-шұғыл-іс тобы келгенше оқиға орнын қоруды қамтамасыз етуді;

- оқиға орнын карауды, ондағы жағдайларды суретке түсіруді, іздер мен заттай айғақтарды іздеп-табу, бекіту, тауып-алу үшін техникалық құралдарды пайдалануды;

- үйде өндірілген спирт ішімдіктері бойынша зерттеу (сараптау) тағайындалатын тұста сұрақтар жұптауды;

- құнды материалдар тоғайласқан әрбір нысандарға АХЗ құрылымындарын орналастыруды;

- АХЗ-дың әрекетіне ұшыраған адамдардан, іздерін табу үшін ультракүлгін сәуле түсіргішті іске қосуды;

- паспорттар мен басқа құжаттардағы өшіру, химиялық өңдеу (жуу), қосып жазу, фотокарточканы алмастыру, жалған мөр мен штамптың дақтарын ажырата білуді.

**6. Кезекші бөлімшелер қызметкерлері мыналарды**

Білуге міндетті:

- маман-криминалистердің оқиға орындарын қарауға қатысуы міндетті деп табылған қылмыс бойынша тізімді;

- оқиға орнын қарауды және барлық шұғыл-қимылдар мен криминалистикалық құралдарды, істеп тұрған АМІЖ-ді, басқадай есептерді ізді суытпай қылмысты ашуға жұмылдыру үшін тергеу-шұғыл-іс тобының толық құрамда аттануын қамтамасыз ету тәртібін;

- оқиға орнын қоруды ұйымдастыру талаптарын;

- шұғыл-анықтамалардың, криминалистикалық есептердің және коллекциялардың түрлерін, олардың мақсатын және қылмыстарды ашу мен тергеуде пайдалану тәртібін;

- әр сала қызметкерлеріне жедел және криминалистикалық техниканы беру жолын, оның тергеу және шұғыл-шараларға жегілу есебін;

- АХЗ-тар мен бекітілген нысандардың есебін жүргізуді; АХЗ-нтың әрекетіне ұшыраған адамдарды іздеуді ұйымдастыру.

Істей алуға міндетті:

- оқиға орнын қоруды, оқиға орнын қарау және қылмысты ашу үшін тергеу-шұғыл-іс тобын толық құрамда аттандыруды ұйымдастыруды; сырт пішіндерінің сипаты, фотосуреттері, субъективті портреттері бойынша күдіктілерді іздеу үшін күш-құралдарды жұмылдыруды;

- жедел және криминалистикалық техниканың іске дайындығын тексеруді; оның жеңіл ақауларын түзетуді;

- заңда белгіленген тәртіпке сай күдіктілерді суретке түсіруді және дактилоскопиялауды (саусақ бедерлерін түсіруді);

- тірі жандағы және бұйымдағы АХЗ-дың іздерін іздеу үшін ультракүлгін сәуле түсіргішті пайдалануды;

- дүкендерден тағы басқа құнды материалдар шоғырланған орындардан ұрлық жасалғанда АХЗ-дың әрекетіне ұшыраған адамдарды іздестіруді;

- кісінің денесіндегі және киімдеріндегі металл бұйымдарды тауып алу үшін ықшамды металл іздегішті іске қосуды.

*Қазақстан Республикасы ІІМ криминалистикалық-сараптау басқармасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК